

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ

**ЖАҢА ҚОҒАМДАҒЫ
ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУЕТІ:
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ САПАСЫ**

*Абу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған
XVI жооішілік студенттер ғылыми конференциясының
материалдары*

**ПОТЕНЦИАЛ МОЛОДЕЖИ
В НОВОМ ОБЩЕСТВЕ:
КАЧЕСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ**

*материалы
XVI внутривузовской студенческой научной конференции,
посвященной 1150-летию Абу Насыра аль-Фараби*

В ТРЕХ ТОМАХ

ТОМ 3

Павлодар
2020

УДК 001
ББК 72
Ж 26

Жалпы редакция: химия ғылымдарының докторы, профессор А. Нухұлы
Жауапты редактор: ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар
жөніндегі проректор С.В. Мурзакулов

Под общей редакцией доктора химических наук, профессора А. Нухулы
Ответственный редактор: проректор по научной работе и международным
связям ПГПУ С.В. Мурзакулов

- Ж 26 **Жаңа қоғамдағы жастардың әлеуеті: білім және ғылым сапасы:** Абу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған XVI жооішілік студенттер ғылыми конференциясының материалдары = **Потенциал молодежи в новом обществе: качество образования и науки:** материалы XVI внутривузовской студенческой научной конференции, посвященной 1150-летию Абу Насыра аль-Фараби / Под общ. ред. А. Нухулы; отв. ред. С.В. Мурзакулов. – В 3 томах. – Т. 3. – Павлодар: ПГПУ, 2020. – 314 с. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-267-641-9

В сборник вошли лучшие доклады студентов и школьников на XVI внутривузовской студенческой научной конференции по проблемам естественных, технических, социально-гуманитарных наук.

УДК 001
ББК 72

ISBN 978-601-267-641-9

МАТЕМАТИКА

И.Қ. Жанабек

*Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.
Ғылыми жетекші: педагогика ғылым. канд., профессор Б.А. Найманов*

АЛГЕБРАДАҒЫ СТАНДАРТТЫ ЕМЕС ЕСЕПТЕР

Оқушылардан әртүрлі мәселелерді «ақыл-ой тұрғысынан» шешуді талап ететін логикалық сипаттағы қиындықтар күшейе түсті. Оқу пәндерін ойдағыдай меңгеру көбінесе мектеп оқушыларының математикалық дайындық деңгейіне байланысты болады. Қиындықтың жоғарылауы, стандартты емес есептерді шешуде математикаға қызығушылық танытатын балаларды оқытудың белгілі бір жүйесі көрініс табуы керек. Біз осы жүйенің кейбір тиісті ерекшеліктерін атап көрсетеміз:

1. Оқушылардың тек стандартты емес міндеттерді шешу үшін ғана емес, ең бастысы, математиканы және басқа да жоғары сыныптардағы пәндерді оқу кезінде кейінгі жалпылау үшін қажетті нақты-практикалық тәжірибені жинақтауына жан- жақты ықпал ету керек.

2. Оқушылардың бірқатар фактілерді салыстыру негізінде өздерінің «жорамалдарын», ойларын жеткізе білуге үйрету. Басқаша айтқанда, толық емес индукцияға сүйене отырып, өз гипотезасын алға қою.

3. Қарапайым жағдайларда барлық мүмкін жағдайларды толық іздеу арқылы белгілі есептің дұрыстығын дәлелдеу мүмкіндігі. Немесе оларды қарсы мысалмен теріске шығару.

4. Оқушылардың аса маңызды математикалық түсініктерін қалыптастыру бойынша тұрақты, мұқият жоспарланған жұмыс.

Стандартты емес жаттығулар, сондықтан мұндай жаттығулар тұрақты оқулық жаттығулар жүйесіне қосымша болып табылады. Ең қиын тапсырмалар математикалық олимпиадалар, стандартты емес тригонометриялық теңдеулер, диофант теңдеулері, конкурстар және т. б. талаптарының деңгейіне сәйкес келеді.

Жүйенің маңыздылығын нақты тақырып бойынша келесі тапсырмаларды шешу мысалымен түсіндірейін. [1, с. 16]

Олимпиада есептері

1. Төмендегі теңдіктегі әріптердің орнына қандай цифрлар қойғанда дұрыс болады:

$$(AX)^A = BAX ?$$

Шешуі: Теңдіктің сол жағындағы санның негізі (AX) – екі таңбалы сан, ал оң жақ бөлігі BAX – үш таңбалы сан, екіншіден, дәреже көрсеткіші болып есептелетін A саны 1-ге тең бола алмайды. Өйткені $A = 1$ болғанда, теңдік дұрыс болмайды. $A < 3$ десек, екі таңбалы санның

кубы 1000-нан асып кетеді. Ендеше, $A = 2$ деуге болады. Сондай-ақ AX және BAH сандарының соңғы цифрлары бірдей. Бұл $X = 5$, $X = 6$ ($5^2 = 25$, $6^2 = 36$) болғанда дұрыс. Сонымен, есеп шарты орындалу үшін 25^2 немесе 26^2 болуы керек. Есепті қосымша тексеріп, талдай келе $25^2 = 625$ саны ғана есеп шартын қанағаттандыратынын байқаймыз.

2. n санының кез келген мәнінде мына теңсіздіктің бұрыс болатындығын дәлелдеу керек:

$$\left(1 + \frac{1}{3}\right) \cdot \left(1 + \frac{1}{8}\right) \cdot \left(1 + \frac{1}{15}\right) \cdot \left(1 + \frac{1}{24}\right) \cdot \dots \cdot \left(1 + \frac{1}{n^2 + 2n}\right) < 2$$

Шешуі: Шарт бойынша көбейтіндіні

$$\frac{4}{3} \cdot \frac{9}{8} \cdot \frac{16}{15} \cdot \frac{25}{24} \cdot \dots \cdot \frac{n^2 + 2n + 1}{n^2 + 2n}$$

немесе

$$\frac{2^2}{3} \cdot \frac{3^2}{2 \cdot 4} \cdot \frac{4^2}{3 \cdot 5} \cdot \frac{5^2}{4 \cdot 6} \cdot \dots \cdot \frac{n^2}{(n-1)(n+1)} \cdot \frac{(n+1)^2}{n(n+2)} = 2 \cdot \frac{n+1}{n+2}$$

түрінде жазамыз. $\frac{n+1}{n+2}$ өрнегі n -нің кез келген мәнінде 1-ден кем дұрыс бөлшек. Бұдан қарастырылған көбейтінді 2-ден кіші болады деген қорытынды шығады.

3. 1973 санын 1, 2, 3, ..., 999 сандарына көбейткенде шыққан сандардың соңғы үш цифры тең болмайтынын дәлелдеңіз.

Шешуі. Соңғы үш цифрды 1973 санын 1000-ға бөлгендегі қалдық ретінде де алуға болады. Көбейткіштер 1, 2, 3, ..., 999 сандарын a және b арқылы белгілеп, бөлінгіш, бөлгіш, бөлінді, қалдықтарды пайдаланып,

$$1973a - 1000q = r$$

$$1973b - 1000q_1 = r_1$$

Тендіктерін жазуға болады (q, q_1 – бөлінділер, r, r_1 – қалдықтар) r_1, r , – қалдықтарын өзара тең деп алайық, онда

$$1973a - 1000q = 1973b - 1000q_1$$

немесе

$$1973a - 1973b = 1000q - 1000q_1$$

шығады. Бұл арадан $1973(a-b):1000 = q - q_1$ деп жазуға болады. $q - q_1$ – бүтін сандар. Себебі $1973(a-b)$ саны 1000 санына бүтіндей бөлінуі керек. Ал $1 \leq a < 1000$, $1 \leq b < 1000$. 1973 саны жай сан. Бұл арадан r және r_1 қалдықтарының әр түрлі болатындығы шығады.

4. Кез келген нақты a, b, c және d сандары үшін

$$a^2 + b^2 + c^2 + d^2 \geq ab + ac + ad$$

теңсіздігінің дұрыс болатындығын дәлелденіздер.

Дәлелдеуі.

1-әдіс.

$$\begin{aligned} a^2 + b^2 + c^2 + d^2 - ab - ac - ad &\geq 0. \\ a^2 + \frac{a^2}{4} - ab + b^2 + \frac{a^2}{4} - ac + c^2 + \frac{a^2}{4} - ad + d^2 + \frac{a^2}{4} &\geq 0 \\ \left(\frac{a}{2} - b\right)^2 + \left(\frac{a}{2} - c\right)^2 + \left(\frac{a}{2} - d\right)^2 + \frac{a^2}{4} &\geq 0. \end{aligned}$$

2-әдіс. Берілген теңсіздіктің дұрыстығын дәлелдеу үшін алдын-ала $\frac{a^2}{3} + b^2 \geq ab$ теңсіздігінің дұрыс болатындығын көрсетеміз. Бұл теңсіздікті дәлелдеу үшін

$$\frac{a^2}{3} + b^2 \geq \frac{(a+b)^2}{2} \geq ab$$

болатындығын қарастыру жеткілікті:

$$\frac{a^2}{3} + b^2 - \frac{(a+b)^2}{2} = \frac{a^2 - 6ab + 9b^2}{12} = \frac{(a-3b)^2}{12} \geq 0$$

Мұнан әрі алғашқы теңсіздікті дәлелдеу үшін $\frac{a^2}{3} + b^2 \geq ab$ түріндегі үш теңсіздікті өзара қосу жеткілікті. Сонымен,

$$\frac{a^2}{3} + b^2 \geq ab, \quad \frac{a^2}{3} + c^2 \geq ac, \quad \frac{a^2}{3} + d^2 \geq ad,$$

теңсіздіктерін мүшелеп қоссақ, дәлелдейік дегеніміз шығады.

5. Қосындысы 498 k санына, ал бөліндісі бес санына еселік болатын үш таңбалы екі санды табу керек.

Шешуі. Ол сандарды a және b деп алайық және $a < b$ болсын. Шарт бойынша

$$100 \leq a < b < 1000, \quad b + a = 498k \quad \text{және} \quad b = 5a,$$

бұдан $6a = 498k$, $a = 83k$ ал $b = 415k$.

Біріншіден, $k \geq 2$, екіншіден, $k \leq 2$, ендеше $k = 2$.

Жауабы: 166 және 830.

6. Жүзден бастап он мыңға дейін үш бірдей цифрдан тұратын қанша бүтін сан бар?

Нұсқау. Егер ноль үш рет қайталайтын болса, онда тоғыз цифрдың бірі алдына жазылады. Егер сандағы $a \neq 0$ цифры қайталанса, онда b , $b \neq a$ басқа бір сан болғаны. Ол 9, 4, 9 болады. Сонымен барлығы 333 сан.

Жауабы: 333.

Әдебиеттер

1. Бартнев Ф.А. Нестандартные задачи по алгебре: пособие для учителей. – М.: Просвещение, 1976. – 40 с.
2. Ильясов М.Н. Сборник избранных задач математических олимпиад школьников: уч. пособие. – Павлодар: ПГПУ, 2009. – 182 с.
3. Ильясов М.Н. Павлодарские олимпиады школьников по математике XXI. – Павлодар: Ертiс Дарыны, 2010. – 300 с.
4. Ильясов М.Н. Павлодарские олимпиады школьников по математике XXI: учебное пособие. – Павлодар: ПГПИ, 2011. – 166 с.
5. «Математика және физика» атты ғылыми-әдістемелік журналдар. – №1-6. – 2008. – 2009. – 2010. – 2011.

А.М. Жумадилова

магистрант Павлодарского государственного педагогического университета, г. Павлодар

Научный руководитель: канд. пед. наук, профессор Т.И. Кадькалова

АКТУАЛЬНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ СОВРЕМЕННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ В ШКОЛЕ

Проанализировав современное состояние школьного математического образования, мы пришли к выводу, что классно-урочная организация обучения устарела. На данном этапе развития необходимо применять современные методы и средства обучения для формирования УУД. В данной работе мы рассматривали познавательные умения при обучении алгебре и геометрии.

Развитие познавательных универсальных учебных действий на уроках математики – актуальная проблема современной школы. Государственный образовательный стандарт описывает требования к результатам освоения основной образовательной программы основного общего образования. Стандарт устанавливает требования к результатам учащихся, освоивших основную образовательную программу основного общего образования: метапредметным, включающим освоенные обучающимися универсальные учебные действия (познавательные, регулятивные и ком-

муникативные), обеспечивающие овладение ключевыми компетенциями, составляющими основу умения учиться, и межпредметным понятиям.

Алгебра и геометрия – это разделы математики, обучая которым мы можем заложить основы словесно-логического и алгоритмического мышления, пространственного мышления и математической грамотности. Изучение и применение математических понятий влияет на развитие у детей: конкретного мышления на примере действий с физическими объектами (детский сад), образного мышления – при работе со схемами и рисунками (начальная школа) и абстрактного и словесно-логического мышления (средняя школа).

Постоянное включение геометрических заданий при обучении математике, начиная с юных лет, приводит к развитию гибкости мышления у детей, повышает мотивацию и интерес в изучении геометрии, а также приводит к более глубокому пониманию самой геометрии. С другой стороны, пробелы при освоении и использовании определений и свойств математических объектов, а также неспособность правильно интерпретировать геометрические изображения, порождают типичные ошибки, часто встречающиеся у детей в начальной школе.

Появляющиеся компьютерные приложения, предоставляют возможность вовлечь учеников всех классов в решение задач в интерактивной, исследовательской среде при изучении математики и проведении измерений, попутно развивая компьютерную грамотность. К примеру:

GeoGebra – это бесплатное, многоплатформенное динамическое математическое программное обеспечение, предназначенное для всех уровней обучения, включающих геометрию, алгебру, работу с таблицами, построение графиков и диаграмм, статистику и высшую математику. В Европе и США эта программа получила несколько наград, присуждаемых программному обеспечению, созданному в образовательных целях.

Результат опытно-экспериментальной работы показывает:

Анализируя полученные результаты учащихся на констатирующем этапе эксперимента, можно заметить, что уровень сформированности познавательных умений в классах невысок. Но в контрольном классе уровень выше чем в экспериментальном классе.

Нужно уделить внимание разработкам методических рекомендации по применению современных

Применяя программы на практике, был сделан вывод о том, что уровень математической подготовки школьников возрос, также увеличился уровень сформированности познавательных умений. В процессе обучения при использовании методов описанных в методической модели учащиеся усваивают учебные знания по программе, с одной стороны, и развиваются как личность с другой.

Использовать методы работы на уроках математики необходимо и

целесообразно. На данных уроках ученики чувствуют себя уверенно, очень активно принимают участие в обсуждениях.

В процессе работы каждый ученик включен в работу, не зависимо от уровня успеваемости его по дисциплине. Все это положительно сказывается в уровне математической подготовке и учебной мотивации.

Опишем возможность использования динамической геометрической среды Geogebra в методико-математической работе учителей:

На современном этапе развития образования в качестве одного из перспективных направлений развития школы остается по-прежнему информатизация, предусматривающая разработку и внедрение в образовательную среду информационных средств с использованием современных методов обучения и диагностики. Однако развитие математического образования диктует слияния двух, на первый взгляд, взаимоисключающих проблем: с одной стороны увеличение объема информации требующей обработки, с другой стороны, ограниченности времени, отводимого на формирование требуемой компетенции.

Решение задач на построение в GeoGebra:

Привлечение возможностей систем компьютерной алгебры (СКА) к учебному познанию начинается с постановки и решения задач на построения динамического чертежа.

Задачи на построение в СКА не являются чем-то самостоятельным. С их постановки и решения начинается решение всякой геометрической задачи, доказательство любой теоремы, получение или осмысление определения геометрического понятия. Они являются своего рода самостоятельно формулируемыми подзадачами. Этим и определяется их сходство с построением схематических чертежей.

Для своевременной подготовки учащихся к этой деятельности задачи на построение в СКА должны образовывать непрерывно развивающуюся – содержательно-методическую линию пронизывающую весь систематический курс геометрии. Эта линия должна вобрать в себя и линию задач на построение циркулем и линейкой.

Основными результатами обучения решению задач циркулем и линейкой являются следующие:

- знания о конструктивных возможностях циркуля и линейки;
- знания об особенностях решения задач на построения;
- знания о некоторых методах решения задач на построение: методом ГМТ, методом подобия, методом движения;
- навыки решения базовых задач на построение;
- умения решать задачи на построение, сводящиеся к базовым.

Эти образовательные результаты могут и должны быть достигнуты и при обучении решению задач на построение в СКА (за исключением приобретения практических навыков манипулирования циркулем и линейкой). Эта возможность определяется наличием в СКА инструментов, которые являются аналогами циркуля и линейки.

Использование этих инструментов в отличие от использования циркуля и линейки акцентирует внимание учащихся на условиях задания фигуры (наборе элементов, определяющем фигуру – характеристических элементах), так как сами построения выполняются автоматически. Кроме того наборы характеристических элементов фигуры выделяются в графическом окне цветом и отмечаются на панели объектов как свободные объекты.

Кроме того, в СКА существуют дополнительные инструменты, выводящие на экран результаты решения базовых задач на построение циркулем и линейкой («биссектриса угла», «середина отрезка», «параллельная прямая» и др.), а также возможности пополнения конструктивных инструментов.

Обучение построению с помощью инструментов СКА должна, по нашему мнению, осуществляться в соответствии со следующей методической схемой:

- 1) обучение применению инструмента (пропедевтический);
- 2) формирование знаний о принципах его работы – раскрытие алгоритма решения соответствующей базовой задачи циркулем и линейкой и его теоретическое обоснование (основной);
- 3) формирование умений применять инструмент в сочетании с другими для решения типовых задач на построение и задач к ним сводящихся (заключительный).

Решение задач с параметром в GeoGebra

Задачи с параметрами являются наиболее трудной частью ЕНТ, поэтому формирование единого подхода к их решению является важной методической проблемой. Основным помощником при этом может стать компьютерная среда GeoGebra с ее анимационными возможностями.

Суть анимационно-геометрического метода состоит в следующем. Сначала условие задачи моделируется геометрически (графически) на экране компьютера. Затем, используя анимационные возможности, задачу решаем на компьютерном экране. Наконец, описываем увиденное на экране решение математически. Ученик, лишенный компьютерной поддержки, сохраняя геометрическую направленность решения, выполняет ключевые рисунки схематично на основе математических исследований, дополняя анимационные изменения силой своего воображения.

Формируемые метапредметные результаты:

– личностные универсальные учебные действия: формирование внутренней позиции, адекватной мотивации учебной деятельности, умение замечать и признавать расхождение своих поступков со своими заявленными позициями

– регулятивные универсальные учебные действия: умение учитывать выделенные ориентиры в сотрудничестве с учителем, умение проводить коррекцию и оценку своих действий

– познавательные универсальные учебные действия: умение строить рассуждения в форме связи простых суждений об объекте, ориентироваться в своей системе знаний, умение преобразовывать информацию из одной формы в другую.

В связи со сложившейся ситуацией в нашем государстве, значимость современных программ увеличивается в разы. Но благодаря этому уроки математики станут более интересными и помогут повышать качество математической подготовки всех учеников в современном образовании.

Ә.Б. Жүсіпбекова

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.

Ғылыми жетекші: физ.-мат. ғылым. канд., профессор Н.К. Маширапов

ЛЕЖАНДР ПОЛИНОМДАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ФИЗИКАДАҒЫ ҚОЛДАНЫЛУЛАРЫ

Математикалық физиканың теңдеулерін және олар үшін шекаралық есептерді шешкенде стандартты элементарлық функциялар жиынтығымен бірдей бола бермейді. Әрбір теңдеу элементар функциялар бола бермейтін шешімдер классын жасайды. Сонымен қатар, қарапайым және маңызды теңдеулерді шешуде кездесетін элементар емес функциялардың ішінде бірнеше рет пайда болатын функциялар бар, сондықтан олар жақсы зерттелген және белгілі атаулар алған. Мұндай функцияларды **арнайы функциялар** деп атайды. Әдетте, олар математикалық физиканың нақты мәселелерінің меншікті функциялары болып табылады. Осы арнайы функцияларға: сфералық функциялар, цилиндрлік функциялар, Лежандр, Чебышев, Лагер және Эрмит полиномдары жатады. Ал жалпы Лежандр, Чебышев, Лагер және Эрмит полиномдары, тағы да басқа полиномдар бір сөзбен **ортогональдық классикалық полиномдар** деп аталады. [2, с. 244]

Лежандр теңдеуі деп мына төмендегі түрдегі теңдеуді айтады:

$$\frac{d}{dx} \left[(1-x^2) \frac{dy}{dx} \right] + \lambda y = 0, \quad (1)$$

мұндағы λ – кейбір параметр. $x = -1$ және $x = +1$ осы теңдеудің ерекше шешімдері деп аталады.

Төмендегі шекаралық есепті қарастырайық: λ параметрінің мәндерін табу керек, ол үшін $[-1, 1]$ аралығында $x = \pm 1$ ерекше нүктелерімен шектелген (1) теңдеудің бастапқы шешімі болады.

Лежандр теңдеуінің шешімін дәрежелік қатар бойынша іздейміз

$$y = \sum_{n=0}^{\infty} a_n x^n. \quad (2)$$

(2)-ге (1)-ді қою арқылы мына төмендегі теңдеуді аламыз:

$$\sum_{n=0}^{\infty} [(n+2)(n+1)a_{n+2} - n(n-1)a_n - 2na_n + \lambda a_n] x^n = 0.$$

Бұдан шығады

$$(n+2)(n+1)a_{n+2} - [n(n+1) - \lambda]a_n = 0$$

немесе

$$a_{n+1} = \frac{n(n+1) - \lambda}{(n+1)(n+2)} a_n. \quad (3)$$

a_0 және a_1 ерікті коэффициенттері болып қалады. Егер $a_0 \neq 0$, $a_1 = 0$ болғанда (1) теңдеудің дербес шешімі x тек жұп дәрежелі болғанда алынады, ал $a_0 = 0$, $a_1 \neq 0$ – дербес шешім x тек тақ дәрежелі болғанда алынады.

$\lambda = n(n+1)$ үшін (4) теңдеудің $x = \pm 1$ ерекше нүктелерінде шектелген көпмүшелі n дәрежесі түрінде шешімі бар. Енді теңдеудің сәйкес шешімдерін табамыз

$$\frac{d}{dx} \left[(1-x^2) \frac{dy}{dx} \right] + n(n+1)y = 0, \quad (4)$$

n дәрежелі түріндегі көпмүшелер.

$2n$ дәрежелі түріндегі көпмүшені қарастырайық:

$$z = (x^2 - 1)^n.$$

Осы көпмүшелік келесі дифференциалдық теңдеуді қанағаттандыратындығын байқауға болады:

$$(x^2 - 1) \frac{dz}{dx} - 2nxz = 0.$$

Осы теңдеудің екі жағын x арқылы n рет дифференциалдаймыз. Бұдан шығады:

$$(1-x^2) \frac{dz^{(n)}}{dx} + n(n+1)z^{(n-1)} = 0.$$

Егер біз бұл теңдеуді тағы да x арқылы дифференциалдасак (4) теңдеуді қанағаттандыратын $z^{(n)}$ табамыз.

Сонымен (4) теңдеудің шешімі

$$y = Cz^{(n)} = C \frac{d^n (x^2 - 1)^n}{dx^n},$$

мұндағы C – тұрақты. $C = \frac{1}{2^n n!}$ -деп мына төмендегі теңдеуді аламыз


$$y = P_n(x) = \frac{1}{2^n n!} \cdot \frac{d^n (x^2 - 1)^n}{dx^n}, \quad (n = 0, 1, 2, \dots). \quad (5)$$

Бұл (1) теңдеуінің шешімі $\lambda = n(n+1)$ болатын **Лежандр полиномдары**. (5) формула **Родриганың формуласы** деп аталады. [1, с. 195]

Әр түрлі потенциалы бар екі іргелес өткізгіш жарты шарлар үшін азимуттық симметрияның шекаралық есептері

Потенциалды табудың жалпы әдісін қолданудың мысалы ретінде жұқа оқшаулағыш тығыздағышпен бөлінген екі жарты шардан тұратын радиусы a болатын өткізгіш сфера есебін қарастырайық.

Жарты шардың потенциалы әртүрлі. Сөзсіз, потенциалдар сәйкесінше V және $-V$ тең болған жағдайда, нәтижеге тұрақты потенциалдағы сфераның шешімін қоса алып, жарты шардың ерікті потенциалы үшін шешімін алуға болады. Оқшаулағыш тығыздағыш $z = 0$ жазықтығында орналасқан, жоғарғы жарты шардың потенциалы V , төменгі жағы $-V$ (2-сурет). [3, с. 57]



(2-сурет)

$$V(\theta) = \begin{cases} V & 0 \leq \theta < \frac{\pi}{2}, \\ -V & \frac{\pi}{2} < \theta \leq \pi; \end{cases} \quad (6)$$

Лаплас теңдеуінің сфералық координаталардағы $\Phi \frac{U(r)}{r} P(\theta) Q(\varphi)$ шешімінің жалпы формасынан, азимуттық симметрия есебі үшін $m = 0$ -ді $Q = e^{\pm im\varphi}$ енгізу керек деген тұжырымға келеміз. Сондықтан, есептің жалпы шешімі төмендегідей болады: [3, с. 71]

$$\Phi(r, \theta) = \sum_{l=0}^{\infty} [A_n r^n + B_n r^{-(n+1)}] P_n(\cos \theta). \quad (7)$$

A_n және B_n коэффициенттері шекаралық жағдайлардан анықталады. a радиусы бар сфера бетінде мүмкін болатын $V(\theta)$ арқылы сфера ішіндегі потенциалдың мәнін табу керек делік. Егер бастапқыда координатада заряд болмаса, онда потенциал осы нүктеге ақырлы болуы керек, сондықтан барлық n үшін $B_n = 0$. A_n коэффициентін сфера бетіндегі (7) өрнегінің мәндерін есептеу арқылы табуға болады:

$$V(\theta) = \sum_{l=0}^{\infty} A_n a^n P_n(\cos \theta). \quad (8)$$

(8) теңдік – бұл сәйкес $f(x) = \sum_{n=0}^{\infty} A_n P_n(x)$ Лежандр полиномдарының кеңейтілген түрі, осылайша A_n коэффициенттері келесідей анықталады: [3, с. 77]

$$A_n = \frac{2n+1}{2} \int_0^{\pi} V(\theta) P_n(\cos \theta) \sin \theta d\theta. \quad (9)$$

Мысалы: Бір-бірінен жіңішке тығыздағышпен оқшауланған және v_1 мен v_2 потенциалдарына жалғанған екі жарты шардан тұратын, радиусы R қуыс шеңберіндегі потенциалды анықтайық.

Есептің математикалық қойылымы: $0 \leq r < R$ аймағында шекаралық шарттарды қанағаттандыратын $\Delta u = 0$ теңдеуінің $u(r, \theta)$ шешімін табу қажет

$$|u(0, \theta)| < \infty, \quad u(R, \theta) = \begin{cases} v_1, & 0 \leq \theta < \frac{\pi}{2}, \\ v_2, & \frac{\pi}{2} < \theta < \pi. \end{cases}$$

Шешімі: Біріншіден, тек шектелген шартты қанағаттандыратын $u = f(r)z(\theta)$ түріндегі $\Delta u = 0$ теңдеуінің шешімдерін табамыз. Айнымалыларды бөліп алу арқылы

$$\frac{\frac{d}{dr}(r^2 f')}{f} = \frac{-\frac{1}{\sin \theta} \cdot \frac{d}{d\theta}(z' \sin \theta)}{z} = \lambda$$

аламыз.

Демек,

$$\frac{d}{dr}(r^2 f') - \lambda f = 0, \quad \frac{1}{\sin \theta} \cdot \frac{d}{d\theta}(z' \sin \theta) + \lambda z = 0.$$

Соңғы теңдеуде $x = \cos \theta$ айнымалысын ауыстырамыз. Осыдан

$$(1-x^2) \frac{d^2 z}{dx^2} - 2x \frac{dz}{dx} + \lambda z = 0$$

аламыз.

$\lambda = n(n+1)$ үшін $P_n(x)$ Лежандр полиномы $[-1; 1]$ шектелген аралығында шешім бар. Мұндай λ теңдеуі $f(r)$ мәні үшін $f(r) = r^n$ түріндегі шектелген шешіміне ие. Бастапқы есептің шешімін төмендегі түрде іздейміз:

$$u(r, \theta) = \sum_{n=0}^{\infty} A_n r^n P_n(\cos \theta).$$

A_n коэффициенттері екінші шекара жағдайынан, Лежандр полиномдарының ортогоналдылық қасиетін қолдана отырып анықталады:

$$A_n = \frac{2n+1}{2} \int_0^\pi u(R, \theta) P_n(\cos \theta) \sin \theta d\theta = \\ = \frac{2n+1}{2} \left\{ v_2 \int_{-1}^0 P_n(x) dx + v_1 \int_0^1 P_n(x) dx \right\}.$$

Сонымен

$$A_n = \frac{v_2 - v_1}{2} \cdot \frac{2n+1}{n} P_{n+1}(\theta).$$

Әдебиеттер

1. Кошляков Н.С., Глинер Э.Б., Смирнов М.М. Уравнения в частных производных математической физики. – Москва: Высшая школа, 1970. – 710 с.
2. Джеффрис Г., Свирлс Б. Методы математической физики. Вып. 3 / Перевод с английского под ред. В.Н. Жаркова. – Москва: Мир, 1970. – 342 с.
3. Джексон Дж. Классическая электродинамика / Перевод с английского Г.В. Воскресенского и Л.С. Соловьева; Под редакцией Э.Л. Бурштейна. – Москва: Мир, 1965. – 703 с.

Р.Р. Морскова

магистрант Павлодарского государственного педагогического университета, г. Павлодар

Научный руководитель: канд. пед. наук, доцент, профессор Т.И. Кадькалова

ФОРМИРОВАНИЕ ПРИЕМА РЕШЕНИЯ КОНСТРУКТИВНЫХ ЗАДАЧ МЕТОДОМ ГЕОМЕТРИЧЕСКИХ МЕСТ ТОЧЕК У УЧАЩИХСЯ В КЛАССАХ С УГЛУБЛЕННЫМ ИЗУЧЕНИЕМ МАТЕМАТИКИ.

Геометрические построения являются весьма существенным элементом изучения математики, важным средством формирования геометрических представлений в целом. Умение решать задачи один из основных показателей уровня математического развития, глубины освоения учебного материала. Исходя из вышесказанного можем сделать вывод, что геометрические построения должны иметь свое отражение в процессе изучения математики.

В школьный курс геометрии задачи на построение вошли после опубликованного труда: И.И. Александра «Методы решения геометрических задач на построение» в 1881 году. В нём автор систематизировал и обобщил знания о способах решения задач на построение и пришёл, к выводу, что многие из них удобно решать, применяя специальные методы, например, метод геометрических мест точек. Проанализировав содержимое современных учебников, мы сделали вывод, что решение кон-

структивных задач данным методом является дидактически оправданным, предлагаем ввести решение конструктивных задач данным методом в программу классов с углубленным изучением математики.

Для приобретения навыка решения задач методом геометрических мест точек учащемуся необходимо знать: общую структуру решения задач на построение, сущность метода геометрических мест при решении конструктивных задач, аксиомы инструментов для построения, основные геометрические места точек.

Сущность метода геометрических мест при решении конструктивных задач состоит в следующем. Решение задачи на построение сводят к нахождению некоторой точки, удовлетворяющей двум условиям. Геометрическое место точек, удовлетворяющих первому условию, есть фигура F_1 , а геометрическое место точек, удовлетворяющих второму условию, есть фигура F_2 . Тогда каждая точка X , принадлежащая пересечению фигур F_1 и F_2 и является искомой. Так как фигуры могут иметь не одну точку пересечения, то задача может иметь не одно решение. Если фигуры F_1 и F_2 не пересекаются, то задача не имеет решений.

Для того чтобы точка X была построена, необходимо, чтобы фигуры F_1 и F_2 допускали построение с помощью циркуля и линейки, т. е. чтобы они были прямыми или окружностями или состояли из этих фигур или их частей. Поэтому при решении конструктивных задач особый интерес представляют множества точек, являющиеся прямыми или окружностями. На основе данного суждения учащимся необходимо знать часто встречающиеся геометрические места точек:

1. Геометрическое место точек плоскости, находящихся от данной точки на данном расстоянии, есть окружность с центром в данной точке и радиусом, равным данному расстоянию.

2. Геометрическое место точек плоскости, равноудаленных от двух данных точек A и B , есть серединный перпендикуляр к отрезку AB .

3. Геометрическое место точек плоскости, равноудаленных от сторон угла и находящихся в его внутренней области, есть биссектриса этого угла.

4. Геометрическое место точек плоскости, находящихся на данном расстоянии от данной прямой, состоит из двух прямых, проведенных параллельно данной прямой на данном от нее расстоянии.

5. Геометрическое место точек, равноудаленных от двух параллельных прямых плоскости, является прямая, параллельная данным прямым, лежащая внутри образованной ими полосы и являющаяся ее осью симметрии.

6. Геометрическое место точек, равноудаленных от двух данных пересекающихся прямых плоскости, представляет собой две взаимно перпендикулярные прямые, являющиеся биссектрисами углов, образованных данными прямыми.

Заметим, что геометрические места точек не ограничиваются шестью перечисленными, есть много других множеств точек плоскости, вполне доступных для изучения школьниками. Кроме того, особо важно знать аксиомы инструментов для построения. Аксиома позволяет строить некоторые новые точки, но этим точкам не приписывается никаких определенных свойств, кроме свойства быть новыми, ранее не построенными. Легче всего дела в школьном курсе геометрии дела обстоят с изучением общей структурой решения задач на построение. Учащиеся знакомятся с ней чаще всего в разделе «Задачи повышенной трудности». Эта схема (обычно) включает в себя следующие этапы: I. Анализ; II. Построение; III. Доказательство; IV. Исследование.

Дадим краткую характеристику каждому этапу данной схемы.

– Анализ – это подготовительный этап решения задачи на построение. Цель анализа состоит в установлении таких зависимостей между элементами искомой фигуры и элементами данных фигур, которые позволили бы построить искомую фигуру.

Можно предложить «рецепт» проведения анализа, состоящий из трёх шагов: 1) Предположим, что задача решена; 2) посмотрим, какие из этого следует извлечь выводы; 3) сопоставляя полученные выводы, попытаемся найти путь для действительного решения задачи.

– Построение состоит в реализации найденных на этапе анализа шагов последовательности основных построений. Построение сопровождается графическим оформлением каждого шага с помощью указанного набора инструментов и последовательной записью тех построений, которые уже выполнены.

– Доказательство имеет целью установить, что построенная фигура (фигуры) действительно удовлетворяет всем поставленным в условиях задачи требованиям, т.е. является искомой.

IV. Исследование состоит в выяснении того, в каких случаях решение задачи возможно и какое число решений задача может иметь в зависимости от заданных условий.

На данный момент решение конструктивных задач рассматриваемым методом обделено должным вниманием, но во всех действующих учебниках по геометрии для средней школы конструктивные задачи рассматриваются как самостоятельные в конце 7 класса. Осуществляются следующие основные построения: построение угла, равного данному; построение биссектрисы угла; построение середины отрезка; построение прямой, проходящей через данную точку и перпендикулярной к данной прямой. В 8–9 классах встречаются задания на построение фигур по некоторым заданным элементам. Произвольные треугольники и четырехугольники строятся по сторонам и углам; четырехугольники особых видов (ромбы, квадраты, прямоугольники) – по сторонам и диагоналям. Для треугольников и четырехугольников рассматриваются приёмы построения описанных и вписанных окружностей.

Таким образом, введение в школьный углубленный курс геометрии задач, решаемых методом геометрических мест точек считаем практико-методически подкованным, научно обоснованным, возможным в условиях современного содержания образования.

Литература

1. Алдамуратова Т.А. и др. Математика: учебник для 6 класса общеобразовательных школ, часть 1. – Алматы: Атамұра, 2018.
2. Арюткина С.В. Формирование обобщённых приёмов решения уравнений и неравенств с параметрами у учащихся 8–9 классов: канд. пед. наук / С.В. Арюткина. – Арзамас, 2002. – 156 с.
3. Арюткина С.В. Формирование обобщённых приёмов математической деятельности школьников в условиях профильного обучения): монография / С.В. Арюткина. – Арзамас: АГПИ, 2010. – 256 с.
4. Арюткина С.В. Формирование у школьников обобщённых приёмов математической деятельности (на примере задач с параметрами): монография / С.В. Арюткина. – Арзамас: АГПИ, 2009. – 120 с.
5. Боженкова Л.И. Алгоритмический подход к задачам на построение методом подобия / Л.И. Боженкова // Математика в школе. –1991. – № 2. – 23-25 с.
6. Епишева О.Б. Учить школьников учиться математике: формирование приёмов учебной деятельности: кн. для учителя / О.Б. Епишева, В.И. Крупич. – М.: Просвещение, 1990. – 128 с.
7. Солтан Г.Н. Геометрия: учебник для учащихся 9-х классов. – Кокшетау: Келешек-2030, 2019.
8. Чистякова Л.С. Приёмы формирования практических умений и навыков при обучении геометрии / Л.С. Чистякова // Математика в школе. – 1987. – №4. – 31-32 с.
9. Солтан Г.Н. Геометрия: учебник для учащихся 9-х классов. – Кокшетау: Келешек-2030, 2019.
10. Шыныбеков Д.А., Шыныбекова А.Н., Жумабаев Р.Н. Геометрия: учебник для 8 класса общеобразовательных школ. – Алматы: Атамұра, 2018.

ФИЗИКА

А.Н. Акатаева

*Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.
Ғылыми жетекшісі: физ.-мат. ғылым. канд., доцент Т.Ш. Саликбаева*

8-СЫНЫПТА «МАГНИТТІК ҚҰБЫЛЫСТАР» ТАҚЫРЫБЫН ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІН ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласын дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім алушылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және олардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мақсатында оқыту мазмұнын жаңарту жоспарланған. Бүгінгі күні Жаңартылған оқу мазмұнына көшу басталды және 2021 жылға қарай толығымен аяқталады [1].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылға арналған Жолдауында жаратылыстану және математика ғылымдарын оқытудың сапасын арттыру және оқыту тәсілдерін қайта қарау талап етіледі [2].

Зерттеудің мақсаты «Магниттік құбылыстар» тақырыбын зерттеу нәтижелерін жинытық бағалаудың дидактикалық жүйесінің құрылымын нақтылау болып табылады. Бұл ретте біз келесі қағидаттарды негізге алдық:

1) бағалау жүйесі білім беру процесінің ажырамас бөлігі болып табылады және психологиялық-педагогикалық құрамдас бөлікті (формативті бағалау), критериалды құрамдас бөлікті (тақырыптың мазмұнын меңгеру) және қорытынды (жиынтық бағалау) қамтитын күрделі жүйе болып табылады.);

2) кез келген жүйе ортақ жүйенің ішкі жүйесі болып табылады. Бұл жағдайда біз оқытудың нәтижелерін бағалаудың дидактикалық жүйесі оқыту процесін жүзеге асырудың негізгі құралы ретінде сабақтың маңызды элементі болып табылады деп болжадық. Л.И. Ерунова бойынша физика сабағының дидактикалық жүйесі келесі құрылымдарға бөлінетіні белгілі: функционалдық құрылым, нақты-пәндік, гносеологиялық құрылым және ұйымдық құрылым. Оқушылардың танымдық жетістіктерін критериалды бағалаудың дидактикалық жүйесін анықтау үшін біз білім беру мазмұнын және оқыту мазмұнын анықтайтын физика сабағының нақты пәндік құрылымына сүйенеміз. Әрине, барлық осы құрылымдар өзара функционалды байланысты:

Физика сабағының нақты-пәндік құрылымы (сабақ мазмұнының құрылымы):

1. Тірек білім мен білік:

- 1.1 физика курсы бойынша;
- 1.2 басқа пәндер бойынша;
- 1.3 тәжірибе, бақылаулар;
2. Жана тақырып мазмұнының жүйесі: оқушылардың меңгеруіне жататын дене білімдерінің құрылымдық элементтері:
 - 2.1 Білім элементтері бойынша әдіснамалық (жүйелік когнитивті компонент) білім;
 - 2.2 бағдарлама бойынша тақырыптың мазмұны-тақырып бойынша құзыреттілік, білім, білік және дағды жүйесі;
 - 2.3 аксиологиялық (эмоционалдық-құндылық) компонент;
 - 2.4 іс-әрекет-шығармашылық компонент;
3. Сабақта меңгеруге жататын білім мен құзыреттер;
4. Үй тапсырмасы бойынша өз бетінше меңгеруге жататын құзыреттіліктер (жеке компонент) [3].

Бұл мақалада біз «магнитті құбылыстар» бөлімі бойынша 8-сынып сабағының үзінділерін және оларға жасалған бағалау критерийлерін келтіреміз. «Магнит құбылыстары» бөлімі мынадай тақырыптардан тұрады: тұрақты магниттер; магнит өрісі; токпен өткізгіштің магнит өрісі; катушканың магнит өрісі; электромагниттер және оларды қолдану; магнит өрісінің токпен өткізгішке әсері; электромагнитті индукция; генераторлар; электр қозғалтқыштар.

1 сабақ-тақырыбы: «Тұрақты Магниттер; Жердің магниттік өрісі»

Мұғалім тұрақты магниттерді көрсете отырып, компас оқушыларды магниттердің қасиеттерін зерттеу қажеттілігіне жеткізеді.

Тірек білімдерді өзектендіру үшін: оқушыларға шағын топтарда немесе жұптарда сыныптың әр түрлі нүктелерінде Жердің магниттік өрісін зерттеуді ұсыныңыз. Магнит бағыттамаларын кластың әр түрлі жерлерінде орналастыру және олардың барлығы бір бағытты көрсететініне көз жеткізу үшін.

Егер магнит жебесіне жақын магнит орнатылса, онда магнит жебесі қозғалысқа келеді және өзге бағытты көрсетеді.

Магниттердің бірін көлденең жазықтықта еркін айналдыру үшін жіптерге іліп қоюға болады. Магнит тоқтағаннан кейін бір соңы солтүстікке, ал екіншісі оңтүстікке. Бұл сипатты қайда пайдалануға болады? Магниттер компас ретінде пайдаланылуы мүмкін деп ойлауға оқушыларды жеткізіңіз. Оқушыларға осы құбылысты түсіндіруді және көрсеткіштердің ұштары неге «солтүстік» және «оңтүстік» деп аталатынын сұраққа жауап беруді ұсыныңыз.

Оқушыларға қарапайым өзекті магниттің көмегімен столдағы заттарды зерттеуді және қандай заттардың магниттің тартылатынын анықтауды ұсыныңыз. Оқушылар қандай материалдарды тартатынын, ал қандай жоқ екенін анықтау үшін қарапайым стержендік магнит қолдана алады.

Оқушыларға кестені толтыруды ұсыныңыз:

Дене	Зат	Тартылады / тартылмайды

Оқушыларға бір магнит полюсіне бірнеше темір шегелерді жақындатуын сұраңыз. Жақсы ұзын тізбек жасалған кезде, жоғарғы шеге алып тастаңыз, темір шеге тізбектері шашырайды. Мұны болат қыстырғыштармен қайталауға болады. Егер магниттен жоғарғы скрепканы алып тастаса, тізбек қалады.

Неге екенің түсіндіріңіз?

Соңында болат пен темірдің магниттік қасиеттерін салыстыру.

Бағалау критерийлері:

- Магниттік құбылыстарды анықтауды біледі;
- Жердің магниттік өрісін сипаттайды;
- Компастың жұмысын түсіндіреді;
- Заттардың магниттік қасиеттерін сипаттайды;
- Жасалған тәжірибелерден қорытынды жасайды;
- Тұрмыста магниттерді қолдану мысалдарын келтіреді.

2 сабақ – тақырыбы: «Электромагниттер және олардың қолданылуы; магнит өрісінің тогы бар өткізгішке әсері».

Оқушыларға темір үгінділерінің көмегімен тогы бар өткізгіштің магниттік өрісін зерттеуді ұсыныңыз.

Оқушылар темір үгінділерін тікелей ток өткізуші сымның айналасындағы аймақты зерттеу үшін пайдалану керек. Темір үгінділер магнетизм әсерімен тыныштық жағдайында болуы үшін, оң жағында схемаға өтетін бір сым жазықтықта жатыр. Сымды жоғары және төмен бұрап ілгек сияқты өрістің бөліктерін бақылауға болады.

Бұл әсер кішкентай және оқушыларға алдын ала тапсырма беру керек. Бақылаулар басталғаннан кейін, концентрациялық шеңберлердің бағытын атап өтуге болады. Оқушыларды ережеге апарыңыз: егер тогы бар өткізгішті үлкен саусақ ток бағытын көрсететіндей ұстап тұрсақ, онда төрт саусақты магнит өрісінің күштік сызықтарының бағытын көрсетеді.

Оқушыларға қарапайым электромагнитті жасауды ұсыныңыз. Ол үшін темірден жасалған кез келген қолайлы элемент қажет, ол электромагниттің өзекшесі болады (мыс сым, батарея).

Бағалау критерийлері:

- Қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, өз бетінше тәжірибе жүргізеді;
- Жасалған тәжірибелерден дұрыс қорытынды жасайды;
- Магнит өрісінің токпен өткізгішке әсерін түсінеді;
- Өткізгіштегі ток бағытын және магнит өрісінің бағытын анықтайды.

Бұл технологияны қолдану мұғалімге сабақта іс – әрекет тәсілін табысты іске асыруға, балаға – оқыту үдерісіне белсенді қатысуға, нәтижелерге саналы қарауға мүмкіндік береді, бұл өз білім беру мүдделерін анықтауға және білім беру міндеттерін қоюға мүмкіндік береді. Біз балаларды мазмұнды бағалау қызметіне үйретеміз және бағалау мен өзін-өзі бағалау, өзін-өзі бақылау және өзара бақылау, танымдағы дербестік дағдыларын дарытамыз. Өлшемдер негізінде бағалай білу өмір бойы адаммен қалады. Сондықтан критериалды бағалауды дұрыс ұйымдастыру оқушылардың тұлғалық өсу міндеттерін шешеді, бұл оқу және оқудан тыс қызметтің нәтижелерімен расталады.

Әдебиеттер

1. Государственная программа развития образования и науки на 2016–2019 годы (Указ Президента Республики Казахстан, от 1 марта 2016 года № 205).
2. Послание Президента народу Казахстана, 2018 г.
3. Система критериального оценивания учебных достижений учащихся: Методическое пособие. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2013. – 80 с.

К. Амирхан

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ. Ғылыми жетекшісі: доцент, доктор PhD Л.А. Ельтинова

ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУ КЕЗІНДЕ ФИЗИКАЛЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТТІ ҚОЛДАНУ

Қазіргі кезде мектепте физикалық эксперименттің жүйесі белгілі бір жағдайларға байланысты болуы керек. Мысалы, оқу бағдарламасындағы оқыту мазмұнына; сабақтың түріне – барлық оқушылармен бір мезгілде өтуіне; мектептегі физика кабинетінің жабдықталу тәуелділігіне байланыста болады. Сондықтан да физикалық экспериментті мұғалім мен оқушылардың іс-қимылдарына, мақсатына байланысты. Яғни, мектептегі оқу экспериментін көріп және жасау кезінде оқушылар ғылыми зерттеу әдісі туралы түсінік алады.

Қазіргі жаңа технологияның арқасында физика саласында толық ашыла алмаған зерттеу жұмыстары, өзінің жақсы нәтижесін көрсетіп жатыр. Көптеген зерттеулер нақты дәлдікке ие болуда. Соңғы жылдары технологияның дамуы физикалық эксперименттің жақсы үдерісте дамып келе жатқанын көрсетеді. Қазіргі таңда зерттеу жұмыстарын жүргізу жеңілдеді. Ол жаңа құрылғының пайда болуынан емес, ескі құрылғының өңделіп, заман талабына сай етіліп жасауында.

Мектептегі физика курсындағы эксперимент – бұл физика ғылымына тән, ғылыми зерттеу көрінісі. Физикалық экспериментті негізге алып, құбылыстарды оқып үйрену – оқушылардың ғылыми

көзқарасының қалыптасуын, физикалық заңдарды неғұрлым тереңірек меңгеруін, мектеп оқушыларының пәнді оқып-үйренуде қызығушылығын арттыруға және өлшеу икемділіктері мен дағдыларын меңгеруге себін тигізеді.

Оқу эксперименті ол арнаулы құрал-жабдықтардың көмегімен сабақта физикалық құбылысты немесе заңдылықты қайтадан көз алдына келу. Сондықтанда ол бір мезгілде білім берудің көзі, әрі оқыту әдісі және көрнекілігі болып табылады.

Сабақта тәжірибелерді демонстрациялау, олардың кейбіреулерін кино және теледидар, компьютер арқылы көрсету, оқушылардың зертханалық жұмыстар жасауы, мектептегі эксперименттік оқыту әдісінің негізі болып табылады.

Мектепте дұрыс ұйымдастырылған физика эксперименттерінің тәрбиелік мәні зор, ол оқушыларды алдына қойған мақсатқа жетуге, жұмыста ұқыптылыққа, қарастырып отырған құбылысты бақылауға және одан қорытынды шығаруға, оның негізгі белгілерін бөліп ала білуге үйретеді. Оқушыларға терең де нақты білім бері үшін, оларда практикалық ебдейліктер мен дағдыларды қалыптастыру кезінде әртүрлі оқу экспериментін қолданып, ауыстырып отыру қажет.

Физикалық экспериментті орындалу принципіне және мақсатына байланысты 2 топқа бөлінеді. Демонстрациялық эксперимент және зертханалық эксперимент деп. Зертханалық эксперимент ішнара 4 топқа жіктеледі, олар: фронталь зертханалық жұмыстар мен бақылаулар; физикалық практикум; сабақтан тыс тәжірибелер мен бақылаулар; оқушылардың сыныпта орындайтын зертханалық жұмыстары.

Демонстрациялық эксперимент күрделі құрал-жабдықтар арқылы мұғалім оқушылардан 1–9 м арақашықтықта, бүкіл сыныпқа арнап жасап көрсетілетін тәжірибе. Ол мұғалімнен өте жоғарғы шеберлік пен біліктілікті қажет етеді. Көрсететін демонстрациялардың тізімі бағдарламада физиканың бөліміне және әр сыныпқа арналып беріледі.

Құбылыстарды және заңдарды оқып үйренгенде оқушының ой-өрісіне мұғалімнің сөзімен ұштастыра жасап, көрсететін демонстрациялық эксперимент физикалық ұғымдардың ойдағыдай қалыптасуындағы маңызды шарттардың бірі. Демонстрациялық эксперимент сабақтың ең негізгі элемент болып мұғалімнің әңгімесіне, әңгімелесуіне жаңа материалды түсіндірумен қоса жүреді.

Берілген тақырыпқа физиканы оқыту әдістемесінде көптеген тәжірибелер бар. Осы тәжірибелерді қалай таңдауға болады? Таңдап алған тәжірибе алдыңғы сабақта алынған тәжірибелерге логикалық түрде байланысқан болуы керек. Тәжірибенің саны аз және жаңа сабақты түсіндіруге немесе бекітуге, айтылғандарды қорытындылауға арналған болуы қажет. Мысалы: Архимед тәжірибесін көрсететін тәжірибелер өте көп, мұның ішіндегісінің ең қарапайым және кедергісіз жасалатыны Архимед шелекшесімен жасалатын тәжірибе.

Демонстрациялық экспериментке қойылатын негізгі әдістемелік талаптар. Оқушылар көрсетілген тәжірибені түсінуге дайын болу керек, яғни тәжірибені жасамас бұрын осы тәжірибеден оқушылар қандай құбылысты немесе заңдылықты түсіну керектігін алдын-ала түсіндіріп берген жөн. Көбінесе тәжірибенің алдында мұғалім оның мақсатын айтып, схемасы болса тақтаға сызып, тәжірибеден не түйгенін айтып, содан кейін ғана тәжірибені жасауға кіріседі. Егерде тәжірибе күрделі болса, онда оны бірнеше бөлімдерге бөліп, әр бөлімнің мақсатын жеке-жеке түсіндірген дұрыс.

Демонстрациялық экспериментке керекті құрал-жабдықтар мүмкіндігінше қарапайым болуы керек және мұғалім әрбір құралдың жұмыс істеу принципін жақсы білуі қажет.

Демонстрациялық эксперимент сыныптағы барлық оқушыларға жақсы көрінуі тиіс. Эксперимент қанша жақсы болғанымен, оқушылар өздері көрмей тек мұғалімнің айтқанымен ғана білетін болса, ол тәжірибенің құны болмай қалады. Сондықтан демонстрациялық эксперимент жақсы көріну үшін әртүрлі экран, тағандар немесе суды бояу арқылы көрсетуге болады. Мысалы: қатынас ыдыстарды көрсеткенде ішіне құйылатын суды бояу арқылы көрсету.

Экспериментті өткізу шапшандығы. Экспериментті көрсету қарқыны материалды ауызша баяндау қарқынына және оны оқушылардың қабылдау жылдамдығына сәйкес болуы керек. Егер тәжірибе оқушылардың қабылдап алғаннан гөрі шапшаңырақ өтсе, оны қайталаған жөн. Сонымен қатар бірге ұзақ уақыт тәжірибені демонстрациялау оқушылар бақыланып отырған құбылысқа қызығушылықты жоғалтады.

Демонстрацияға арналған қондырғыны оқушылардың көз алдында құрастырған дұрыс, бұл тәжірибені түсіндіруді және қабылдауды жеңілдетеді. Тек өте қажет жағдайда алдын-ала құрастыруға болады. Мысалы: электр тізбектерін құрастырғанда.

Демонстрациялық эксперимент түсінікті және айқын болуы тиіс, яғни бақыланып отырған нысана, зерттелетін құбылыс арқылы мүлтіксіз түсіндірілетін нұсқасын таңдау керек. Мысалы: жылу қабылдағыш арқылы көрсетілетін тәжірибе.

Экспериментке мүмкіндігінше мүдірмей жұмыс істейтін құрал-жабдықтарды бірнеше рет алдын-ала жасап көріп, таңдау керек.

Қауіпсіздік техникасына қойылатын талаптар. Мұнда электрлік құрал-жабдықтармен, сәуле шығару және көздерімен, реактивтермен жұмыс істеген кезде қауіпсіздік шараларын күні бұрын мұқият ойластыру қажет.

Сонымен физика пәні үшін физикалық эксперименттің алатын орны ерекше. Эксперимент – зерттеушінің құрал-жабдықтар арқылы нысанаға немесе құбылысқа әсер ету арқылы зерттеуі. Физикада эксперимент белгілі бір мақсатта, біріншіден жаңадан мәліметтер алып, оны ары қарай дамыту үшін, екіншіден белгілі теорияны растау үшін немесе

теріске шығару үшін жасайды. Эксперимент жасау арқылы жаңашылдыққа ұмтылуға болады, яғни жаңа бір туындының бастамасына алып келеді деп айтуға болады. Эксперимент тек қана физика ғылымына тән емес, басқада саланың ажырамас бір бөлігі.

Сабақ барысында әртүрлі эксперимент жасау арқылы оқушылардың қызығушылығы артады. Мысалы, мектепте физика курсы 7-сыныптан басталады. Физика пәнін алғаш өту барысында оқушыларға қызықсыз және түсініксіздеу болуы мүмкін. Сондықтан оқушылардың қызығушылығын арттырудың бір жолы, сабақ барысында демонстрациялық эксперимент ұйымдастыру. Мысалы, 7 сынып физика курсының «Инерция» тақырыбына арналған демонстрациялық эксперименттер.

«Қалайша тиынды стаканға түсіруге болады?»

Үстел үстінде суы бар стакан. Стаканның бетінде карта. Карта үстінде тиын тұр. Тиынды қолмен ұстамай қалайша стаканның ішіне түсіруге болады?

Картаны саусақпен жылдам, әрі бар күшпен шертіп қаламыз. Бұл кезде тиын жылдамдық алып үлгермейді, яғни жылдамдығын сақтау құбылысы-инерцияның әсерінен стакан ішіндегі суға түседі.

«Қалайша қағазды аламыз?»

Ұзын парақ қағаздың үстінде суы бар банк тұр. Банканы орнынан жылжытпай қалайша қағазды алуға болады?

Қағаз парағының бір жақ шетінен ұстап, жылдам тартып қалу керек. Инерцияның әсерінен банк пен оның ішіндегі су жылдамдық алып үлгермейді яғни қозғалыса түсіп үлгермейді.

Міне, осылайша көптеген демонстрациялық эксперимент көрсету арқылы сабақты тереңірек түсіндіруге болады. «Мың рет естігенше, бір рет көргенін артық» демекші, демонстрациялық эксперименттің физика сабағында алатын орны ерекше. Яғни, ауызша және жазбаша түсіндіруден қарағанда, эксперимент жасау арқылы өтілген сабақ оқушыларға түсінікті және естерінде ұзақ қалады. Демонстрациялық эксперименттің тиімді бір жағы, көптеген эксперименттері қол жетімді заттармен жасалады. Эксперимент жасалуы көп уақытты талап етпейді, қызықты әрі жылдам болады. Сондықтан сабақ өту барысында қолданған демонстрациялық эксперименттерді жиі қолданған дұрыс деп ойлаймын.

Әдебиеттер

1. Ақитай Б.Е. Физиканы оқытудың теориясы мен әдістемелік негіздері. – Алматы, 2017. – 233 б.
2. Құдайқұлов М., Жаңабергенов Қ. Орта мектепте физиканы оқыту әдістемесі. – А.: Рауан, 2010. – 215 б.
3. Гудкова В.Г. Физический эксперимент в школе. – М.: Просвещение, 2012. – С. 317.

З.Т. Ешмұратова

*Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.
Ғылыми жетекшісі: PhD доктор, доцент Р.Н. Асылбаев*

«СПОРТ ФИЗИКАСЫ» ФАКУЛЬТАТИВ КУРСЫН ҚҰРАСТЫРУ

4. The magnitude of displacement is always equal to the distance.

Осылайша, CLIL әдісі бойынша пәнді ағылшын тілінде жүргізу метапәндік байланыстарды қамтамасыз етеді және жаңа білім беру стандарты принциптерін дамытуда практикалық нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді, атап айтсақ, мәдени хабардарлығын, тілдік құзыретін дамытады, тек оқуға ғана даярлығын емес, сонымен қатар жаңа білімін өмірде қолдана білуге және сәйкесінше өмірлік дәлелдемесін көтеруге, табысқа мақсатталған, сайып келгенде, басты мақсатқа қол жеткізуге – болашақ түлектердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға, олардың ұтқырлығы мен тез өзгеретін өмірлік жағдайларға бейімделу қабілетін арттыруға әкеледі.

Әдебиеттер

1. Нәлібаева Г.Р. «CLIL» – үштілділік оқу бағдарламасын жүзеге асырудың тиімділігі // Педагогикалық инновациялар журналы. – 2017. – №8. – 10-13 б.
2. Коменкова С.О. CLIL (Content Language Integrated Learning) оқыту әдісін қолдану аспектілері // Білім берудегі менеджмент журналы. – 2018. – №3. – 74-77 б.
3. Каримова Н., Каратаева Н., Жакупов Н. CLIL әдісін қолдана отырып, оқыту үрдісінде оқушылардың білімді өздік меңгеру арқылы зерттеушілік дағдыларын дамыту үшін сын тұрғысынан ойлау құралдарын тиімді пайдалану // Физика және астрономия журналы. – 2018. – №3(89). – 4-6 б.
4. Закирова Н.А., Аширов Р.Р. Физика. – Астана: Арман-ПВ, 2017. – 240 б.

Д.Б. Семёнова

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.

А.Б. Алина

Магистр-физик, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті

ФИЗИКАДАН ҰБТ-ҒА ДАЙЫНДАЛУДА ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Ұлттық бірыңғай тестілеу ҰБТ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсуге арналған іріктеу емтихандарының бір нысаны.

Мамандық таңдағанда бейіндік пәндерінің он бір комбинациясы бар. Физика пәні математика мен химия пәндерімен бірге тапсырылады. Мамандықтар санын астындағы берілген кестеде көруге болады. Физика математика комбинациядан 52 мамандық бар және сол себепті көп грант бөлінеді. Олардың үлкен бөлігі техникалық мамандықтар.

Химия мен физикадан 5 мамандық бар. 2018–2019 жылғы химия мен физика комбинациясының мамандықтарына бөлінген гранттар:

1. Балқуы қиын бейметалл және силикатты материалдардың химиялық технологиясы – 60 грант.
2. Пайдалы қазбаларды байыту – 90 грант.
3. Органикалық заттардың химиялық технологиясы – 250 грант.
4. Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы – 350 грант.
5. Химия (ғылыми) – 260 грант.

Физика пәнін түлектердің үлкен бөлігі таңдайды. Мен байқағандай мектепте физиканы оқығанда назары көп теорияға бөлінеді. Соны көрсету үшін 9 сыныптың үш оқулығын зерттеп, нәтижесін кестеге енгіздім.

Оқулық	Тақырып	Теория бет	Жаттығу саны	Жаттығу беттері
Физика	Дене импульсі. Күш импульсі. Импульс сақталу заңы	120-123 б.	6 жаттығу	124 б.
Геометрия	Векторларды қосу және азайту	24-28 б.	А деңг. 4 ж.; В д 7 ж.; С д 4 ж. Практик. тап.	29-30 б.
Алгебра	Екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер жүйесін шешу	32-34 б.	А д 14 жат. В д 17 жат. С д 7 жат. Қайталау 3 есеп	34-42 б.

Мектепте мемлекеттік емтихан өткен кезде мектепке байланысты тест немесе ауызша емтихан ретінде өткізіледі. Оқушылар емтиханды билетпен тапсырғанда көп жағдайда теорияны жаттайды, есеп шығаруды екінші орынға қояды. Билетте екі теориялық сұрақ, бір есеп беріледі. 25 билет дайындап қойса, оқушылар есеп шығаруға ма, әлде теорияға көп назарын салады?

Физикадан есеп шығарған кезде формулаларды міндетті білу қажет. Бірақ ол жеткіліксіз, физиканың математикадан қиындығы есептерінде логика керек. Есеп шығару алдында:

- берілген шамаларды СИ жүйесіне келтіру керек;
- ондық бөлшек өрнектеуді білу;
- өлшем бірліктерді тану керек.

Тестте тең жартысы дейік шығаратын есептер. Тест кезінде уақыт шектеулі, оны дұрыс пайдаланып үнемдеу керек. Сол себепті берілген есептерді мүмкіндігінше тез шығару керек. Дайындық кезінде көп есептерді шығарса, оңай есептердің шығару жолын есіне сақтап тест кезінде қиындық туғызбауы керек.

Физиканың және нақты ғылымдарының гуманитарлық ғылымдарынан айырмашылығы: тесттерде осы пәндерден сұрақтарды қатты өзгерте алмайды. Себебі олардың іргетасы бір, математика мен физиканың формулалары, теоремалар мен заңдары ешқашан өзгермейді. Физика мен

математикада есептерді құрастырған кезде, көп жағдайларда есептерде берілген шамалары өзгереді.

Оқушы тестке тегін, және ақылы дайындала алады.

Бірінші жағдайда оқушы тегін дайындалғанда қарастырайық: *оқушы өзі ізденіп қосымша дайындала алады; мұғаліммен, сыныппен бірге* (физика таңдаған балалар). Мектепте дайындалғаны түсінікті болса, ал өзі ізденіп қалай дайындала алады? *ҰБТ центрінен келген кітапшаларынан* (талапкер, шың, шпаргалкалар (Globus / Mega / Алтын Белгі / Пирамида)) есептерді талдауға; *Әлеуметтік желілерде және т.б.*

Мектерде ҰБТ тест келгенде, оны талдай аламыз, бірақ тест жеткіліксіз болуы мүмкін. Шың баспасының кітабы теорияға дайындалу үшін ыңғайлы, ал есептердің үлкен бөлігі тесттердің есептерімен сәйкес келмейді. Достықтан келетін тесттердің кемшілігі дәл сондай, физикадан кішкентай шпаргалкалар тек формулаларды мен сәл теорияларды сыйғыздыра алады. ***Есептерді өздеріміз шығарып білу керекпіз.***

Ақылы дайындаған кездегі жағдайлар: репетитор; дайындық центрі (достық, *ustudy* және т.б.); интернет арқылы курстар (видиосабақтар, тікелей эфир арқылы оқыту *Youtube, V Kontakte*).

– Репетитормен дайындалу оқытқан мұғаліміне байланысты болады. Басында оқушының білім деңгейін қарастырып сол баламен жұмыс істеу жоспары дайындалады.

– Дайындық орталықтары дәл солай балалармен жұмыс пен центр құрастырылған тесттер арқылы дайындайды. Репетитордан артықшылығы тест нұсқалармен жұмысы көбірек болады, ал кемшілігі репетитор бір баламен дайындалса, орталықтарда көбінесе топпен жұмыс басым болады.

– Интернет арқылы курстар онлайн сабақтар арқылы болады. Онлайн сабақ кезінде түсінбейтін жерінді сұрауға болады және сабақ бейнебаянға сақталады. Мен Ұлттық тестілеу орталығының тест нұсқаларынан физика пәнінен шығаратын есептерді жауаптармен алдым.

Теорияны көп жерлерден табуға болады. Есептерді үлкен сыныптарға жеткенше тек оқулықтан шығарамыз. Үлкен сыныптарға келгенде тестке дайындық басталады. Центрден келген нұсқалармен дайындаймыз. Бірақ есептер жеткіліксіз болуы мүмкін.

Сол есептерді өзім дайындаған тесттерден, ашық көздердегі интернеттен тест нұсқаларды алып, теориялық сұрақтарды емес, шығаратын есептерді тердім. Оқушыларға ыңғайлы болу үшін физикадан негізгі формулалар мен кейбір тұрақты шамаларды жинаққа енгіздім және соңында біраз шешуі бар есептерді қостым.

Мысалы: 1. Серіппеге ілінген массасы 40 г жүк $x = 0,3 \sin 20t$ козғалыс теңдеуімен тербеледі. Серіппе қатандығы:

Шешуі: Теңдеуден көріп отырғандай $\omega = 20$. сонда осы дененің тербеліс периоды $T = \frac{2\pi}{\omega} = \frac{\pi}{10}$ -ға тең. Ал периодтың жалпы $T = 2\pi\sqrt{\frac{m}{k}}$

формуласынан $k = \frac{m}{\left(\frac{T}{2\pi}\right)^2} = \frac{40 \times 0.001}{\left(\frac{\pi/10}{2\pi}\right)^2} = 16$ (Н/м) екенін табамыз.

Жауабы: 16 Н/м

2. Массасы $m = 450$ кг ауа жабдықтарының ауырлық күшінің шамасы $F_1 = mg$ формуласымен есептеледі. Ал гелийдің ауырлық күшінің шамасы $F_2 = \rho_2 gV$ формуласымен есептеледі. Ауаның көтеру күші $F_a = \rho_a gV$ -ға тең. F_1 , F_2 күштерінің бағыты төмен қарай бағытталған, ал F_a күшінің бағыты жоғары қарай бағытталған. Олай болса, шардың ие болатын көтеруші күші $F = F_a - F_1 - F_2$, яғни $F = \rho_a gV - mg - \rho_2 gV$.

Сонымен,

$$F = gV(\rho_a - \rho_2) - mg = 10 \cdot 1600 \cdot (1,69 - 0,618) - 450 \cdot 10 = 13260 \text{ Н.}$$

Жауабы: 13260 Н.

3. Мотороллер қозғалтқышының $v = 58$ км/сағ жылдамдықтағы қуаты 3,31 кВт. Қозғалтқышының ПӘК-і 20%. Егер мотороллердің бенобағында 3,2 л бензин болса, оның жүрген жолын табыңыз.

$$(q_{\delta} = 46 \cdot 10^6 \text{ Дж/кг; } \rho_{\delta} = 710 \text{ кг/м}^3)$$

$$\text{Шешуі: Қозғалтқышының ПӘК-і. } \eta = \frac{q_{\delta} m}{Nt} = \frac{q_{\delta} \rho_{\delta} V}{N \cdot \frac{S}{v}} = \frac{q_{\delta} \rho_{\delta} v V}{N \cdot S}$$

$$\text{Бұл жерден, } S = \frac{q_{\delta} \rho_{\delta} v V}{\eta N} = \frac{46 \cdot 10^6 \cdot 710 \cdot 3,2 \cdot 10^{-3} \cdot 58 \cdot \frac{1000}{3600}}{0,2 \cdot 3,31 \cdot 10^3} \approx 10^5 \text{ (м)} \approx$$

≈ 100 км

Жауабы: ≈ 100 км.

Физика мен математикада жаңа форматпен өзгерте алмайсын. Есептерге формулалар өзгермейді, бастысы принципін түсінуі мен логиканың болуы. Дайындық кезінде оқушы көп есептерді шығарса, оңай есептердің шығару жолын есіне сақтап тест кезінде қиындық туғызбауы керек.

Құрастырылған жинағының ішінде есептерді шығара отырып, оқушы есептерді шығару принципін түсініп, техникалық жағын дамытады және мұғалімдерге көмегін тигізеді деп сенімдімін. Сол себепті мен физика пәнінен ҰБТ тест кітапшаларынан есептерді теріп есеп жинағын құрастырдым.

Әдебиеттер

1. Абылкасымова А.Е., Кучер Т.П., Корчевский В.Е., Жумагулова З.А. Алгебра 1 бөлім: 9-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2019. – 175 б.
2. Солтан Г.Н., Солтан А.Е., Жумадилова А.Ж. Геометрия: 9-сыныбына арналған оқулық. – Көкшетау: Keleshek 2030, 2019. – 239 б.
3. Закирова Н.А., Аширов Р.Р. Физика: 9-сыныбына арналған оқулық. – Нұр-Сұлтан: «Арман-ПВ» баспасы, 2019. – 272 б.
4. Новый формат ЕНТ 2019 [электрондық ресурс] – URL: <http://zstar.kz/%D1%81%D1%82%D0%B0%D1%82%D1%8C%D0%B8/105-novyi-format-ent-2018.html>
5. Профильные предметы химия и физика [электрондық ресурс] – URL: <https://univision.kz/ent/1058-perechen-specialnostey-s-ukazaniem-profilnyh-predmetov-ent-2018.html>
6. Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) [электрондық ресурс] – URL: <http://testcenter.kz/shkolnikam/ent/edinoe-natsionalnoe-testirovanie-ent>

С.Ә. Тиынов

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ. Ғылыми жетекшісі: PhD докторы, доцент Р.Н. Асылбаев

9-СЫНЫП ФИЗИКА КУРСЫ БОЙЫНША ҮЙДЕ ОРЫНДАЛАТЫН ЭКСПЕРИМЕНТТЕРДІ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ

Айналамыздағы бізді қоршап тұрған денелер мен процестер әлемінде тұнып тұрған физикалық сыр-құпия мен таңғаларлық тамаша құбылыстар мол. Тіпті, аяқ бассаң, қозғала кетсең, тамақ пісірсең, ойыншықпен ойнасаң, машинамен жүрсең, сырғанақ тепсең, суда жүзсең, ән салсаң, домбыра тартсаң – бәрі физика екендігін физик-мұғалім ешқашан естен шығармауы тиіс. Мұны оқушыларға ұқтырудың, оған нандырудың ең тиімді жолы оларға сыныптан тыс уақытта физикалық тәжірибелер мен бақылауларды жасаттыру. Әрине, мұндай сыныптан тыс эксперимент мұғалімнің басшылығымен ғана жүргізіледі. Сыныптан тыс эксперименттің білімдік және тәрбиелік маңызы күшті: оқушылардың физика мен техникаға қызығушылығын арттырады; оларды өз бетінше тәжірибелер, бақылаулар, өлшеулер жүргізуге баулайды; физикалық теория мен практиканың байланысын терең түсінеді; айналамыздағы физикалық құбылыстардың мән-маңызын ұғады; физика және техника туралы әдебиеттерді оқуға әуестенеді; ол жайындағы кәсіби мамандықтардың ерекшеліктерімен танысады. Мұның бәрі оқушылардың физикалық білімдері мен іскерліктерін қарқынды дамытуға күшті ықпал жасайды, физиканы тереңдетіп және кеңейтіп оқуға ұмтылдырады, физика сабақтарының көрнекілігін күшейтіп молайтады.

Оқушылардың физика-техникалық сыныптан тыс тәжірибелері мен бақылауларын ұйымдастыруға бірқатар жеткілікті мүмкіндіктердің бар екендігін аңғару қиын емес (механикалық ойыншықтар, балалардың

алып жүретін (портативтік) жеңіл инструменттері, арнаулы конструкторлық приборлар комплектісі, үй-тұрмыстық машиналар мен тетіктер, үйдегі өлшеуіш приборлар, мектеп айналасындағы өндіріс орындары, ұстагершілік үй аспаптары, т.с.с.). Сыныптан тыс эксперимент үйде, өндіріс объектілерінде, экскурсия кезінде, физикалық кештерде, физика-техникалық үйірмелерде, оқушылар сарайлары мен жас техниктер стансаларындағы секция жұмыстарында, қолдан приборлар жасау кезінде өткізіледі. Оқушыларды ұдайы физика-техникалық өнертапқыштықпен, рационализаторлықпен, техникалық шығармашылықпен әр түрлі жолмен (үйірмеде, сабақта, физикалық кеште, қабырға газеті арқылы, көрмеде, экскурсияда) таныстырып тұру қажет. Сыныптан тыс уақытта физикалық тәжірибелерді, бақылауларды, өлшеулерді нәтижелі өткізу мұғалімнің мынадай әдістемелік-ұйымдастыру жұмыстарды күнібұрын жасай білу шеберлігіне байланысты: 1) оқу материалына сәйкес қосымша әдебиеттерді таңдап алып, онымен оқушыларды таныстыру, олар орындайтын тәжірибелер мен бақылауларды жоспарлау; 2) жұмыстарды орындауға тапсырмалар дайындау; 3) оларды орындайтын орынды және қажетті приборларды анықтау. Физиканы оқыту үдерісінде мұғалімнің басшылығымен оқушылардың сабақтан басқа уақытта істейтін қосымша жұмыстарын физикалық сыныптан тыс жұмыстар деп айтамыз. Оқытудың түрлі әдістерін дұрыс таңдап, оқушылардың ой-өрісін, сана сезімін жан-жақты дамыту қажет. Сыныптан тыс сабақтар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, ынтасын, жауапкершілігін арттырып, ой-өрісін кеңейтеді, шапшаңдыққа, тез есептеуге, талдау мен салыстыруға, заңдылықты ашуға, зейін мен есті дамытуға, тапқырлыққа, жігерлікке тәрбиелейді.

9-сынып физика курсы бойынша үйде орындалатын эксперименттік жұмыстарға бірнеше мысал келтіріп өтсек:

1. Ермексаз бөлігінің тығыздығын анықтау.

Құрал-жабдықтар: ермексаз бөлігі, сызғыш, суы бар цилиндрлік ыдыс.

Орындалу реті:

1. Ермексаз бөлігін суға батырып, осы ыдыстағы сұйықтың h_1 өзгеру деңгейін сызғышпен өлшеңіздер.

2. Ермексаздан «кеме» жасайсыздар да, оны ыдыстағы суға жүзгізіңіздер.

3. Тағы да сұйықтың h_2 өзгеру деңгейін өлшеңіздер.

4. Ермексаздың ρ_e тығыздығын мына формуламен анықтаңыздар.

$$\rho_e = \frac{m_e}{V_e} = \frac{\rho_{cy}Sh_2}{Sh_1} = \rho_{cy} \frac{h_2}{h_1}$$

Мұндағы ρ_{cy} – судың тығыздығы, S – ыдыстың ішкі ауданы.

2. Екі серіппенің қатандықтарының қатынасын табыңыз.

Құрал-жабдықтар: екі серіппе, ақ қағаз парағы, қарындаш немесе қалам. (Серіппелерді қаламсаптардың ішінен алуға болады).

Орындалу реті:

1. Серіппелердің ұштарын қосып, қағаз парағында серіппелердің қосылған және бос тұрған ұштарын белгілейміз.

2. Қосылған нүктесі қозғалмайтындай етіп екі серіппені ұзартып, қайтадан серіппелердің ұштарын белгілеңіздер.

3. Серіппелердің ұзаруын салыстырмалы бірліктермен (мысалы, тығыз сығылған бір серіппенің орам санымен) өлшеңіздер.

4. Серіппелердің қатандықтарының қатынасы:

$$\frac{k_1}{k_2} = \frac{\Delta x_2}{\Delta x_1}$$

3. Динамометр құрастыру

Құрал-жабдықтар: 2 жұқа сым, сызғыш, ақ қағаз парағы, жіп, қарындаш немесе қалам, жұқа резеңке, 1 сіреңке

Орындалу реті:

1. 2 сымды резеңкемен жалғаймыз

2. Сызғышты ақ қағаз парағымен ораймыз

3. Жалғанған 2 сымды сызғыштың бір басына жіппен бекітеміз

4. Сіреңкені тілше ретінде сымға бекітеміз



5. Сымға 100 г затты іліп динамометр тілшесінің орналасқан жерін белгілеп аламыз да ол жерге 1 Н деп жазамыз

6. Күшті $F = mg$ формуласымен анықтаймыз.

3. Архимед заңын тексеру

Құрал-жабдықтар: суы бар ыдыс, массасы әр түрлі жүктер, динамометр, мензурка, жіп.

Жұмыстың барысы:

1. Мензурка көмегімен жүктің V_d көлемін анықтаңдар. Мензір-қадағы суға денені батырып, судың көтерілу деңгейі бойынша көлем анықталады.

2. Ығысқан су көлемі мен су тығыздығы бойынша дене ығыстыратын судың салмағын табыңдар: $m_{cy} = \rho_{cy} V_{cy}$.

3. Денені жіпке байлап, динамометр ілгегіне іліндер және оған әрекет ететін/ауырлық күшінің мәнін табыңдар.

4. Динамометр ілгегіне ілінген жүкті түгелімен суға батырып, оның су ішіндегі салмағын анықтаңдар және ығыстырушы күштің мәнін есептеңдер.

5. Ығыстырушы күш ығыстырылған су салмағына тең бе? Тексеріңдер.

6. Тәжірибені басқа денемен жасаңдар.

7. Тәжірибе нәтижелерін кестеге жазыңдар.

8. Бұл тәжірибеде Архимед заңы қандай дәлдікпен орындалатынын бағалаңыз.

Сыныптан тыс жұмыстарды жүргізгенде мұғалім негізінен мынандай мақсаттарды жүзеге асыруды көздейді: Оқушылардың физика-техникалық білімдерін толықтыру, тереңдету, кеңейту, дамыту. Мектеп оқушыларының өз бетінше жұмыс істеуге ынты-ықыласын, шығармашылық және конструкциялық қабілеттерін арттыру. Жас жеткіншектердің политехникалық дағдыларын қалыптастыру. Оқушыларды оқулықпен, ғылыми-көпшілік әдебиеттермен өз бетінше жұмыс істеуге үйрету. Жастарға саяси-экономикалық, ғылыми-материалистік, патриоттық, интернационалдық, эстетикалық тәрбие беру. Бұл міндеттердің тек физика сабағында шешімін табуы мүмкін емес. Оның көбі сабақ аясына сыймайтын әртүрлі жұмыс формалары мен әдістерін талап етеді. Физика сабағында сабақ жоспарымен келетін тақырыптарды үйренуде қатаң бекітілген сабақ уақыты мұғалім мен оқушының ынтықасын шектейді. Сондықтан сабақта тақырыптың барлығын қамтып үлгермейтіндіктен сабақтан тыс уақытта оқып-үйрену қажет.

Әдебиеттер

1. Қазақбаев Д., Насохова Ш., Бекбасар Н. 9-сынып Физика курсы. – Мектеп, 2019.

2. Апыстанов Т. Физикадан эксперимент жасау // «Математика және физика» журналы. –2004. – №3.

Е.В. Ткалич

студент Павлодарского государственного педагогического университета, г. Павлодар

ИГРОВЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ «ОТ ГЕНИАЛЬНОСТИ ДО БЕЗУМИЯ – ОДИН ШАГ»

Перед тем как начать читать данную статью, нужно ответить на риторический вопрос: «Давать реальные знания или набор букв и звуков, которые являются ключом к сдаче того или иного теста». Думаю, ответ очевиден.

Без лишних слов начнём, во-первых, нужно выделить область интересов, во-вторых, поменять подход к понятиям «Теория» и «Практика», в-третьих, нужно помнить, что перед нами ребенок и то что у него могут быть проблемы в социализации и собственной реализации, в-четвертых, круг интересов может помочь определить проблему или же наоборот уйти от них и забыть их как страшный сон.

7 класс тот этап жизни, когда приходит время прикоснуться почти ко всем наукам через родственные предметы. Будем реалистами компьютерные игры плотно вошли в жизнь нынешних школьников, скрывать не стану, в мою тоже. Именно в этот период нужно ловить момент. Для этого нужно иметь хотя бы 1 специалиста в сфере игр. Так же если учесть что Всемирная организация здравоохранения рекомендовала играть в игры в 2020 году, то пора бы уже вести компьютерные игры на порог школы как элемент культуры. Хочу обратить внимание, что я против ввода Геймификации или же Игрофикации в школьную систему обучения, а игры использовать лишь для того что бы получить от детей вопросы «А почему?», «А как?», «А возможно ли?», «Как это работает?». Вот на этом уже этапе для математических и гуманитарных предметов формируются ключи и пути подхода к заинтересованности ребенка в изучении того или иного предмета. Но как я уже говорил ранее, нужен человек, который знает что хочет спросить ученик и что он имел ввиду.

«И как это все должно работать?» – многие думаю зададутся этим вопросом. Ответ прост, во-первых, наш «Специалист» не должен играть во все игры, достаточно поверхностного ознакомления с игрой, для этого есть YouTube. Во-вторых, глубокие знания в физически-математическом направлении это важно. В-третьих, должна быть тесная связь с психологом, так как не редки случаи когда ребенок уходит «Убегает» в виртуальный мир не от хорошей жизни – значит есть проблемы, которые нужно решать. В четвертых, глубокие знания по своему предмету учителей предметников, для того чтобы объяснить тот или иной процесс в игре и в жизни как это работает.

Приведу пару примеров. В классе играми увлекается 80% обучающихся, популярной игрой в параллели является War Thunder – компьютерная многопользовательская онлайн-игра с элементами симулятора, посвящённая боевой авиации, боевым вертолётам, бронетехнике и флоту довоенного периода, а также Второй мировой войны и послевоенного периода. В классе можно провести опрос знают ли они принцип работы прибора ночного видения, если нет, то хотят ли узнать. Далее исторический аспект кто, где и с кем воевал. Так как игра является Симулятором можно много составить вопросов с точки зрения физики, истории, географии.

В случаи, когда идёт общий интерес на такие игры как Half-Life, Crysis, Lost Planet – которые являются научной фантастикой – то откры-

вается большой круг тем с точки зрения биологии, химии, астрономии, географии, физики.

Ещё возможный вариант, игры жанра Fallout, Metro постапокалиптический роман, описывающий жизнь людей после ядерной войны на Земле. Идеальная база для всех тем по физике, а так же проведения домашних экспериментов. Сюда можно включить самые веселые и интересно познавательные эксперименты, начиная как от обычной картошки запитать лампочку вплоть до того как собрать простейший счетчик Гейгера или детектор радиации на неоновой лампе, и все это быстро и доступно.

«Logic will get you from A to B. Imagination will take you anywhere»

Как говорил Альбер Эйнштейн «Логика доставит вас из точки А в точку Б. Воображение приведет вас куда угодно». Преимущества использования на занятиях игровых форм обучения состоят в том, что игровая деятельность как средство обучения обладает мотивированностью на обучение, отсутствием принуждения, индивидуализированностью, обучением и воспитанием в коллективе и через коллектив, развитием психических функций и способностей, учением с увлечением. Вместе с тем учащиеся всегда с желанием, интересом принимают предложение педагога: «Поиграть на уроке».

Для этого идеально подходит «Своя игра». Цель игры: актуализация знаний обучающихся в предметной области «Физика», а также выявление одаренных обучающихся, способных применять полученные знания в нестандартной ситуации.

«Своя Игра». Правила игры: игроки отвечают на вопросы из различных областей знаний. Каждый вопрос имеет свою стоимость. Если участник дает верный ответ, сумма переходит к нему на счет, если ошибается – очки снимаются. Игроки, набравшие большее количество очков, объявляются победителями.

В основе проведения данного мероприятия лежит презентация Microsoft Power Point. Ключевым сегментом данной презентации служат гиперссылки, и именно за счёт них происходит основная деятельность игры.

Минимальное необходимое время для проведения игры – 25 минут.

Минимальное количество человек для проведения данной игры 4 +1 ведущий. Максимальное количество человек, при котором может состояться игра – это пять групп по 5–10 человек.

Содержание игры. В игре находится 15 вопросов различного уровня сложности. Чем сложнее вопрос, тем большее количество баллов за него можно получить или потерять. Минимальный балл, который можно заработать или потерять – 100 баллов. Максимальный балл, который можно заработать или потерять – 500 баллов.

Важно отметить, что вопросы целиком и полностью создаются педагогом предметником в паре со «Специалистом», о котором я ранее говорил, так как для большей эффективности нужно охватить большой спектр интересов обучающихся. В крайнем случае, можно на уроках физики разумно использовать пословицы и поговорки как качественных задач, поскольку многие из них наполнены физическим содержанием. Например, «Много снега – много хлеба», «Как с гуся вода», «Куй железо, пока горячо». Цитируя пословицу или поговорку, сопровождать их вопросами: о каком физическом явлении, законе, или понятии говорится; каков физический смысл пословицы (поговорки); в чём её мудрость?

Хочу обратить внимание, что основываясь на личный опыт, проводя внеклассные мероприятия, а так же уроки физики, данная методика способствует осуществлению следующих задач: Повысить мотивацию ученика к изучению физики; Даёт толчок к самостоятельному изучению предмета; Расширяет кругозор ученика; Сплачивает школьный коллектив.

Литература

1. Теория и методика обучения физике в школе. Общие вопросы : Учебное пособие для студентов пед. вузов. п.р. Каменецкого С.Е. – М.: Академия, 2000. – 384 с.
2. Теория и методика обучения физике в школе. Частные вопросы : Учебное пособие для студентов пед. вузов. п.р. Каменецкого С.Е. – М.: Академия, 2000. – 386 с.
3. Межпредметные связи курса физики в средней школе. п.р. Дика Ю.И., Турышева И.К. и др. – М.: Просвещение, 1987. – 191 с.
4. Физика. Нестандартные занятия, внеурочные мероприятия 7–11 классы / Составитель М.А. Петрухина. – Волгоград: Учитель, 2004.
5. Николина Е.А. Межпредметные связи в преподавании физики [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://infourok.ru/mezhpredmetnie-svyazi-v-prepodavanii-fiziki-1167806.html>
6. Наталья Сергунова Межпредметные связи в преподавании физики [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://pedsovet.su/publ/164-1-0-1809>
7. Токарева Т.Н. Межпредметные связи в преподавании физики [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://multiurok.ru/files/mezhpredmetnye-svazi-v-prepodavanii-fiziki.html>

Ж.В. Тулемисова

*Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.
Ғылыми жетекшісі: доцент доктор PhD Л.А. Ельтинова*

БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ АРҚЫЛЫ ФИЗИКА САБАҒЫНА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Жаратылыстану пәндеріне оның ішінде физика пәнінің мектепте оқытылу жайына көңіл аудару – тәуелсіз еліміздің болашақ мамандары үшін аса маңызды. Мектеп қабырғасынан бастап қызығушылығы болып

сол мамандықты таңдайтын адамнан жақсы маман иесі болатыны белгілі. Сондықтан да мектеп қабырғасынан бастап оқушылардың болашақта жақсы маман бола алуына бағыт көрсетіп, дұрыс таңдау жасай алуына көмектесу керек. Білім алушылардың мұғаліммен жақсы, тығыз қарым-қатынас орната алуына, оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасының жақсы болуына көмектеседі. Белсенді білім беру әдістерін терең зерттеп, теорияларды іс жүзінде қолдану, нәтижелерін сарапқа салу арқылы жетістікке жету жолдары жоспарланды, ерекшеліктерін ескере отырып, кәсіптік білім беру орындарын бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Білім берудің негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Қазіргі таңда мемлекеттік тілді оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы. Белсенді оқыту әдісі оқушылардың физикаға деген қызығушылығын арттыруға, өмірде кездесетін физикалық құбылыстарды білуге көмектеседі.

Мен практика кезінде 7 сынып оқушыларына белсенді оқыту әдісін қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығы мен дамуының негізгі әдістерін қолдандым. Келесі сұрақтарға жауап алдым: Оқыту әдістері оқушыларды жетілдіруге қалай әсер етеді? Белсенді оқыту әдісінің басқа әдістерден артықшылығы неде жетілдіруге қалай әсер етеді?

7 сынып негізгі мектеп физикасының оқу бағдарламасына негізделген. Зерттеу гипотезасы – физика сабағында әр түрлі ойындар мен есептер арқылы сабақты қызықты және де танымдық бағытта өтуге мүмкіндік береді.


Оқытудың жаңа технологиясын пайдалану – сапалы білім негізі. Осы мақсаттарды жүзеге асырғанда оқушының пәнге деген қызығушылығы артады. Сөйтіп оқушылардың танымдық белсенділігін жетілдіруге болады. Өз сабағымда оқушыларды шығармашылық жұмысқа жұмылдыра отырып, іскерлікке баулимын және ақпараттық технологиялар пайдаланамын. Қазіргі кезде жаңа оқыту әдісіне көптеген заңдар мен қаулылар қабылданып жатыр. Себебі жас мамандар – бұл елдің болашағын көркейтетін, ертеңгі күні Қазақстан Республикасының басқа елдерге танытатын адамдарды тәрбиелейтіндей жеткілікті түрде көңіл бөлу керек. Қазіргі кезде елімізде жаңа оқыту технологиясына ауысу туралы заңдар қабылданды. Көптеген қалалар мен ауылдарды жаңа оқыту технологиясы қолданыста. Қазіргі уақытта жас мамандардың даярлық сапасының деңгейі төмен болуы олардың орта және жоғары мектептерде алған білімдерінің нашарлығына байланысты екенін зерттеулер көрсетіп отыр. Сондықтан физика сабақтарында білімгерлердің шығармашылық қабілетін дамыту тұрғысынан тиімділігін арттыру бүгінгі жоғары және орта мектепте физиканы оқыту теориясы мен әдістемесінің педогогикалық зәру мәселесінің бірі болып отыр. Жаңа оқыту әдісі бойынша

мұғалімдер пәнді оқытуда жеткілікті уақыт бөле білулері керек, оқушының білімі мен дағдыларын дамытуда ғана емес, жалпы алғанда оның оқуын барынша даралау және баланың бойында метасананы – қалай оқу керектігін үйренуді қалыптастыруға мән бере отырып, оны тұлға ретінде дамытуда икімдік танытулары тиіс. Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің басты қайшылығы – тез өсіп бара жатқан жаңа білімдер қарқыны мен жеке тұлғаның оларды игерудегі шектеулі мүмкіндіктері арасында. Психологтар оқу материалын қабылдауда, түсінуде және меңгеруде ойлағыштық және бейнелік компоненттердің байланысын зерттеп, адамның қабылдаған барлық ақпараттарының 90%-ға жуығы көру каналы бойынша түсетіндігін анықтады. Көру анализаторының өткізу қабілеті естуге қарағанда, 100 есе жоғары болатындығын айтқан болатын. Сондықтан, физика сабағында физикалық приборларды әр сабақ төңірегіне тақырыпқа сай қолданып отырамын.

Мен сабақ бастамас бұрын сабақты өткізу барысында сынып арасында біріншіден, жайлы орта қалыптастырамын. Яғни, оқушыларға білімді дайын күйде бермей, ізденуге бағыт-бағдар беремін. Екіншіден, әрекет арқылы оқушыларды үйретемін/үйренеді. Оларды белсенді әрекеттерге баулып, олардың білім игеру әрекетін ұйымдастырамын. Үшіншіден, физикалық және астрномиялық ұғымдарды өмірмен байланыстыруына бағыттаймын. Үйрену мен үйретуді пратикалық әрекеттерге негіздеу арқылы физика пәнінен тақырыпты күнделікті өмірде туындайтын проблемаларды шешуге оқушыларды қалыптастырамын. Төртіншіден, өзіндік пен дербестікке баулимын. Яғни, оқушылар жауап бере алмаса, дұрыс жауапты өзім бермей, сұрақтың жауабын басқа оқушылардың табуына ықпал жасаймын.

Оқушылардың белсенділігін арттыру үшін көптеген әдістерді пайдаландым. Олар: ой сергек (топ болып сабақты талдау), сократтық диалог (диалог арқылы басқарушылық әдісі), шешімдер терегі (мәселені жағдаят арқылы шешу), 635 (6 оқушы 5 минут ішінде 3 идея ұсыну), 515 (мұғалім оқушыларға мәселені жазбаша түрде 15 идеяны 5 минут уақытта шешуге мүмкіндік бердім), Кейс стади (мәтінмен танысып мәселенің себебін, шешімін, сұрақтарына жауап беру), жоба жазу (мұғаліммен кеңесе отырып жобанын мақсатын, зерттеу нәтижесін, есеп беру мен қорытындыны талқылай отырып жоба жасау), кубик әдісі (кубиктің әр бетіне сұрақтар жазып, кубиктің түскен бетіне жауап беру), шынжыр әдісі (оқушыларға тізбекпен сұрақтар қою арқылы жауап алу), ыстық орындық әдісі (сабақ соңында сабақты қорытындылау үшін жеке оқушыларға сұрақ қою), релаксация әдісі(шаршаған оқушыларға үзіліс жасап, жаттығулар, видеолар көру), миға шабуыл (сұрақтар қою), жұптасқан әдіс (өтілген тақырып бойынша жұп болып берілген сабақты қорытындылау), шырмауық әдісі (өтілген сабақ бойынша жіпті сұрақ қойып басқаларға лақтыру), шығармашылық үй тапсырмасы (берілген тапсырма бойынша сурет салу, құбылыстарды фотоға түсіру, үй жасалы-

натын зертханаларды жасап көру, кроссворд жасау, т.б) және көптеген әдістер арқылы оқушылардың қызығушылығын, ынтасын танытуға болады. Мысалы: 1. Миға шабуыл әдісі. Төменде берілген суреттегі заттарды пайдалана отырып, зертханалық жұмысты орындап, қандай құбылыс екенін табу. Осы құбылыс сабақтың тақырыбы болып табылады.



2. Шырмауық әдісі. 1) Заттың тығыздығы дегеніміз не? 2) Масса мен салмақтың айырмашылығын ата. 3) Күштің өлшем бірлігін ата. 4) Деформацияның неше түрі бар. 5) Үйкеліс күші дегеніміз не? 6) Жол мен орын ауысудың айырмашылығы неде?

3. Шынжыр әдісі. Сұрақтарға кезекпен жауар беру керек.

Жол (м)	Уақыт (с)
7 км = м	12 сағ = с
65 см = м	45 мин = с
300 мм = м	0,5 сағ = с

4. Шығармашылық әдісі. Суретте берілген кейіпкерлердің қандай қозғалысқа қарап кестені толтыру.



	1	2	3	4	5
Автобусқа қатысты қозғалыстағы кейіпкерлер					
Автобусқа қатысты тыныштық күйдегі кейіпкерлер					

Қорытынды: мен практикада барысында белсенді оқыту әдісі оқушылардың сабаққа және физикаға деген қызығушылығын арттыруға, олардың жан-жақты дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білуге қалыптастыратынын байқадым. Осындай жаңа әдіс-тәсілдерді жаңа форматта жоспарлап, жаңа технологияларын тиімді пайдаланып, сабақ беру ұстаздар үшін де өте тиімде, әрі қызықты деп ойлаймын.

С.П. Эманова

*Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.
Ғылыми жетекшісі: PhD доктор, доцент Р.Н. Асылбаев*

МЕКТЕП ФИЗИКА КУРСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ КҮН ЭНЕРГЕТИКАСЫ НЕГІЗДЕРІН ОҚЫТУ

Бүгінгі күнде энергия ең көп талқыланатын ұғымдардың бірі. Оның физикалық мағынасынан басқа экономикалық, техникалық, саяси және басқа да аспектілері бар.

Н.Ә. Назарбаевтің «Қазақстан – 2050 стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында энергияның баламалы түрлерін ендіруді дамытып, сарқылмайтын энергия көздерін пайдаланатын технологияларды енгізу туралы айтылған. Осыған орай, Қазақстанның жаңа стратегиялық даму жоспарына сәйкес 2050-ші жылға дейін қолданыстағы жалпы энергияның 50% баламалы энергия көздерінен өндірілуі тиіс.

Бүгінгі таңда әлемнің ғалымдары энергияның жаңа көзін іздестіріп келуде. Әрине, көгілдір отын және көмірмен жұмыс істейтін энергия көздері арзан қуат бере алады, бірақ олардың қоры шектеулі. Сондықтан күн мен желден энергия өндіру бағытында жаңғыртылатын қуат көздерін құру болашақ үшін өте маңызды. Қазақстанда Күн энергиясын пайдалануға қолайлы жағдай бар. Әсіресе еліміздің оңтүстік аймақтарында энергияның балама көздерін пайдаланған әлде қайда ұтымды. Сарқылмайтын энергия көздері бойынша Қазақстан жан басына шаққанда алдыңғы қатарда.

Баламалы энергия көздерін зерттеп, қолданысқа күн үшін білікті мамандар дайындау қажет. Энергетика мәселелерін шешудің негізінде физикалық білім жатқандықтан, мектептерде болашақ энергия көздерін оқып – үйрететін, инженерлік мамандықтарға бейімдейтін элективті курстарды оқу үрдісіне енгізу оқыту саласындағы өзекті мәселелердің бірі болып тұр. Еліміздегі энергетика ресурстарын дұрыс пайдалану, жаңа энергия көздерін ашып өндіріске күн проблемаларын шешу үшін мектептен бастап физика пәнін оқыту мәселесіне үлкен көңіл аудару қажет. Соның ішінде, электр энергетикасының физикалық негіздері мен болашақта кеңінен қолданылатын баламалы энергия көздері туралы оқушылардың білімдерін кеңейту керек.

Негізгі мектеп бітірушілеріне физикалық білім беруде саралап оқытуды іске асыру, шығармашылық компетенттігін қалыптастыру, физика, география, экология, экономика пәндерінен алған білімдерін интеграциялау, оқытудың түрлі әдіс – тәсілдерін үйлестіре қолдану оқыту бағдарламасының ерекшеліктері болып табылады. Сондықтан отынның қарапайым түрлерін пайдалануда тиімділігін арттыру үшін, оның құрамын өзгертіп, энергиясын арттыруға негізделген.

Күн энергетикасы – адамзат дүниеге келгеннен бері көзін ашқалы ең алдымен күн жылуын сезінеді. Адамзат қоғамының даму тарихы – бұл, ең алдымен, алуан түрлі ресурстарды пайдалану тарихы. Табиғат қоғам дамуының барлық кезеңдерінде адамның мекен ортасы болумен қатар, оны тіршілігі мен шаруашылық әрекетіне қажетті ресурстармен қамтамасыз ететін шикізат көзі болып келеді. Адамзаттың шикізатты пайдалану ауқымы мен деңгейі қоғамның әлеуметтік – экономикалық қажеттіліктерімен анықталды, яғни шикізат түрлеріне сұраныс. Жер шарында халық санының күнімен, өндірістің қарқынды дамуымен байланысты жылдан – жылға арту үстінде. Мысалы: соңғы XX ғасыр ішінде жер қойнауынан адамзаттың бүкіл тарихында өндіргенінен әлдеқайда көп пайдалы қазбалар алынған. Тек соңғы жүз жылдың өзінде ғана қазба отын түрлерін тұтыну мөлшері 30 есеге жуық артқан. Қазіргі кезде адамзаттың жыл өткен сайын артып келе жатқан сұранысын өтеу үшін бұрынғыға қарағанда әлдеқайда көп шикізат қажет болуда. Мұның өзі шикізат пен энергетика проблемасын ауқымы жағынан ғаламдық проблемалар қатарына жатқызуға себепші болып отыр. Аталған бағдарлама бейін алды оқыту жүйесінде оқушылардың энергетика инженері мамандығын таңдауға себін тигізеді. Бей Күн энергиясын алудың дәстүрлі әдістерінің бірі күн энергетикасы – экологиялық қолайлы болып табылады.

Күн энергияның пайдалы тұстары:

1. Халықты үздіксіз қамтамасыз етеді.
2. Энергия тиімділігін арттыру күрделі шығындарды қысқартуға мүмкіндік береді.
3. Мұхиттар мен теңіздер үздіксіз үлкен мөлшерде электр энергиясын өндіргендіктен, оның қорлары таусылмайды.
4. Халық тығыз орналасқан аймақтарда электр тәуелділігінен арылады.

Бірақ осы энергия саласының зиянды тұстары да бар. Олар мыналар:

1. Бөгеттің бұзылу қаупі.
2. Пайдалы жерлерден айырылуы және жер қолданысының өзгеруі.
3. Халықтың лажсыз қоныс аударуы және т.б. өзіндік оқыту барысында болашақ оқу бағытын таңдауға көмектеседі.

Бүгінгі таңда техника саласы, ақпараттар ағымының қарқындауы энергия тапшылығын тудыруда. Бұл мәселені шешкен көптеген шет елдері – АҚШ, Германия, Канада т.б бірқатар елдер табиғи энергия көздерін пайдалануда. Біздің елімізде де экологиялық таза табиғи энергия көздерін пайдаланудың мүмкіндіктері бар, оны пайдалануда. Бұл жағдайда білім берудің мақсаты – оқушыны шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін меңгерген, қабілетті тұлға ретінде дамыту болып табылады.

Ал бағдарламаның мақсаты:

– Оқушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал жасау;

– Түрлі ақпараттар көздерін пайдалану арқылы өз бетінше білім алуға дағдыландырып оқушылардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру;

– Физикалық процестерді модельдей білуге икемділігін қалыптастыру; энергиясын өңдеп алудың әдістері туралы оқушылардың теориялық білімдерін кеңейту және тереңдету; «Нағыз білім – өз бетінше оқып алған білім» – деп үйретеді халық даналығы. Осыған сәйкес, оқытудың барлық әдістері мен тәсілдерінің түпкі міндеттері оқушыларды өз бетінше оқуға үйрету болып саналатынын әр мұғалім ұдайы есте сақтап, оны әрқашан басшылыққа алып отыруы керек. Бұл тұста физиканы оқыту процесінде де мүмкіндіктер мол, бірақ оған мұғалімнің ұйымдастыру – басшылық ролі әбден қажет етеді.

Осыған сәйкес «Қазақстан Республикасының мектеп физикасынан білім беру тұжырымдамасының» 4-бөлімінде: «физиканы оқытудың біртұтас оқу-әдістемелік жүйесі оқушының дамуын қамтамасыз етуі керек» деп анық көрсетілген. Оқушылар 9-шы сынып физика курсына алғашқы, ең қиын қадамдарын жалпы физика курсының кинематика бөлімін оқып-үйренуден бастайды. Осыған сәйкес біз оқушылардың ең қиын қадамдарын оңай жолмен, өмірмен байланыстыра отырып, пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып түсіндіруіміз керек. Оқушылардың ойлау қабілеттерін қалыптастыратын ғылым саласының бірі – физика пәні болып табылады. Физика ғылымы арқылы оқушылар табиғатта болып жатқан құбылыстарды, заңдылықтарды, процестерді бақылайды, зерттейді және өз білімін жетілдіреді.

Осылайша физика курсына оқытуда күн энергиясын өңдеп алудың дәстүрлі және баламалы әдістері арқылы оқушылардың теориялық білімдерін кеңейтуге, тереңдетуге, олардың білімдерін, физика пәніне деген қызығушылығын арттыруға және дамытуға болады.

ИНФОРМАТИКА

С. Абдрахман, К.М. Мухамедиева, Г.Ш. Нургазинова

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.

ARDUINO ПЛАТФОРМАСЫН ОҚЫТУДА ВИРТУАЛДЫ ЛАБОРАТОРИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Андатпа. Бұл мақалада заман талабына сай жаңа технологиялардың маңыздылығы, Arduino модулінің тарихы, атқаратын қызметі, құрлысы және пайдаланушыға жұмыс жасауға мүмкіндік беретін әдістемелік нұсқаулық баяндалған. «Smart house» жобасының ылғалдылық сенсоры, қозғалыс сенсоры, ІІС OLED SSD1306 құрылғыларының нақты нәтжелі жұмыстармен толыққанды танысуға мүмкіндік береді.


Кіл сөздер: Arduino, Smart house, сенсор, робот.

Сөзімнің басын Ұлы Абай атамның: «Адам баласы, адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады», – деген сөзімен бастағым келеді. Бұл сөздер қазіргі заман талабына сәйкес бәсекеге қабілетті тұлға болу үшін қажет нәрсе – ақыл мен ғылым екенін айқын бейнелеп тұр. Қазіргі заман білекті емес, білімді басты қару ететін заман. Жастардың сапалы білім алып, тәрбиелі, парасатты азамат болып қалыптасуы үшін мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсетіліп жатыр. Өскелең ұрпаққа жүйелі білім беру мақсатында білім беру жүйесінің құрлымына өзгерістер енгізіліп, білім мазмұны жаңартулармен толықтырылып жатыр. Жаңа реформаға сәйкес елімізді өркениетке апарар жолдың бастауында тұрған мектеп пен еліміздің ертеңі болып, тізгінін ұстайтын азаматтарды тәрбиелейтін жоғары оқу орындары өз жұмыстарын жүйелі жүргізуде.

Өздеріңізге белгілі мемлекетіміз «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекітті. Бағдарламаның басты мақсаты – цифрлық технологияларды пайдалану және дамыту арқылы мемлекет экономикасының бәсекелестілігін, халық өмірінің сапасын арттыру. Елбасының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында цифрлы технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіс екеніміз айтылған. Сондай-ақ, 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлы қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керектігі назарға алынған.

Қазақстанда да STEM – білім, берудің белсене дамуы басталды. Жаңа білім беру саясатын жүзеге асыру үшін оқу бағдарламасына жаңа технологияларды, ғылыми инновацияларды, математикалық үлгілеуді дамытуға бағытталған STEM –элементтерді енгізу жоспарланды. Білім беру бағдарламаларында робототехника маңызды мәнге ие болып отыр.

Қазіргі таңда жасанды интелекті жобалауға арналған бірден – бір бағдалама – Arduino модулі. Бұл жобаның негізі – мамандандырылған тілде контроллер үшін код жазуға болатын базалық аппараттық модуль және бағдарлама, әрі ол бұл модульді қосуға және бағдарламалауға мүмкіндік береді (1 – сурет) [1].



1-сурет. Arduino платформасы

Arduino тарихына келер болсақ, 2002 жылы бағдарламашы Массимо Банци Ивреа қаласындағы институтқа доцент лауазымымен жұмысқа тұрды. Осы институт қабырғасында Паралекс компаниясының Basic Stamp платформасын қолданды. Бұл платформаның екі кемшілігі болды, біріншіден есептеу қуатының кемшілігі, екіншіден құнының жоғарылығы болды. Осы платформамен оның компонентерін қосқанда оның құны 100 доллардан асты. Сонда Массимо және оның әріптестері құны 30 доллардан жоғары болмайтын, қолданыста жеңіл, студенттерге қол жетімді баспа тақтасын жасауды жөн көрді. Массимо бұл құрылғының басқа құрылғылардан ерекше болуын қалады. Сондықтан ол бұл құрылғыны әдеттегідей жасыл емес көк түсте шығарды.

Arduino және оның тектерінде дайын электронды блоқ, бағдарламалық қаматамсыз етіп тұратын жиынтықтар бар. Arduino микроконтроллер, тұрмыстық һәм индустриялық автоматизация, роботизация және датчиктер мен сенсорларды басқаруда қолдануға болатын керемет құрылғы. Жаңа электронды құрылғыны жасау үшін Arduino тақтасы, кабельдік байланыс және компьютер болса жеткілікті. Жобаның екінші бөлігі басқаруды жасау үшін ол Arduino-ны қолдану болып табылады. Arduino басқару да аралас C++ тілдерінің негіздерін білсек жеткілікті. Егерде аталған бағдарламалық тілді білмесеңіз мына <http://www.cplusplus.com/doc/tutorial/> сілтемеден қарап шықсаңыз болады [2].

Кез келген роботтың мәні – бұл процессорлық базасы және бағдарламасы (немесе бағдарламалар жинағы) бар аппараттық құралдар. Сондықтан, бағдарламалау тіпті ең қарапайым роботты құру процесінің

ажырамас элементі болып табылады. Үйренуші Arduino модулін бағдарламалауды үйренгеннен кейін, қатарына роботтар да жататын қызықты және пайдалы электронды құрылғыларды құруға дайын болады. Arduino платформасымен танысу және эксперименттік жұмыстарды жасауға арналған кітапхананы ұйымдастырдым, оны мына <https://drive.google.com/open?id=1pXMv0WtCmqOnzYImpj7-hMEaUYZehLyu> сілтеме арқылы көре аласыз. Кітапхана пайдаланушыға бағдаламалауды жеңілдету үшін әр түрлі құрылғылармен жұмыс жасауға арналған кодтар мен сызбалардан тұрады [3].


Arduino контроллеріне қуат көзі келгенде оған жүктелген сол бағдарламаны орындау автоматты түрде басталады, егер бағдарлама жоқ болса немесе дұрыс жазылмаса, іркіліс болады, ол не команданы орындауды тоқтатады, не бағдарламаның кіріптарлығына әкеледі. Орындалатын бағдарламаның нөмірі жадының арнайы ұяшығында сақталады, ол команда санауышы деп аталады.

Қазіргі жаһандану дәуірінде озық технологиялар біздің өмірімізде ерекше мәнге ие. Нақтырақ айтар болсақ, ішкі және сыртқы жағдайларға сәйкес автоматты режимде инженерлік жүйелер мен басқарудың барлық тәртібін бақылай отырып, адамның өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау. Соңғы еніп жатқан жаңалықтардың бірі «Smart house». Автоматтандыру құралдарымен және жоғары технологиялық құрылғылармен жабдықталған тұрғын үй кімнінде болмасын таңданысын тудырады. Орын алған нақты жағдайды анықтап, оларға тиісті жауап бере алуы ақылды үйдің артықшылығы. Ақылды үй құрылғылары барлық элементтер жүйесін бір-бірімен қосатын және оларды сыртқы ортамен байланыстыратын бақылау құрылғылары, қоршаған орта жағдайы туралы ақпарат алатын құрылғылар және тікелей нұсқауларды орындайтын құрылғылар деп үш түрге бөлінеді. Ақылды үйдің тағы бір артықшылығы қауіпсіздіктің сақталуы. Бейне бақылау, видеотелефондар, электрондық құлыптар және қақпаны басқару модульдері, бұл құрылғылар қарапайым жүйеден өте күрделі қауіпсіздік жүйелерін орнатуға мүмкіндік береді.


«Smart house» жобасы аясында мен өзімнің зерттеу жұмыстарымды бастап кеттім. Жылы жайдың температурасын, ылғалдылығын реттеу, жарық шамдарын, ауа баптағышты смартфон арқылы басқару, әр түрлі анимация мен графикалық кескіндерді IC OLED SSD1306 құрылғысы арқылы бейнелеу сынды жұмыстар өз нәтижесін берді. Ендігі кезекте ақылды үй жүйесінің бірнеше құрылғыларын мысалға келтірейін.

Ылғалдылық сенсоры жылы жайдың немесе т.–б. топырақ ылғалдылығын анықтауға мүмкіндік береді (2-сурет).


Мұндай сенсорлар көбінесе қауіпсіздік жүйелерінде және бөлмедегі қозғалысты анықтау үшін қолданылады. Мысалы, қозғалысты анықтау принципіне негізделген кіреберіс немесе жуынатын бөлмеде жарық автоматты түрде қосылады (3-сурет).



2-сурет. Ылғалдылық сенсоры сызбасы



3-сурет. Қозғалыс сенсорының сызбасы



4-сурет. ІІС OLED SSD1306 құрылғысының сызбасы

ІІС OLED SSD1306 құрылғысы бізге ағымда жұмыс істеп тұрған құрылғылардан ақпаратты беруге, анимациялар, 3D сызба нұсқалар мен графиктерді көрсетуде пайдалануға болады.

Сөзді қортындылайтын болсақ бір мезетте бірнеше жұмысты атқара алатын құрылғылар материалдық құндылықтарды қуып жүрген біздерге рухани дамуға уақыт сылайтыны анық. Әрі роботты құрастыру заман талабынан бөлек дамуға, ғылымға жетелейтіні шүбәсіз.

Әдебиеттер

1. Ревич Ю. Занимательная электроника. – Петербург: ВХБ, 2015.
2. Петин В. Проекты с использованием контроллера Arduino. – 2-е издание. – 2015.
3. Торо Карвинен, Киммо Карвинен, Вилле Валтокарри. Делаем сенсоры. Проекты сенсорных устройств на базе Arduino и Raspberry Pi. – 2015.

ОҚУ ҮРДСІНДЕГІ ОНЛАЙН РЕСУРСТАРДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Андатпа. WebRoom-ды пайдалану-бұл жеке интерактивті виртуалды бөлмеде оқуға немесе қарсы алуға ең оңай және тиімді жолы. WebRTC технологиясының арқасында ештеңе орнатудың қажеті жоқ.

Мақалада виртуалды бөлменің мүмкіндіктері, білім беру ортасында Webroom бағдарламасының қолданылуы жайлы айтылған. Жүйені кездесулер мен бірлескен жұмыстарды ұйымдастыру және ұсыну үшін, білім беру жүйесінде қолданылуын дербес бағалауға болады.

Түйін сөздер: WEBROOM, қашықтықтан оқыту, виртуалды бөлме.


Қашықтықтан оқыту – білім алушы мен педагог қызметкерінің жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту. Қашықтықтан білім беру технологиялары қашықтықтан оқу сабақтарын «online», «offline» режимінде өткізуге негізделген. Қазіргі кезде онлайн оқу бағдарламалары өте көп. Мысалыға: ZOOM, APPEAR, Moodle т. б. Әрине, ұқсас қосымшалардың саны екі сипатталумен шектелмейді. Сіздерді бейнеконференцияларды ұйымдастырудың жеңіл қолжетімді және тегін сервистерімен тағы бір таныстырғым келеді. Ол WEBROOM бағдарламасы.

WebRoom – бұл нақты уақыт режимінде аудио, бейне және чат арқылы сөйлесуге мүмкіндік беретін браузер негізіндегі виртуалды бөлме. Оның тарихы туралы айта кетсек, алғашқы өнім идеясы 2012 жылы дүниеге келді. Edtech термині құбылыс болғысы келген кезде. iTeach.world (бұрын LingoEducation.com) бастапқыда студенттердің сөздік қорын оқу арқылы дамытуды жеделдету үшін жасанды интеллект құралы ретінде бастаған. Жан-Пьер Гиттард, webroom Education иесі, әрдайым оқыту мен технологияларға терең әуестеніп, оған тоқталған жоқ [1].

Кейіннен көптеген мұғалімдер мен мектептер арқылы қарапайым кеңейтілген оқыту басқарудың күрделі жүйесіне айнала бастады. Виртуалды сынып бөлмесі өнімнің маңызды ерекшелігіне ие болды. Техникалық жағынан білікті мұғалімдер үшін әмбебап шешім ұсыну үшін құралдар мен функцияларды тыңдап, әзірлей бастады. Осы уақытта WebRTC негізінде бірінші виртуалды бөлмелердің бірі болған виртуалды сынып құрылды. 2017 жылы мамыр айында виртуалды бөлмеге жеке өнім ретінде қол жеткізілді. Яғни ол бөлме WebRoom.net [2]. Содан бері webroom 180 елде пайдаланушыларды оқыту, кездесу және бірлесіп жұмыс істеу үшін қолданылады.

WebRoom-онлайн-кездесулер өткізу үшін тегін қызмет. Ол арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуді жүктеуді талап етпейді. Webroom қатысушыларды жинау үшін, сіз жай ғана сіздің аты – жөніңіз бен электрондық пошта мекенжайын енгізесіз. Сіздің конференц-залыңыз электрондық пошта мекенжайын енгізуді аяқтағаннан кейін іске қосылады. Веб-бөлме ашық кезде, адамдарға қосылуға және студенттерге шақырту оларға хат жіберуге болады. Ол үшін қатысушылардың электрондық мекен-жайларын енгізу қажет. Артықшылықтары: Онлайн тиімді сабақтар мен кездесулер өткізгісі келетін мұғалімдер, мектептер үшін тиімді. Талап бойынша веб-трансляция, жеке чат, нақты уақыттағы шынайы чат, экранды ортақ пайдалану, бейне-конференция болып табылады [3].

Қазіргі таңда елімізде болып жатқан «Коронавирус» індетіне байланысты карантин жарияланды. Қазақстанда осыған байланысты білім беру мекемелерінде онлайн сабақтар өткізілуде. Біз өзіміздің жобаларымызды білім беру робототехника сабағында Tinkercad – ты қолданып Arduino онлайн симуляторда осы WEBROOM бағдарламасы көмегімен тікелей онлайн бейнеконференциямен орындап жатырмыз (1-сурет).




1-сурет. WEBROOM жүйесін робототехника сабағында пайдалану

Сонымен, веб – бөлменің қашықтықтан оқыту үшін онлайн сабақтар өткізілуіне қолайлы бағдарлама екендігін айтсақ болады. Оның көптеген мүмкіндіктері бар. Мысалыға: жұмыс аймағында, сабаққа қажетті сайт сілтемелермен бөлісе аласыз, барлығын көре алатын өз құжаттарыңызды жүктеуге болады. YouTube-тағы сілтемені қойып, бейнеролик көрсету мүмкіндігі бар, бұлда сабақ тақырыбын Webroom-да талқылауға көмектеседі. Біз презентацияны жүктеп, виртуалды бөлмеден шықпай-ақ көре аламыз. Сондай-ақ, файлдарды жүктеуге болады. Мысалы, оқу немесе талқылау мақсатында дәрісті оқуға немесе практикалық сабақтарда қолдану үшін қолайлы. MP3 жүктеп және

конференция қатысушыларымен тыңдауға болады. Бағдарламаның ауқымдылығы тақырыпты тереңінен түсінуге мүмкіндік беруінде.


WebRoom-ды пайдалану – бұл сіздің жеке интерактивті виртуалды бөлмеде оқуға немесе қарсы алуға ең тиімді жолы болып табылады. Webroom онлайн конференциялардың жаңа сервис құралы. YouTube-тағы бейнероликті сілтеме арқылы тікелей Webroom да көрсету мүмкіндігі бар, бейне жұмыс кеңістігінде ашылады. Бұлда сабақ тақырыбын Webroomнан шықпай тікелей бейнеконференцияда отырып сабақты түсініп, талқылауға көмектеседі.

Біз Webroom бөлмесінде YouTube-тағы видео сілтеме қою мүмкіндігі арқылы Arduino сабақтарын тікелей бейнеконференцияда көрдік. Сол арқылы тақырыпты кеңінен түсіндік (2-сурет).




2-сурет. Webroom бөлмесінде YouTube-тағы Arduino сабақтары жайлы бейнеролик

Сонымен қатар, WebRoomда мәтіндік кеңістік бар. Чатта сөйлесуге болады. Әрине, мәтіндік кеңістікті жазбаша хабарлар үшін пайдалануға болады немесе онлайн трансляция кезінде туындайтын оқушылардың сұрақтарын талқылап сөйлесуге қолайлы (3-сурет).



3-сурет. Мәтіндік кеңістік

Қосымшаның жұмыс кеңістігінде «ақ тақта» үшін орын қарастырылған. Ортақ пайдалану және талқылау үшін тақтаға сурет салуға немесе файлды жүктеуге болады. Қарапайым сурет құралдарынан басқа және суретті жүктеу мүмкіндіктерінен басқа, зерттеу объектісіне назар аударуға мүмкіндік беретін уақпа бар (4-сурет).



4-сурет. Webroom жүйесіндегі «Ақ тақтаны» пайдалану мүмкіндігі

Ақ тақта оқу материалын оқуда проблемалар туындаған оқушыларға көмек көрсету үшін пайдаланылуы мүмкін. Ақ тақтада мәтіндік жолды енгізе отырып, сіз сөйлескен кезде оқу тапсырмасын шешу алгоритмін көрсетуге және түсініктеме беруге болады.

Осылайша, бұл сервис оқушылармен жылдам бейнеқоңыраулар ұйымдастыру, сондай-ақ қашықтықтан оқыту үшін тамаша құрал болады.

Бейнесессия аяқталғаннан кейін қатысушылардың әрқайсысы электрондық пошта арқылы қатысушылар туралы хаттама, сессия уақыты, ең бастысы, конференция кезінде бекітілген бейнелерге, құжаттарға және тұсаукесерлерге сілтемелер алады.

Қорытындылай келіп, WebRoom-бұл қызықты және тиімді онлайн сабақтар мен веб-кездесулер үшін барлық мүмкіндіктері бар тегін виртуалды бөлме. Онлайн тиімді сабақтар мен кездесулер өткізгісі келетін мұғалімдер, мектептер мен кәсіпорындар үшін қолайлы.

Әдебиеттер

1. Copyright WebRoom Education, Inc.
2. Гольчевский Ю.В. О безопасности Интернет-сайтов под управлением системы управления контентом Joomla / Ю.В. Гольчевский, П.А. Северин.
3. Граф Х. Создание веб-сайтов с помощью Joomla! 1.5 : [популярное учебное пособие по Joomla!, обновленное с учетом последней версии системы] / Х. Граф; [пер. с англ. Н.А. Мухина]. – М. : Вильямс, 2009. – 294 с.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЭЛЕМЕНТОВ ДОПОЛНЕННОЙ РЕАЛЬНОСТИ В ЦИФРОВЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ РЕСУРСАХ

Аннотация. В данной статье рассматриваются возможности применения дополненной реальности в учебном процессе, в виде одного из инструментов информационно коммуникационных технологии. Этот инструмент положительно способствует усвоению материала за счет визуальной демонстрации какого-либо объекта или процесса. Ключевое отличие дополненной реальности от статичной картинки или видеоролика является внедрение цифровых объектов в окружающее нас пространство.

Ключевые слова: дополненная реальность, цифровой образовательный ресурс, учебный процесс, информационно коммуникационная технология.

Одной из актуальных задач, которые ставит перед собой современное образование в период повсеместной цифровизации общества – это изучение и использование передовых информационных коммуникационных технологий. В условиях этой повсеместной цифровизации интерактивность современных цифровых образовательных ресурсов (ЦОР) обеспечивается за счет реализации новейших технологий дополненной и виртуальной реальности.

Дополненная реальность, на сегодняшний день, является одним из самых актуальных и интересных видов интерактивных технологии. Применение данной технологии можно встретить во многих областях нашей жизни, будь то это образование, наука, инженерия. Дополненная реальность (augmented reality) – одна из новейших и перспективных технологий, используемая для визуализации объектов. Обратим внимание на образовательный аспект. Использование методов и технологий дополненной реальности в образовании значительно увеличит эффективность подачи и представления учебной информации. Используя технологии дополненной реальности в ЦОР можно создавать от простого примечания со всплывающими текстами и картинками до масштабных визуальных эффектов с музыкой, анимацией и прочими интерактивными элементами. Имеется возможность создавать виртуальный трехмерный объект, который детально покажет все особенности предмета со всех ракурсов [1].

Цифровые образовательные ресурсы с элементами дополненной реальности позволят повысить качество представления и содержания учебного материала [2].

Но как работает эта дополненная реальность, из каких элементов она состоит? Ответ на этот вопрос может быть достаточно расплывчатым, так, как все будет зависеть от программ и программных обеспечений. Есть огромное количество программ, которые могут отличаться как по сфере применения, так и по навыкам пользователя.

В данной статье мы хотим описать пример использования технологий дополненной реальности на примере программы Vuforia. Она может работать в виде дополнительного программного обеспечения к программе Unity, в свою очередь являющаяся игровым движком; так и в виде самостоятельной программы, и работает на операционных системах Windows, iOS и Android.

Рассмотрим примеры использования элементов дополненной реальности в разработке цифровых образовательных ресурсов по робототехнике и информационным коммуникационным технологиям (ИКТ).

На рисунке 1 отображен процесс объяснения материала на тему «Перспективы развития ИКТ», где используется элемент дополненной реальности с анимированными 3Д объектами и инфографикой. Примененная анимация на 3Д объекты дает возможность проследить последовательность развития ИКТ. Подача материала в форме инфографики дает наглядное представление состава элементов каждого этапа развития.




Рисунок 1. Элемент дополненной реальности на тему «Перспективы развития ИКТ»

На следующем рисунке 2 изображен элемент дополненной реальности, разработанный на тему «Основные элементы модуля EV3» по дисциплине образовательная робототехника. Данная 3Д модель является прототипом сконструированного образовательного робота. Используемая анимация дает возможность рассмотреть данного робота с разных ракурсов, что дает возможность наглядно объяснить из каких основных частей состоит робот.

На рисунке 3 отображена внутренняя схема датчика касания. Данный элемент дополненной реальности рассматривает строение датчика, которая в последующем дает возможность представление его в процессе использования и программирования.




Рисунок 2. Элемент дополненной реальности на тему «Основные элементы модуля EV3»




Рисунок 3. Элемент дополненной реальности на тему «Датчики»

Представленные нами элементы дополненной реальности воспроизводятся после наведения на рисунок и считывания его.

Таким образом, внедрение в учебный процесс элементов дополненной реальности дает наглядное представление отобразить процессы развития, результаты эксперимента, представить объекты в 3Д модели и многое другое, что способствует хорошему восприятию и освоению изучаемого материала, а, следовательно, и повышению эффективности учебного процесса.

Литература

1. Применение дополненной реальности в обучении [Электронный ресурс] // cyberleninka.ru, URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/primenenie-dopolnennoy-realnosti-v-obuchanii> (дата обращения: 16.10.2020).

2. Асамбаев А.Ж., Асамбаев А.А. Технология дополненной реальности в обучении студентов / А.Ж. Асамбаев, А.А. Асамбаев // «Жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларының «ХХ Сәтбаев оқулары»: Халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2020. – С. 68-73.

ХИМИЯ

3. Мұхамбетәлиева

*Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.
Ғылыми жетекшісі: х.ғ.к. доценті Р.Ж. Муканова*

ХИМИЯ ПӘНІН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Қазірге кезде әлемнің дамыған елдері көптілді соның ішінде халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды міндет деп есептейді. Көптілді меңгеру өркениеттен кенше қалмаудың ең маңызды шешімі болып табылады. Біздің елімізде сол мемлекеттерден үлгі алып олармен терезесі тең болу үшін «үштілділік» саясатын қолға алды. Бұл – заманның талабы десек те болады. Бірнеше тілде пікірін айқын жеткізіп, өз ойын жаза білген маман бәсекеге қабілетті тұлғаға айналары сөзсіз.

Үштілділік туралы Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаев білім және ғылым саласы қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзінде «Ағылшын тілінің қажеттілігі – әлемге тән қажеттілік, бүгінгі күн талабы. Ал орыс тілін білу – біздің байлығымыз», – десе, 2007 жылы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында: «Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі, ағылшын тілі – әлемдік экономикаға ойдағыдай кірігу тілі», -деген болатын.

Үш тілде оқытудың негізгі мақсаты – бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік қабілетті, мәдениетті тұлға қалыптастыру. Қазіргі уақыттағы ғылымның дамуына адамдардың көп тілді білу қажеттілігін туындатып отыр. Халқымыздың «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл» деген мақалы бүгінгі заманымызға сай айиылғаны сөзсіз. Тіпті ертедегі ата-бабаларымыз да, ғұлама ғалымдарымыз да көптілді меңгерген, және сол арқылы әлемде танып артына өшпес мұра қалдыра алған. Мысалыға екінші ұстаз Әбу Насыр әл-Фараби 70-ке жуық ұлттың тілін білген.

Жаратылыстану пәндерін үш тілде оқыту – болашақ ұрпақтың сонымен қоса біздердің білім теңізінде еркін жүзуімізге, ғылымның құпияларына үңіліп оның қыр-сырын ашуға, өз қабілттерімізді танытуға мүмкіндік беретін бүгінгі күннің қажеттілігі. Ғылым мен техника дамыған заманда бірнеше тілді меңгеру үшін көптеген мүмкіндіктер көзі жетерлік. Соның бірі жоғарыда атап өткен жаратылыстану пәндерін үш тілде оқыту. Сабақ барысында көптеген жаңа технологиялар мен әдістерді қолдану үшін де ағылшын, орыс тілдерін білу маңызды. Үш

тілде оқыту немесе кіріктендіріп оқыту біздің жағдайымызда пәнге тілді кіріктіру.

Не себепті ағылшын тілі халықаралық қатынас тілі? Бүгінде ағылшын тілі қолданушылар санымен әлем бойынша күміс тақта орналасқан. Сонымен бірге ағылшын тілі әлемдік кино, техника, музыка және ақпараттық техниканың тілі. Әлемде 1,4 миллиард адам ағылшын тілі ресми тіл болып тағайындалған мемлекеттерде тұрса, әлемде әр бесінші адамның біреуі ағылшын тілін белгілі бір деңгейде меңгерген. Ғалымдардың 70%-ның ағылшын тілінде зерттеу жүргізе алатыны белгілі болған.

Сабақта жаңа ақпаратты меңгеру барысында қазіргі кезде көптеген педагогикалық технологиялар қолданылады. Химияны ағылшын тілінде оқыту үшін біршама әдістерді қолдануға болады атап айтар болсақ CLIL технологиясы, ойын технологиясы, джигсо әдісі. Джигсо әдісінде басты назарға термин сөздерді алуымызға болады. Мысалы, оқушыларды алдымен топқа бөліп, тақырып бойынша мәтінді оқып талдап болған соң ондағы термин сөздерді аударып топтар бір-бірімен ауысып мәтінде тапқан терминдерді талдап дұрыстығын тексереді. Яғни әдіс арқылы жаңа терминдерді есте сақтау оңайға түседі.

Химиялық білім беруде терминдердің маңызы ерекше, себебі бұл оқу материалын терең ұғынып, толық меңгеруді қамтамасыз етеді. Және тағы бір плюсі алған білімдерін одан әрі дамытуға, оны қолдана білуге үйретеді. Химиядағы терминдерді ағылшын тілінде оқыту және оларды пайдалану кезінде біз көретін нәтижелер олар: ең бірінші оқушылардың ойлау қабілетінің дамуымен қатар химиялық заңдылықтар мен ұғымдармен қоса тілді де меңгереді; өз бетінше ізденуге, қосымша материалдарды пайдалануға, ақпаратты дұрыс пайдалануға үйренеді; және соңғысы менің ойымша химияға деген қызығушылығы артады.

Химияға нақты терминологияны француздың атақты ғалымы А.Л. Лавуазье енгізді. Терминология – дегеніміз қандайда бір ғылым саласында қолданылатын терминдер жиынтығы. Химия мектепте оқыту бағдарламаларында ең алдымен химияның негізгі ұғымдарын және терминдерін үйретуге көп назар аударады, себебі, осы арқылы пәнді әрі қарай меңгеруге мүмкіндік беріледі. Мысалы, 7-сынып меңгеретін терминдер: элемент атаулары, химиялық ыдыстар түрлері, периодтық кесте аясындағы термин сөздер. С.В. Гринева-Гриневиц терминдерді формасына қарай термин сөздер, термин-сөзтіркестері деп бөлді. Ағылшын тіліндегі сөздер көбісі орыс тіліндегі сөздермен балама болып келеді, түбірге негізделген немесе префикстер және суффикстер арқылы жасалынған. Сонымен қоса химиялық мәтіндерде терминдер префикстер мен суффикстер арқылы жасалынған түрде көп кездеседі.

Кесте 1. Префикстер арқылы жасалған термин сөздер

Префикс	Анықтамасы	Мысалдар
1	2	3
«A»	Белгі болмаған жағдайда. Егер түбір дауысты әріптен басталса «an» префиксі қолданылады	Anaerobic – анаэробный Asymmerty – асимметрия
«Ampho»		Amphoteric – амфотерный
«Co»	Бірлескен іс-қимылды білдіру үшін	Co-combustion – совместное сжигание Cocrystallization – сокристаллизация
«Dis»	«Жоқ», «бөлек және жеке» мағынасында қолданылады	Discharge – разряжать(-ся) Disconnected – разъединенный Dissociation – диссоциация
«De»	«Жою, бөлу», «босату, өшіру» мағынасында қолданылады	Dehydrate – дегидратировать Deactivation – деактивация
«In»	Терістеу. Түбірге бейімделгенде және бірінші әріптерге байланысты түбірі ретінде болуы мүмкін «im-» (m/b/p алдында), «il-» (l алдында), «ir-» (r алдында)	Insoluble – нерастворимый Immiscible – несмешиваемый Irreversible – необратимый
«Inter»	«Арасында, ортасында, өзара» мағынасында	Interaction – взаимодействие, реакция Intercrystalline – межкристаллический Interdepend – зависеть друг о друга
«Macro»	«Үлкен» мағынасында	Macromolecule – макромолекула Macroporous – макропористый
«Mis»	«Қате, дұрыс емес» мағынасында	Misalignment – смещение Miscalculate – ошибаться в расчете Mismatching – неподходящий
«Multi»	Түбір сөзге көптік мағынасын	Multiacid – многокислотный Multicomponent – многокомпонентный Multiphase – многофазный Multivalence – многовалентность
«Non»	Қарама-қайшылық мағынасында Зат есім мен сын есімде қолданылады	Nonmetal – неметалл Non-gradable – неполярный Non-corroding – нержавеющий
«Poly»	«Көп, көпше» мағынасында	Polyion – полиион Polychromatic – полихроматический
«Pre»	«Дейін, алдында» мағынасын береді	Preblending – предварительное смешивание Premix – предварительно приготовленная смесь Preset – запрограммированный

1-кестенің жалғасы

1	2	3
«Pseudo»	«Жалған» мағынасында	Pseudoacid – псевдокислота Pseudoelasticity – псевдоупругость, псевдогалогены
«Re»	Қайталанатын іс-әрекеттерді сипаттауда	Reabsorption – реабсорбция, перевоплощение Re-oxidize – заново окислять восстановленную форм
«Sub»	«Кіші», «дейін», «ереже бойынша төмен», «аз дәрежеде» мәні бар, жіктемеде кеңінен қолданылады	Subalkaline – субщелочной Subclass – подкласс
«un»	Қарма-қайшылық мағынасында Етістік пен есімшеде қолданылады	Unsaturated – ненасыщенный Unstable – нестабильный

Кесте 2. Бейорганикалық химия бойынша суффикстер арқылы жасалған терминдер

Суффикс	Анықтамасы	Мысалдар
-able	Сипаттама жазу үшін	Divisible – делимый Changeable – изменчивый
-ify	Болып жатқан құбылысты сипаттауда	Acidify – окисляться Liquefy – сжигать
-less	Белгілері жойылғанда	Colourless – бесцветный
-ness/ess	Сапасын, жағдайын сипаттағанда	Brittleness – хрупкость Hardness – твердость
-or/er	Іс-әрекетте қолданылады	Heater – нагреватель Hydrator – установка для гидратации
-tion/ion	Процесс туралы түсінік беруде	Crystallition – кристаллизация Fermentation – ферментация

Сабәқ барысында шет тілінде элементтерді қодану яғни үш тілде немесе өз ана тілінен басқа тілді қосып оқыту білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыра алады. (біздің жағдайда химия пәнінде) Бұл кезеңді 3-ке бөліп ұйымдастыруға болады. Ең алдымен оқушылардың қызығушылығын оятып әрекеттің алгоритмін құру, екінші сол арқылы орындалатын әрекетте шет тілдің элементтерін қолдану, үшінші кезеңде қорытындылап орындалған әрекетті қорытындылап талдау.

Қорыта айтсақ, қазіргі уақытта айтылған әдістемелер оқу барысында қолданыста тіпті кейбірі жақсы нәтижелерде беру үстінде. Үш тілде оқытуда бүгінде өзекті болып оның оң нәтижелері қарастырылуда. Бұл туралы президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтің тамыз кеңесінде сөйлеген сөзінен көруге болады: «Үш тілді білім беру жүйесін енгізу бүгінгі күні өзекті болып табылады».

Ә. Тұрлыбекова

*Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.
Ғылыми жетекші: Р.Ж. Муканова*

ХИМИЯ САБАҒЫНДА АУДИО-БЕЙНЕ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ

Аннотация: Зерттеу жұмысында химия сабағын өткізудегі жаңа технологиялардың тиімділігі, аудио-бейне құралдарын қолдана отырып сабақты оқушыға қызықты әрі түсінікті етіп өткізу жолдары және АКТ- ны пайдалана отырып мұғаліммен оқушыларға арналған электронды кітап құру мен оны пайдаланудағы тиімділігі көрініс табады.

Кілт сөздер: АКТ, видео сабақ, аудио сабақ, электронды кітап.

Қазіргі заман талабына сай адамдардың ақпараттар алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникативтік технологиялар кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр.

Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «*XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры*» деп аталды. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» – деп, Елбасы атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Қазақстандағы білім беруді ақпараттандыру оқу процесін модернизациялаудың негізгі бағыттарының бірі болып табылады және орта жалпы білім беруді, атап айтқанда химияны оқытудың жаңа әдістемелік жүйесін дамытуды қамтамасыз етеді. Қоғам, мемлекет мектептің алдына әр оқушыға халықаралық стандарттар деңгейіне сай әмбебап білім, білік, дағдылар жүйесін, өзін-өзі анықтауға қажетті алғышарттар беру міндетін қоюы керек. Қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдер шығармашылығының жаңашыл, ғылыми-зерттеу бағытында қарқынды дамуда. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итермелеп, нәтижесінде – өздерінің кәсіби потенциалдарын қалыптасуына жол ашады.

Сапалы білім беру қазіргі уақытта, білім алушылардың жұмысын ұйымдастыруда жаңа әдістер мен технологияларды кеңінен пайдалануды, білім беруді ақпараттандыруды талап етеді.

Оқытушы қалыптастыруы қажет оқушылардың негізгі құзіреттіліктері:

- Құнды-мағыналық құзіреттіліктер.
- Жалпы мәдени құзіреттіліктер.
- Оқу-танымдық құзыреттілік.

- Ақпараттық құзыреттілік.
- Коммуникативті құзіреттіліктер.
- Әлеуметтік және еңбек құзыреттілігі
- Жеке өзін-өзі жетілдіру құзыреттілігі.

Ел көшбасшысы, елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына жолдауындағы «Оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды білім беру саласын жақсартуда қолданыс аясын кеңейту керек» деген сөзін басшылыққа ала отырып, сабақ беру барысында ақпараттық технологияларды кеңінен пайдалануымыз керек. Ақпараттық ресурстарды тиімді пайдалана отырып, сабақты оқушыларға қызықты әрі түсінікті етіп оқыту бүгінгі таңда өте маңызды. ХХІ ғасыр – ақпарат ғасыры болғандықтан барлық адамзат компьютерлік сауатты болуға тиіс. Себебі ғылым мен білімнің қарыштап дамуын ескере отырып сабақты қызықты етіп өткізу үшін көптеген жаңа технологияларды қолдану өте тиімді. Содай жаңа технологиялардың бірі – ақпараттық – коммуникативтік технологиялар болып табылады. Ең алдымен АКТ-ның не екеніне тоқталып өтсек. Ақпараттық-коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернет жүйесін дұрыс пайдалануға, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделген оқу технологияларының бірі.

Сабақ барысында АКТ технологиясын ұсына отырып, сабақ өткізу оқушының белгілі бір мәселені шешу үшін қажетті ақпаратты жинай білу, өздігінен талдау арқылы мәселені шешу туралы гипотезаны енгізу, қажетті қорытындылар жасауға, ұқсас немесе балама шешімдермен салыстыруға, статистикалық үлгілерді құруға мүмкіндік береді.

«Интерактивті тақта көрнекілік пен ақпаратқа толы, қызығушылықты арттыратын, сонымен қатар уақытты үнемдеуде, үй тапсырмаларын тексеруде уақыт үнемдеуге, молекулаларды жобалау арқылы химиялық реакцияларды зерттегенде, химиялық байланыстың түрлерін сипаттауда тиімді құрал болып есептеледі» – деп химия пәні бойынша әдістемелік нұсқаулықта атап көрсетіледі. Ы. Алтынсарин атындағы ғылыми орталықтың ұстаздар қауымына ұсынған жаңартылған білім беру бойынша әдістемелік нұсқаулықтарында АКТ технологиясының жаңартылған білім беру бойынша артықшылықтары аталып айтылған. Ғалымдардың атауы бойынша ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әдістері ретінде мынандай сабақтың өткізілу әдіс-тәсілдерін ұсынады.

«Химия пәнінде келесідей әдістерді қолдануға болады: – презентация-сабақ; – виртуалды эксперимент; – электронды тестілеу; – Интернет-ресурстарды пайдалану. Химия сабақтарында демонстрация материалы өте қажет. Интернеттің және проектордың көмегімен мұғалім химиялық күрделі экспериментті экрандық бейнеде, молекулалар мен атомдардың

құрылымын, химиялық аппарат жұмысын көрсете алады. Интернет-ресурстарын пайдалана отырып, білім алушылар өздері презентация жасауға болады».



Жалпы алғанда химия пәні сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділіктеріне тоқталатын болсақ, аталған оқыту технологиясының әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып ұстаз бен оқушы қатынасының оқыту жүйесінде:

- білім алушының өзіндік жұмысты орындауына ықпал етеді;
- уақыт үнемдеуге аз уақыт аралығында көп білім алуды көздейді;
- білім-білік дағдыларын қалыптастырып, тест тапсырмалары арқылы өтілген тақырып бойынша меңгеру деңгейлерін тексеруге ыңғайлы жағдай жасайды;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты кез-келген уақытта жедел түрде алу мүмкіндігі туындайды;

Қазіргі уақытта ХХІ ғасыр талабына сай медиатехнологиялардың адамға әсерінің тұрақты өсуін байқауға болады. Бүгінгі таңда ақпарат, жарнама, компьютерлік технологиялар, электрондық ойыншықтар, ойын консолі және т. б. қуатты баспасөз барлығы бала санасын жалпы адамзатты ғаламторға тәуелді етіп қойды. Жаңа ғасыр – жаңашылдықтың жаршысы ретінде күнде түрлі дүниелер ойлап табылып, бәрі қолжетімді дәрежеге жетті. Қазір кітап оқу үшін оқушы кітапхана жағаламайды, керісінше үйінде жатып-ақ гаджетіне түрлі кітаптарды жүктеп алу мүмкіндігіне ие. Бұның тиімділігі уақыт үнемдеуге, түрлі ақпараттарға ие болуға жақсы мүмкіндік болғанымен, жағымсыз тұсы

ретінде араласатын ортаның аздығымен, бала тек бір қоршауға өзін қамақ қойғандай болады. Біз кез-келген жерде көзімізге жастардың түрлі ақпарат құралдарын қолдарынан тастамай әркез алып жүретіндіктерін байқаймыз. Қаншама адам бір жерде отырып, бірге сөзлесуге мүмкіндік жоғында байқаймыз. Себебі әркімнің өзіне қызық дүниесі бар. Ақпарат құралдары адамды қаншалықты алшақтықта жақын етсе, соншалықты жақын адамдарды алшақтататынын да байқауға болады. Ақпараттың қолжетімділігі соншалықты жасөспірімдер арасында жаңалық ашуға, зерттеуге құмар жас ғалымдарымыз да өсіп келеді. Бәрі жаңалықты білуге, үйренуге құмар.

«Еуропа Одағының құжаттарына сәйкес «медиабілім» (media education) туралы мынандай мәлімет ұсынады. Ұсынған ақпаратқа сүйенсек медиабілім дегеніміз – өз ойын жалпыға бірдей түсінікті, ашық айтуға, сыни тұрғыдан ойлай білу қабілетін артыратын тұлғаны қалыптастыруға негізделген ақпараттық құзыреттілік болып табылады». Медиабілім беру арқылы жалпы заманауи дамыған тұлғаны қалыптастырады. Білігі мен білімі қатар дамыған тұлға түрлі мәселеде шешім қабылдауға қабілетті болып табылады. «Медиабілім» деп ақпараттық-коммуникациялық құралдарды пайдалана отырып, сабақ жүргізу барысында.

Сабақ барысында АКТ-ны қолданудағы әдістемелік тәсілдеріне тоқталсақ:

- Компьютер-көрнекілік құралы;
- Компьютер-бейтарап емтихан алушы;
- Компьютер-саяхат ұсынушы;
- Компьютер-ақпарат көзі;
- Компьютер-зертхана;
- Компьютер-кітапхана

Міне, осындай әдістемелік тәсіл ретінде АКТ құрылғыларын пайлануға болады.

Химия сабағы барысында аудио және бейне жазбаларды қолдану

Ғаламтор мүмкіндіктерін оқу мақсаттарында пайдалануға тоқталатын болсақ, оларды оқытуды дәстүрлі ұйымдастыруда да, сондай-ақ жаңа педагогикалық технологиялармен жұмыс істегенде де қолдануға болады.

Ғаламтор пайдаланушылары болып табылатын білім алушылардың барлық қызмет түрлерін шартты түрде үш топқа бөліп қарастыруға болады:

1) ақпаратты іздеу – браузерлермен, дерекқорлармен, анықтамалық жүйелермен және т. б. жүргізілетін жұмыс түрі;

2) байланыс – электрондық пошта, чаттар, тарату тізімі, online форумдар, бейнеконференциялар, ICQ және т. б. қызмет түрлерінде ғаламторды пайдалану;

3) желіде жариялау – веб-беттер, сайттар жасау.

Химия пәні сабақтарында АКТ технологияларының ішінде видео жазбаларды пайдалана отырып, сабақ өткізуге болады.


Соңғы жылдары оқытудың барлық мүмкіндіктерінің жиынтығында экрандық ақпарат көздерін пайдалану техникалық және электрондық құрылғылардың көмегімен бейнелерді әзірлеу, көрсету және көргендерді, естілгендерді кейіннен талқылау процесін сипаттайтын білім беру жүйесінің құрамдас іс жүргізу бөлігі ретінде педагогикалық технология – бейне технологиялар ретінде әрекет етуде.

Бейне-сабақты қолдану

Химия сабақтарында коммуникативтік құзыреттілікті меңгеру – мемлекеттік білім беру стандарты аясындағы заманауи сабақтың міндеттерінің бірі. Сондықтан мұғалімнің маңызды міндеті – нақты және елестететін жағдайларды құру, жұмыстың түрлі тәсілдерін қолдану арқылы сабақта қарым-қатынас жасау болып табылады.

«Бейне-фильмдерді пайдалану коммуникативтік әдістеменің маңызды талаптарын жүзеге асыруға ықпал етеді – білім алушылардың сөйлеу қызметін дараландыру және дамыту мен уәждеу. Бейнефильмнің тағы бір артықшылығы – оның оқушыларға эмоциялық әсері».

Сур. 1. Яндекс жүйесіндегі «видео сабақ» кілт сөзімен сұраныстың танымалдылығы 2018 жылғы наурыз – 2020 жылғы наурыз аралығындағы нәтиже көрсетілген.



Алынған мәліметтерге сүйене отырып, қарастырылып отырған кезеңде бейне сабақтар бойынша ақпаратты іздеуге арналған сұраныстардың саны көбейеді, бұл бірінші кезекте осы технологияны оқу процесінде кеңінен қолдануға байланысты. Бүгінгі таңда Интернетте әртүрлі салаларда көптеген бейне сабақтары бар. Қол жетімділік, көріну және тиімділік сияқты қасиеттер оларды танымал оқыту құралдарына айналдырады.

Сыныпта видео жазбаларды көру кезінде бірлескен танымдық іс-әрекет атмосферасы пайда болады. Бұл жағдайда тіпті немқұрайлы оқушы да мұқият болады. Фильмнің мазмұнын түсіну үшін оқушыларға белгілі бір күш салу қажет. Осылайша, еріксіз назар ерікті түрде өтеді, оның қарқындылығы есте сақтау процесіне әсер етеді. Ақпарат түсіндірудің әртүрлі арналарын пайдалану (есту, көру, моторлы қабылдау) материалды түсіндіруден әлдеқайда оң әсер етеді. Осылайша, оқу бейнефильмдерінің оқушыларға әсер етуінің психологиялық ерекшеліктері оқу үдерісін қарқындатуға ықпал етеді. Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін қолайлы жағдай жасайды. Тәжірибе көрсеткендей, бейне-сабақтар оқытудың тиімді нысаны болып табылады.

Аудиожазбаларды қолдану

Химия пәні сабағында бейне жазбалармен қатар аудиожазбаларды да пайдалана отырып сабақты тиімді өткізуге болады. АКТ технологияларының басты ерекшеліктері оқушының ақпаратты көру және есту сияқты түрлі жолдармен қабылдауына мүмкіндіктер жасалынған.

Аудио арқылы ақпаратты түсіну және есте сақтау процесі ретінде табысты тыңдалудың негізі сөйлеу, есту қабілетінің дамуы болып табылады.

Химия пәнінде аудио арқылы оқушылардың сөйлеу тілін дамыту, ойларын еркін жеткізуге, өзін көпшілік алдында ұстауға үйретеміз. Аудиожазбалар арқылы өтіліп жатқан тақырып бойынша қосымша материалдар ұсына отырып, оқушының материалды еркін меңгеруіне жағдай жасайды.


«Билингвалді сәйкестендіру – химияны екі тілде оқытуда химиялық элементтер, заттар, құралдардың атауын қазақ тілінде және ағылшын тілінде сәйкестендіріп табу. Бұл әдістің қарапайым сөздікпен аударғаннан айырмашылығы кестелер мен сызбанұсқалар арқылы қазақша баламасының мәліметтерімен салыстыру арқылы аудармасын жаттай алады. Билингвалды салыстыру кезінде оқушы химия тілінде символдардың, терминдердің, номенклатураның бір мезгілде қазақ және ағылшын тілінде атап, көрсетуіне болады»

Аудиожазбалар көбінесе бүгінгі білім беру саласына енген *«Үштілді оқыту»* жүйесінің ағылшын тілді қолдана отырып, сабақ өткізу сынды ұстанымдарына сәйкес жүргізіледі. Бұл дегеніміз өтіліп жатқан тақырып бойынша оқушы үшін маңызды болып табылатын тақырыптың тірек сөздерін ағылшын тілде қолданылуын, айтылуы мен жазылу амалдарын глоссарилер бойынша оқушыларға түсіндіру. Екі тілде қатар білім беретін пәндердегі артықшылықтар деседе болады.

«Білім берудің жаңартылған мазмұны аясында интерактивті оқыту әдістеріне көбірек көңіл бөлу ұсынылады. Қазіргі кездегі инновациялық әдістердің негізгі түрлерінің бірі – *«интерактивті оқыту әдісі»*. Бұл оқыту әдісінің негізгі қағидасы – педагогикалық қарым-қатынас пен

қарым-қатынас диалогі арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту. Интерактивті оқу мен оқытуда мұғалім бұрынғыдай барлық күш-жігерін үйретуге, сабақты түсіндіруге жұмсамай, көптеген білім алушылардың бірлесе отырып, өздігімен білім алуына тиімді жағдайлар жасайды, яғни бағыт береді».

Өндірістік- педагогикалық практика барысында 7 және 8 сынып оқушыларына сабақ өткіздім. Сабақта презентация, видео, аудио құралдарын пайдалана отырып, соңында осындай нәтижелерге қол жеткіздім (сурет №2). Оқушылар ауызекі тілде түсіндіргенен, видео арқылы көрсетіп, аудио арқылы тыңдау қабілеттерімен тақырыпты тез қабылдайды.



АКТ технологиясын қолдана отырып сабақты өткізу оқушыларды топтық, жұптық және жеке дара жұмыс жүргізу барысында өте тиімді жағдай жасайды. Интербелсенді тақта көмегімен презентациялық шолу арқылы көптеген мәліметтерді аз уақыт аралығында оқушыларға ұсына отыра, сол мәліметтер бойынша жұмыс жасауға тапсырма беру арқылы тақырыпты өздігінен меңгеруге мүмкіндік беруге болады.

«Интерактивті әдістің келесі түрі бір түрі – ол кластер». Ағылшын тілінен аударғанда «кластер» – ұяшық, латын тілінен – бір шоқ, түйін, жұлдыздар тобы деген мағынаны білдіреді. Білім беру саласындағы кластер – бұл кез келген ұғымның мағыналық өрісін көрсетуге арналған материалды графикалық ұйымдастыру болып саналады.

Химия сабақтарында кластер құрастыру арқылы оқушылардың қандай да бір тақырып бойынша өз пікірін ашық, ойын еркін жеткізуге мүмкіндік алады.

Химия пәні сабағында арнайым CD және DVD форматтарындағы аудиожазбаларды қолдана отырып, өтілген тақырыптар бойынша қосымша ақпаратты бүгінгі таңда білім беру стандарттарына сай дискілер ұсынылады. Оқушы аудиожазбалар арқылы көптеген қосымша ақпаратты, берілген тапсырмалардың орындалу ретімен таныса алады.

«TurboSite» қосымшасы арқылы электронды оқулық құрастыру.


«TurboSite» электронды оқулықтың тиімділігі:

- офлайн сайт құрау мүмкіншілігінің болуы
- аудио-видео құралдарын енгізу
- қосымша қызықты мәлеметтер кіріктіру
- тақырып соңында тест тапсырмаларын қолдану мүмкіндігі
- интернетсіз кез-келген ортада қолдану

Бұл тиімділікті мұғалім де оқушы да қолдана алады. Электронды оқулық ұстаздардың жұмысын жеңілдетеді. Ал оқушыларға кез келген уақытта қосып, түсінбеген тақырыбын қайталауға мүмкіншіктің болуы.


«TurboSite» қосымшасы арқылы сайт жасау схемасы.

Электронды оқулықты бастамасын интернет желісінен «turboSite-setup» қосымшасын орнатамыз. Содан «Жоба құру» батырмасын басып, өзіміздің шағын сайтымызды құруды бастаймыз. Құрып жатқан оқулығымызды жеке папкаға сақтаймыз. Сонымен қатар мұнда сайтқа немес электронды оқулыққа арналған стандартты шаблондар таңдап алуымызға болады. Әр кезеңді орындау кезінде міндетті түрде сақтау батырмасын басып отыру қажет. Сонымен қатар ең алғашқы бетті жасау барысында жеке қапшық ашып алу керек, бұл сайтта немесе электронды оқулықта жасауға барлық құжаттардың барлығы осы қапшықта сақталатын болады.





Әр кезенді орындау кезінде міндетті түрде сақтау батырмасын басып отыру қажет. Сонымен қатар ең алғашқы бетті жасау барысында жеке қапшық ашып алу керек, бұл сайтта немесе электронды оқулықта жасауға барлық құжаттардың барлығы осы қапшықта сақталатын болады.

TurboSite программасында мәтіндік құжаттар мен суреттерді, видеоларды еш қиындықсыз салуға болатынын айта кетуге болады. Беттерді толтыру барысында әр бетке атау немесе бөлімдерді жазып отыру керек.



Бұл сайт жасаудың негізгі кезеңдерінің бірі тестілеу, демек тест құрастыру. Оқушыларға арналған тест құрастыруға болады. Әр оқушыға осы бағдарламада құрылған тестті беріп білім деңгейлерін тексеруге болады, немесе оқушы өз-өзін тексере алады.





Қорытынды

Білім беру саласының оқыту жүйесіндегі мазмұндық және техникалық шектеулердің болмау үшін жаңа педагогикалық оқыту әдіс-тәсілдерін толық пайдалануымыз қажет. Бүгінгі таңда оқыту технологиялар саны бесеу: интерактив, мультимедиа, моделинг, коммуникативтік, өнімділік.

«Multimedia» ағылшын тілінен аударғанда «көптеген жолдар» дегенді білдіреді. Оқыту жүйесіне мультимедиа технологиясын енгізу арқылы білім берудің көптеген жолы мен әдіс-тәсілі анықталған.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларының басты ерекшеліктері – оқушылардың ізденушілік дағдаларын дамытуды көздейді. Шығармашылық қасиеттерін қалыптастыру.

Видеоконференциялар арқылы оқушылар өздеріне қызық тақырыптар бойынша мәліметтер алмаса отырып, тәжірибелер жинақтайды.

АКТ құрылғыларының бірі – интербелсенді тақта көмегімен сабақты түсіндіруге тоқталатын болсақ басты назар аударатыны ұсынылып отырған ақпараттардың оқушығы қызықты болуы. Ал оқушының назарын аударту мақсатында – түрлі анимациялық бейнелерді, сызба-кестелерді қолданған дұрыс. Анимациялар, әдетте, химиялық процестердің механизмдерін суреттеу үшін қолданылады. Заманауи компьютерлік дизайнды пайдалану есебінен психологиялық тартымды дүниелерді жасап, оқушы назарын аудару мақсатында қолдануға болады. Синхронды дикторлық сүйемелдеуі бар анимацияны оқу процесінде қолдану үшін неғұрлым ыңғайлы.

Бұл жаңа материалды мұғалімнің түсіндіруі кезінде анимацияны қолдануға немесе оқушыларға жаңа материалды өз бетінше зерделеуге мүмкіндік береді. Анимацияны қолдану барысында қалқымалы кеңестерді пайдалану, сондай-ақ түспен немесе экранның бөліктерін немесе суреттерін, яғни жарықпен көрсету маңызды. оқушылардың назарын аударуы қажет фрагменттердің бірі ретінде қарастыруы керек. Оқу процесінің тиімділігін арттыру үшін анимация сюжеттері бөліктерге бөлінген және негізгі кадрларға тоқтаумен немесе тоқтаусыз сюжетті

ойнату режимін таңдау мүмкіндігі берілген. Негізгі кадрларда тоқтау режимінде анимациямен жұмыс істеу мұғалімге қосымша түсініктеме жасауға немесе оқушыларға дәптерлерге жазба жасауға мүмкіндік береді, сондай-ақ бұл режим сюжеттің қажетті фрагментін іздеудің ерекше қиындықтарынсыз анимацияның ең күрделі фрагменттерін бірнеше рет жеңуге мүмкіндік береді. Осы тәсілдердің барлығы қажетті визуалды акценттермен химиялық процестерді білікті түсіндіруге мүмкіндік береді.

Химия пәні сабақтарында АКТ технологияларының ішінде видео жазбаларды пайдалана отырып, сабақ өткізуге болады.

Ғылыми-зерттеу жұмыс «Химия пәні сабағында аудио-бейне құралдарын қолдану» тақырыбында жазылды. Жұмыс барысында аудио-бейне құралдарының сабақ барысындағы қолданылу теориясы мен практикасы жазылды. Көптеген ғалымдардың еңбектері мен мақалалары негізге алына отырылып, тақырыптық талдау жұмыстары қамтылды. АКТ технологиясының сабақта қолданылуы, оқытылу әдіс-тәсілдері, тиімділіктері мен кемшілік тұстары да дипломдық жұмыс өзегі болды. Жаңартылған білім мазмұнына сай оқыту жүйесіне енгізілген жаңашылдықтардың бірі болып табылатын – АКТ технологиялары арқылы сабақ беру тәсілдері қамтылды.

Қорытындылай келебіздің мақсатымыз заман талабына сай ұрпақ тәрбиеле, оларды «оқи» білуге үйрету, стандартты емес жағдайлардан шыға білуге үйрету, қашықтан оқытуға үйрету, көп материалды аз уақытқа қабылдай білуге үйрету.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» Қазақстан халқына жолдауы / егемен Қазақстан / – 2006. – 19 қаңтар.
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан халқына жолдауы / 2017 жылдың 31 желтоқсан.
3. «Информатика негіздері» журналы / Астана. – 2016. – 24 бет.
4. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2018 жылғы 25.05. № 6 хаттама)
5. Матрос Д.Ш., Полев Д.М., Мельникова Н.Н. Управление качеством образования на основе новых информационных технологий. – М., 2001. – 30-33 б.
6. «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы.
7. Лебедева М.В., Шилова О.Н. Что такое ИКТ-компетентность студентов педагогического университета и как ее формировать // Информатика и образование. – 2004. – №3. – 96-100 б.
8. Каимин В.А. Курс информатики: состояние, методика и перспективы // Информатика и образование. – 1990. – №6. – 26-31 б.
9. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар пәні. – Алматы: КазНУ, 2013.
10. Зимин А.Л., Ханнер Е.К. Повышение квалификаций работников образования в области информационно-коммуникационных технологии // Информатика и образование. – 2004. – №12. – 1-4 бб.

11. Ханнер Е.К., Шестаков А.П. Информационно-коммуникационная компетентность учителя: структура, требования и система измерения // Информатика и образование. – 2004. – №12. – 5-6 бб.
12. Структура ИКТ-компетентности учителей. Рекомендации ЮНЕСКО. – Редакция 2.0. Русский перевод (сигнальный вариант).
13. Гин А.А. Приемы педагогической техники. – М.: Вита-Пресс, 2002.
14. Долженко Ю.А. Методическое сопровождение личностно-ориентированного образования. – Барнаул: АКИПКРО, 1998.
15. Коротаева Е.В. Обучающие технологии в познавательной деятельности школьников. – М., 2003.
16. Маркова А.К., Матис Т.А. Формирование мотивации учения. – М., 1990.
17. Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана. 10 января 2018 г «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции».
18. Щукина Г.И. Активизация познавательной деятельности в учебном процессе. – М., 1979.
19. Демкин В.П., Можаяева Г.В. Классификация образовательных электронных изданий: основные принципы и критерии: Методическое пособие для преподавателей. – Томск, 2003.

Г. Қасымбек

*Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.
Ғылыми жетекшісі: х.ғ.к. доценті Р.Ж. Муканова*

ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ХИМИЯ САБАҒЫМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Жобалау технологиясы латынның – «proicere» деген сөзінен шыққан. Яғни жоспарлау, әзірлеу, дайындау деген мағынаны білдіреді. XIX ғасырдың 2-ші жартысында АҚШ-та психолог, педагог, философ Джон Дьюидің ықпалымен ауылшаруашылығы мектептерінде осы жоспарлау әдісі пайда болған еді. Кейіннен Дьюидің ілімін ары қарай жалғастырған профессор Уильям Херд Килпатриктің ойынша, шәкірттердің өз жұмысының жемісін көруге ынталандыру арқылы болашақта үлкен өмірге дайын тұлға қалыптастыру – жобалау технологиясының негізі мақсаты болып табылады. «Өзіне көйлек тігіп киген бойжеткенді мысалға алайық. Егер ол кейін өзі киетін көйлегі үшін жанын аямай, ерінбей, аса қызығушылықпен көйлек үлгісін өзі ойлап тауып, өз бетімен өлшеп, пішіп, тігіп кесе – бұл мысал жобалау технологиясының нағыз типтік үлгісі» – деп тұжырым жасайды Хилпатрик жобалау технологиясы туралы өз ойында. Профессор Хилпатриктің мысалына тоқталатын болсақ жобалау технологиясы арқылы оқушыны түрлі ситуациялардан жол табуға, өздігінен алдына мақсат қойып соны орындауға бейімдету керек екендігін аңғару қиын емес. Ғалымның айтпақ ойы оқушы алдына тақырып ұсынылып, жобалау технологиясымен зерттеу жұмысын жасау туралы нұсқау берілген кезде бала істеп жақтан іс-әрекетінен қоғамға да,

өзіне де пайда алып келетіндей нәтижеге жетуге тырысу керек. Яғни оқушының зерттеу жұмысы белгілі бір нәтижеге жету керек. Оқушының өтіліп жатқан тақырыпқа деген ынтасын ояту арқылы ізденушілік қабілетін дамытып қана қоймай, жақсы бір тұлғаны қалыптастыру жолында әр ұстаз еңбек етуі керек. М.И. Махмутов: «Білім мен білім алу әрекеті арасындағы өзара байланыс оқушы өзі білмейтін нәрсемен танысқанда, оны түсінуге тырысқанда пайда болатын қайшылықтардан шығу жолын іздегенде ғана тығыз болады. Өйткені, ол жаңа білімді игеру барысында ізденіс жасап, әрекет етеді», – деп пікір білдіртеді.

Жобалап оқыту технологиясын қолданып оқытудағы негізгі мақсаты – оқушылардың пәнге деген қызығушылық ынталарын қалыптастыру, өз бетімен білімін шыңдап, ізденушілік қабілетін қалыптасыру, ақпараттық бағдарлау икемділігін дамыту және сыни тұрғыдан ойлай білуге баулу болып табылады. Оқушы өзіне берілген тапсырманы орындау барысында теориялық білімге қайта-қайта оралу арқылы өз іс-әрекетіне баға беріп, дұрыс-қатесін өзі анықтай алу дәрежесіне қол жеткізеді. Осы технологияны сабақта қолданудың тағы бір ерекшелігі – аз уақыт ішінде көптеген нәтижеге қол жеткізу мүмкіндігіне ие. [1]

Жобалап оқыту технологиясының негізгі міндеті – пәнаралық байланыстарды орнату болып табылады. Жобаны жүзеге асыру барысында оқушылар пән мұғалімдерімен бірлесе отырып әрекет етеді, білімдерінің ауқымын кеңейтеді. Жетекші ұстаз жобаның барысын жіті бақылап, әр кезеңін дұрыс жоспарға сай орындалуын қадағалау керек. Себебі жетекшінің қадағалауынсыз күтілген нәтижеге қол жеткізу мүмкін болмай қалуы ықтимал. Жобада оқушылардың ізденісі, ғылыми бағыты, бір-бірінің еңбегін бағалауы айқын көрініс табады. Жоба таңдау кезеңінде жетекші ұстаз оқушыларға өтілген тақырып бойынша талқылауға ұсынып, оқушылар алған білімдерін ортаға салады.

Жобалап оқыту технологиясының белгілері:

- өз бетінше ойланып, жұмыс істей білу дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады;
- өз білімі мен біліктілігін тәжірибе арқылы қолдану, теориялық білімі практикалық тұрғыда шыңдалады.;
- өздігінен керекті ақпаратты жинақтау, ізденушілік қабілетін шыңдау, іскерлік дағдысын дамыту;
- жан – жақты болуға үйрену;
- оқушының табиғи қызығушылық белсенділігі артады, өзінің қоғамдағы орынын тануға жағдай жасалады;

Жобалап оқыту технологиясының мінездемесі:

- жеке басының ерекшелігі, даралық және дарындылық қабілетіне қарай;
- жеке басының іскерлігін топпен жұмыс барысында көрсету, ұжыммен жұмыс барысында өзін ұстай білуі;
- ойын еркін жеткізе білуі, өзін көрсете алуы;

– ойлану бағытында және тәжірибелік жұмыс барысында өзінің шешім қабылдауы;

– ұжымда жұмыс істей білу, әр іске белсене араласу, жауапкерлілік таныту.

«Химия сабақтарында SMART мақсат қою» арқылы жоба жасауға тоқталатын болсақ ең алдымен SMART мақсат деген не? Ол мақсат қалай жүзеге асатынына баса мән берген жөн.

Бүгінгі таңда жастарға әлемдік ғылыми прогресс деңгейіне сәйкес білім беру, тәрбиелеу, олардың рухани байлығы мен мәдениетін жетілдіру адамзат қоғамының маңызды міндеті болып табылады. Осы міндетті жүзеге асыруда оқушыны тұлға ретінде қалыптастыру, оның қабілеттерін, ең алдымен интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау өзекті болып саналады. [2]

Жеке тұлғаның интеллектуалдық қабілетін жан-жақты дамыту үшін оған әсер ететін факторларды, алғышарттарды білу керек. Интеллектуалдық қабілетті дамытудың ең маңызды факторларының бірі – білім беру жүйесіндегі технологиялар. Ақпараттық қоғамның сөздік қорында тағы да бір жаңа ұғымдар – Smart, Smart education ұғымдары белсенді түрде еніп келеді.

Smart education ұғымы тіпті көптеген елдерде іс жүзінде жиі қолдануда. Smart education ұғымының негізгі мәні неде? Сөздің түбіріне келетін болсақ, «smart»сөзі ағылшын тілінен аударғанда «зерек», «ақылды» дегенді білдіреді. Сمارт – бұл неологизм, сын есім ретіндегі негізгі мағынасы – парасатты, тапқыр, ақылды, ал зат есім ретінде – ақыл, алғырлық, зеректілік деген мағынаны білдіреді. Нақ осы оқыту жүйесі қазіргі әлемнің мүмкіндіктері мен міндеттеріне сәйкес максималды білімнің жоғарғы деңгейін қамтамасыз етіп, жастардың тез өзгергіш қоғам жағдайына бейімделуіне, оқулықтан нақты белсенді әрекетке негізделген білім алуға мүмкіндік береді [3, 5]. Мен сөз еткелі отырған «SMART» ұғымы мақсат туралы болмақ. Әр адамның өмірінде қойған мақсаттары болады. Бірақ кейде мақсаттар шын өмірмен үйлеспей, мақсат емес, орындалмас арман болып кетеді. Мақсаттарымыз орындалу үшін не істеу керек? Мақсатты қалай дұрыс қоя білу керек? Кез-келген мақсаттың мейлі ол жеке өміріңізге не мансапқа байланысты болсын, белгілі бір сапалық көрсеткіштері болу керек. Егер сіз мақсатыңызды осы көрсеткіштермен өлшей отырып қоя білсеңіз, оған жету жолыңыз оңай, қадамдарыңыз жүйелі болады деген сенімдімін. Сонымен, мақсатыңыздың мынадай қасиеттері болсын:

Нақтылық – өзіңіз не қалайтындығыңызды анық білмесеңіз, нәтижеге жету өте қиын болмақ. Мақсатыңыз нақтылансын. «Магистрант болсам ғой...» дегеннің орнына, магистрант болу үшін қандай құжаттар керектігін, қандай пәндер тапсыратынын анықтаңыз, мақсатыңыздың орындалуына қадамдар жасаңыз

Мақсат өлшемі – мақсатыңыз қай жағдайда орындалады? Мақсатыңызға өзіңізше өлшем бірлік беріп, шкала құрыңыз. Магистрант оқуына алдымен ағылшын курсынан өтуім керек және мынадай балл алуым керек, сан-мәнін нақты анықтаңыз. Қолжетімділігі – бұл қасиет мақсат пен арманның бірден-бір айырмашылығы. Армандарыңыз орындалмастай болуы мүмкін, алайда мақсатыңыз қол жеткізе алатындай болу керек. Арманыңыз уақыт өте мақсаттарға айнала алады. Орындалу уақыты – әр мақсатқа өзінің уақытын тағайындап, мақсатты сол кезде орындауға тырысыңыз. Мерзімі жоқ мақсат сол бетінше кейінге қала береді. Яғни осы күні магистр білімін алуым үшін емтихан тапсырамын деген сияқты.

Ең алдымен осы мақсат туралы айтпас бұрын мына сұрақтарға жауап іздеп көрейік. Бұл қандай мақсаттар, олар кімге бағытталған? Бұл мақсаттардың кемшілгі неде? Мақсат қойғаннан кейін нақты нәтижеге жете алдыңызба?

Алдымен SMART сөзінің түсіндірмесінен бастайық.

S(Specific)- нақтылы (қандай нәрсеге қол жеткізу керек?)

M(Measurable)- өлшемді (мақсатқа жеттік деп айтуға болады)

A(Achievable)- қолжетімді (іс-әрекетке негізделген, себебі нақтылы)

R(Relevant)- шындыққа негізделген

T(Time-limited)-нақтылы мерзімі және мақсатты жүзеге асатын орынды құралдар болу керек.

Оқу мақсаттары – өлшенбелі және нақты, айқын түрде келтірілген оқу нәтижелері арқылы көрсетілуі керек. Ал өз кезегінде оқу нәтижелері оқушылардың әрекеттері арқылы құрастырылады. Оқу процесі нәтижесінде үйренушінің не жасай алатындығын (нақты әрекеттерді) көрсететін етістіктер арқылы сипатталуы керек.

Мысалы:

Сабақтың тақырыбы: Таза заттар және қоспалар. Заттарды тазарту әдістері

Сабақ негізделген оқу мақсаты. Заттардың қасиеттерін еске түсіре отырып, таза зат пен қоспаларды ажырата білуге үйрету.

Сабақ мақсаттары

Барлық оқушылар: Таза заттар мен қоспалар туралы анықтамамен танысу.

Оқушылардың басым бөлігі: Таза зат пен қоспаны салыстыру отырып, ажыратуға үйрету.

Кейбір оқушылар: Қоспа құрамынан таза затты тазартуды тәжірибе арқылы дәлелдеу (тұндыру, сүзу, айдау, қайта кристалдау). Тәжірибенің өмірлік маңызын түсіндіру.

Сабақтағы оқыту мақсатын SMART талаптары бойынша қою арқылы мұғалім басты назарда оқушылардың не білгеніне ғана емес, не үйренгеніне аударып алады және оқушылар мен сабаққа қатысқан мұғалімдер алдында қойылған мақсат пен қол жеткен нәтиже арасын-

дағы байланысты ашып көрсете алады. Сондықтан сабақтағы білімділік мақсатты ғана емес, тәрбиелілік және дамытушылық мақсаттарды да осы SMART талаптары арқылы қоюға біртіндеп үйрету керек.

Жалпы алғанда жобалап оқыту технологиясын сабақ барысында қолдану кезінде топтық әрекетті ұйымдастыру тиімдірек болып табылады. Топ болып ақпараттар мен мәліметтерді бірлесе жинақтау уақытты үнемдейді, оқушының коммуникациялық қабілетін арттырады, топпен жұмыс істеу барысында оқушы қатарластарымен бірлесе отыра жұмыс жасап, жылдам нәтижеге жетеді. Әртүрлі деңгейдегі оқушылар бір-біріне жәрдемдесе отыра білімдерін арттырады. Жобалау технологиясын қолдана отыра сабақ өткізудің басты тиімділігі оқушының білімге деген ынтасы қалыптасып, ізденушілік дағдысы қалыптасады. Зерттеудің жобалаудан принциптік ерекшелігі-зерттеу қандай да бір алдын ала жоспарланған объектіні, тіпті оның моделін немесе прототипін кұруды көздемейді. Зерттеу, шын мәнінде, белгісіз іздеу процесі, жаңа білім іздеу. Бұл адамның танымдық белсенділігінің бір түрі. Зерттеу жұмысының басты нәтижесі зерттеу процедурасының нәтижесінде белгілі бір шындықты белгілейтін зияткерлік өнім болып табылады. Жобалау-зерттеу қызметі-оқушылардың маманның басшылығымен зерттеу, шығармашылық міндеттерді шешуді көздейтін білім беру технологиясы, оның барысында танымның ғылыми әдісі (зерттеу саласына қарамастан) жүзеге асырылады.

Оқушылардың жобалау – зерттеу қызметі білім беру стандартында жазылған. Сондықтан әрбір оқушы осы қызметке оқытылуы тиіс. Барлық мектеп пәндерінің бағдарламалары осы қызмет түріне бағытталған. 9 және 11-сыныптардағы ауызша емтихандар жобаны қорытынды аттестаттаудың бір түрі ретінде қорғауды көздейді. Осылайша, оқушылардың жобалау-зерттеу қызметі заманауи педагогикада өзекті болып отыр.

Жобалау-зерттеу әдісі бойынша жұмыс істей отырып, оқушылар бір жағынан жаңа білімді өз бетінше меңгере алатын, ал екінші жағынан – практикада бұрын алған білім мен біліктерді қолдана алатын жағдай жасау көзделеді.

Әдебиеттер

1. Қисымова Ә.Қ., Увалиева Т.Ж. Оқыту технологиялары. – Алматы, 2007. – 204 б.
2. Пахомова Н.Ю. Проектное обучение – что это? // Методист. – 2004. – №1. – 50–54 с.
3. Абдиева Ш.Д. Жобалау әдісін қолдану арқылы студенттердің тіл үйренуге деген белсенділігі мен қызығушылығын арттыру // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2010. – №3. – 39-43 б.
4. Сатбекова А.А. Қазақ тілін жобалау әдісі арқылы оқыту жүйесінің дидактикалық ұстанымдары // Білім – Образование. – 2006. – №3 (27). – 48-52 б.

А.Ю. Лисина, Д.А. Прокопчик

студенты Павлодарского государственного

педагогического университета, г. Павлодар

Научный руководитель: магистр химии, ст. преподаватель С.Г. Музыка

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ВОЛЬТАМПЕРОМЕТРИЧЕСКОГО МЕТОДА ОПРЕДЕЛЕНИЯ ТЯЖЕЛЫХ МЕТАЛЛОВ (HG, CU, AS, PB) В ПОЧВЕ СЕЛИТЕБНОЙ ЗОНЫ Г. ПАВЛОДАРА

Один из распространенных видов загрязнения окружающей среды – поступление в различные среды тяжелых металлов (ТМ) – большой группы химических элементов с атомным весом более 50 (Hg, Pb, W, Sn, Cd, Mo, Cu, Co, Mn, Cr и др.). Тяжелые металлы, загрязняющие почву, могут поглощаться растениями и по пищевой цепи попадать в организмы животных и человека.

Целью наших исследований является выбор наиболее эффективного и экспрессного метода определения тяжелых металлов в почве и независимая количественная оценка степени зараженности почвы селитебной зоны г. Павлодара.

Основные задачи – освоение и использование в работе вольтамперометрического и атомно-абсорбционного методов определения ТМ в почве селитебной зоны г. Павлодара.

Гипотеза научных исследований: исследование проб почвы селитебной зоны города Павлодара с помощью вольтамперометрического метода.

Накопление тяжелых металлов в почве нарушает физико-химическое равновесие природной системы и дает толчок ряду процессов, действующих на почвенные свойства. Изменяется величина рН и в конечном итоге почва теряет плодородие.

Экологическая обстановка в Павлодарской области, являющейся крупным промышленным центром Республики Казахстан, на текущий момент времени считается напряженной. Это подтверждают информационные данные областного управления охраны природы за последние годы. Поэтому тема научных исследований, является актуальной.

Объектом исследований выбраны пробы почвенного покрова дачных массивов и жилых микрорайонов г. Павлодара, а именно села Павлодарское, на содержание тяжелых металлов: Hg, Cu, Pb, As.

В ходе независимых научных исследований были использованы два различных метода определения тяжелых металлов в почве. Одним из наиболее чувствительных и удобных методов массовых одноэлементных определений является метод атомно-абсорбционной спектроскопии.

Другим более универсальным методом был выбран метод инверсионной вольтамперометрии, обладающий такими аналитическими достоинствами, как экспрессность и простота. В данной исследовательской

работе использовали вольтамперометрические анализаторы типа ТА-2 и ТА-4.

Методика исследований заключалась в отборе проб почвы дачных массивов, северной промышленной зоны и селитебной зоны с. Павлодарское по определенной схеме и их анализе на содержание ТМ. Отбор проб производили по методу «конверта», включая почвы северной промышленной зоны и садоводств. Всего для анализа отобрано более 10 проб почвы.

Методика включает в себя предварительную подготовку проб, основанную на УФ-облучении кислотных вытяжек почв, и последующее измерение концентраций металлов в водном растворе подготовленной пробы методом инверсионной вольтамперометрии (ИВ).

Сущность метода ИВ состоит в предварительном электронакоплении определяемых элементов в течение заданного времени на рабочем (индикаторном) ртутно-пленочном электроде и последующей регистрации процесса растворения накопленных на электроде элементов. При этом каждый элемент растворяется в определенном диапазоне потенциалов, а возникающий ток имеет форму пика. Потенциал пика идентифицирует элемент, а максимальный ток пропорционален концентрации элемента.

Потенциалы максимумов регистрируемых анодных пиков (аналитических сигналов) Hg, Cd, Pb, As на фоне муравьиной кислоты соответственно равны: $(-0,9 \pm 0,1)В$; $(-0,6 \pm 0,1)В$; $(-0,4 \pm 0,1)В$; $(-0,1 \pm 0,10)В$.

Массовые концентрации элементов в пробе определяются по методу добавок аттестованных смесей элементов. По данной методике было проанализировано порядка 10 проб почвы за 2 месяца (сентябрь-октябрь) 2019 года.

Экспериментальные исследования проводились в лаборатории испытательного центра научно-практического центра экспертизы и сертификации «Иртыш-Стандарт», получены следующие результаты.

В пробах почв промышленной зоны обнаружено превышение ПДК в 2–3 раза, особенно на территории, прилегающей к северной промышленной зоне. В пробах, взятых для анализа на садовых участках, превышение ПДК ртути не обнаружено. Результаты проведенных исследований представлены в таблицах 1–3.

Таблица 1. Результаты испытаний проб почвы селитебной зоны г. Павлодара, проба №1 (сад Здоровье)

Наименование показателей	НД на методы испытаний	Требования НД	Результат
Токсичные элементы, мг/кг:			
Кадмий	СТ РК ГОСТ	0,1	0,2
Свинец	Р 51301	0,5	1,0
Мышьяк	ГОСТ 26930	0,2	0,6
Ртуть	ГОСТ 26927	0,0005	0,001

Наименование показателя, ед. измерения	Метод испытания	Норматив	Результат измерений
Показатель соответствия 'В'	Спектрометрия	1	0,18± 0,81
Удельная (объёмная) активность Sr-90, Бк/кг(л)	Спектрометрия	40	08 ± 16,2
Удельная (объёмная) активность Cs-137, Бк/кг(л)	Спектрометрия	70	0,6± 39,9
По результатам измерений удельной активности техногенных радионуклидов цезия-137 и стронция-90 исследуемый образец может быть признан соответствующей нормативам Сан ПиН 4.01.071.03. Значение показателя соответствия В составляет 0,18± 0,81			

Таблица 2. Результаты испытаний проб почвы селитебной зоны Павлодара, проба №2 (северная пром.зона)

Наименование показателей	НД на методы испытаний	Требования НД	Результат
Токсичные элементы, мг/кг:			
Кадмий	СТ РК ГОСТ Р 51301	0,1	0,3
Свинец	ГОСТ 26930	0,5	0,9
Мышьяк	ГОСТ 26927	0,2	0,04
Ртуть		0,0005	0,00007

Наименование показателя, ед. измерения	Метод испытания	Норматив	Результат измерений
Показатель соответствия 'В'	Спектрометрия	1	0,16± 0,83
Удельная (объёмная) активность Sr-90, Бк/кг(л)	Спектрометрия	40	08 ± 11,2
Удельная (объёмная) активность Cs-137, Бк/кг(л)	Спектрометрия	70	0,6± 39,5
По результатам измерений удельной активности техногенных радионуклидов цезия-137 и стронция-90 исследуемый образец может быть признан соответствующей нормативам Сан ПиН 4.01.071.03. Значение показателя соответствия В составляет 0,18± 0,81			

Таблица 3. Результаты испытаний проб почвы селитебной зоны г. Павлодара, проба №3 (с. Павлодарское)

Наименование показателей	НД на методы испытаний	Требования НД	Результат
Токсичные элементы, мг/кг:			
Кадмий	СТ РК ГОСТ Р 51301	0,1	0,3
Свинец	ГОСТ 26930	0,5	1,5
Мышьяк	ГОСТ 26927	0,2	0,06
Ртуть		0,0005	0,0008

Наименование показателя, ед. измерения	Метод испытания	Норматив	Результат измерений
Показатель соответствия 'В'	Спектрометрия	1	0,18± 0,81
Удельная (объёмная) активность Sr-90, Бк/кг(л)	Спектрометрия	40	06 ± 16,2
Удельная (объёмная) активность Cs-137, Бк/кг(л)	Спектрометрия	70	0,4± 36,9
По результатам измерений удельной активности техногенных радионуклидов цезия-137 и стронция-90 исследуемый образец может быть признан соответствующей нормативам Сан ПиН 4.01.071.03. Значение показателя соответствия В составляет 0,18± 0,81			

Полученные экспериментальные данные указывают на незначительные превышения ПДК ТМ в почве северной промышленной зоны (в среднем превышение составляет в 2–3 раза).

Предложенная методика определения тяжелых металлов с помощью анализаторов типа ТА-2 и ТА-4 методом инверсионной вольтамперометрии была освоена и рекомендуется для дальнейшего использования.

Б.Д. Раинбек

*Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы М. Баймұрат*

ХИМИЯ САБАҒЫНДА МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Қазіргі кезде елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Жаңа педагогикалық технологиялар – бұл білімнің басында мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамасымен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, түрлері мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұндағы іс-әрекет оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды [1].

Модульді оқыту жүйесі Англия, АҚШ, Швейцария, Канада және т.б. шетел мемлекеттерінің кәсіби білім беру оқу орындарында кеңінен таралған.

Модульді оқыту технологиясының тұжырымдамасын американ зерттеушісі Дж. Рассель жасаған. Ол модуль деп – білім алушылардың әрекетін бірізділеу және оқу материалының тұжырымды бөлігін қамтыған оқу жиынтығы (пакет) дейді. ЮНЕСКО – ның модульді

оқытудың бірнеше туынды балама ұғымдары бар: модульді әдіс, модульді жол, модульді дайындық.

Жалпы химия сабақтарында модульді технологияны қолдану мақсаты студенттердің ақпаратпен жұмыс жасау іскерлігін қалыптастыру арқылы коммуникативтік қабілеттерін, ақыл – ойын, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту, алған білімдерін практикалық іс – әрекетте қолдануға үйрету болып табылады.

Модульдік оқытудың негізгі мақсаты – оқушының өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігін дамыту, оқу материалын өндеудің жекелеген тәсілдері арқылы жұмыс істеуге үйрету.

Модульдік оқыту технологиясы – болашақ маманның танымдық-интеллектуалдық әлемін дамытып қана қоймай, кәсіби маңызды сапаларын қалыптастыруға мүмкіндік беретіндігі анық. Оқыту технологиялары жеке тұлғаның дамуына, оның рухани тұрғыда жетілуіне маңызы зор. Модульдік оқыту білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігі, оқудың әдісі мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігімен қамтамасыз етеді.

Модульді оқыту технологиясының ғылыми жаңалығына:

– егер модульдік технологияны химия сабағында тиімді пайдаланса, студенттердің пәнге деген қызығушылығы, танымдық белсенділігі, зерттеушілік іскерлігі, шығармашылығы артады;

– модульдік технологияны қолданса, әрбір студент оқу үдерісінің субъектісіне айналуы нәтижесінде оқу жүйесінің қарқыны, білім сапасы артады;

– модульдік технологияны тиімсіз пайдаланғанда, қажетті талаптарды сақтамаса студенттің білім сапасына, танымдық белсенділігі мен денсаулығына кері әсерін тигізуі жатады [2,3].

Қазақстанның білім беру жүйесінде модульді оқытудың технологиясын зерттеп, оның нәтижесін тәжірибеге ұсынған М.М. Жанпейсова болды. Оқытудың тұтас технологиясын жобалау, алға қойған мақсатқа жетуді көздейтін педагогикалық үрдіс түзу, студенттерге нәтижені талдап, түсіндіріп бере алатындай жүйені таңдау және құру.

Қазіргі кезде модульдік оқыту кеңінен қолдануда. Модульдік оқыту технологиясында студент білімді жеке – жеке тараулар бойынша емес, біртұтас тақырып түрінде жүйеленген білім алады.

Оқу модулі үш құрылымды бөліктен тұрады:

– Кіріспе

– Негізгі

– Қорытынды бөлімдерден тұрады.

Жалпы әр бөлімінде не қарастырылады:

Кіріспе бөлімінде оқытушы:

– оқушыларды оқу бөлімнің жалпы құрылымымен, мазмұнымен таныстырады;

– оқушылардың осы оқу модуліндегі танымдық қызметінің мақсаттары мен міндеттерін анықтайды;

– тірек схемаларға сүйене отырып, модульдің тұтас тақырыбы бойынша оқу материалын түсіндіреді.

Негізгі бөлімінде келесі қағидалар сақталуы тиіс:

– оқу материалын біртұтас беру қағидасы;

– «өсу» бағытымен оқып – үйрену қағидасы;

– «қайта оралып отыру» қағидасы.

Негізгі бөлімінде оқытудың белсенді түрлері қолданылып, оқушының білімді өздігінен жүзеге асыруы қалыптастырылады.

Ұсынылған ойындардың бәрі оқушылардың бір – бірімен еркін қатынас жасауына, тақырыпқа бірнеше қайта оралу арқылы және оны түсіну дәрежесімен білімді жетік білу дәрежесіне көтеріледі. Оқу материалын жақсы меңгеруге, қарапайымнан күрделіге, жай тапсырмадан ізденіске өтуге мүмкіндік береді.

Қорытынды бөлім – оқушылардың негізгі бөліміндегі танымдық қызметі барысында қалыптасқан білім, білік, дағдыларын бақылауға, тексеруге және бағалауға арналған [4].

Модульдік технологияны қолданып, 10 – сыныптың химия пәнінен өткізілген «Қаныққан көмірсутектер» тақырыбын ұсынамыз.

Тақырыбы: Қаныққан көмірсутектер (Алкандар)

Модульдік оқыту технологиясы бойынша сабақты 3 бөлімге бөлеміз:

– Кіріспе: Алкандар жайлы түсінік, тыңдалым

– Негізгі: Физикалық-химиялық қасиеттері, оқылым – жазылым

– Қорытынды: қолданылуы, табиғатта кездесуі, айтылым

Кіріспе бөлімі

Алкандар молекула құрамындағы көміртегі атомдары өзара тек дара σ – байланыстар арқылы байланысқан жалпы формуласы C_nH_{2n+2} болатын алифатты немесе қаныққан көмірсутектер болып табылады.


Метанның гомологтық қатары

Гомологтар – құрылысы мен қасиеті ұқсас, бір немесе бірнеше CH_2 тобына айырмасы бар жалпы формуласы бірдей заттар

● CH_4	метан	● C_6H_{14}	гексан
● C_2H_6	этан	● C_7H_{16}	гептан
● C_3H_8	пропан	● C_8H_{18}	октан
● C_4H_{10}	бутан	● C_9H_{20}	нонан
● C_5H_{12}	пентан	● $C_{10}H_{22}$	декан

Алкандарды қазіргі уақытта химиктер көптеген алкандарды табиғи көздерден бөліп алды. Сондай-ақ, алкандардың синтездеу жолымен

алынатыны да белгілі. Олардың молекулаларында өздеріне таныс ковалентті С-Н байланысы және оған ұқсас көміртегі атомының sp^3 – орбитальдарының қаптасуы арқылы түзілетін С-С байланыс бар. Алкандар молекуласындағы әрбір көміртегі атомының барлық төрт валенттігі толықтай, яғни шегіне дейін сутегі және көміртегі атомдарымен қаныққан болады. Осыдан көмірсутектердің қаныққан көмірсутектер деген атаулары шығады.



Негізгі бөлімі

Алкандардың физикалық қасиеттері:





Алкандардың бастапқы төрт мүшесі – газдар, пентаннан бастап пентадеканға ($C_{15}H_{32}$) дейін – сұйық заттар, ал құрамында C_{16} және одан да көп көміртек <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D1%82%D0%BE%D0%BC%D0%B4%D0%B0%D1%80> атомдары бар жоғары молекулалы алкандар – қатты заттар болады. Алкандарда қ.ж. қысымды жоғарылатқанда, пропан мен бутан сұйыққа айналады. Изомер алкандардың физикалық және химиялық қасиеттерінде айырмашылықтар болады. Мы, нормальді құрылымды алкандардың қайнау және балқу температуралары сәйкес тармақталған алкандардың қайнау, балқу температураларынан жоғары.

Алкандар – полюссіз қосылыстар. Олар судан жеңіл және сумен араласпайды (ерімейді). Сол сияқты басқа полюсті еріткіштерде де ерімейді, органикалық еріткіштерде ериді. Сұйық алкандар көптеген органикалық, заттардың еріткіші ретінде қолданылады.


Физикалық қасиеттері		
$C_1H_4 \dots C_4H_{10}$ – газдар Т қайнау: $-161,6 \dots -0,5 \text{ } ^\circ\text{C}$ Т балқу: $-182,5 \dots -138,3 \text{ } ^\circ\text{C}$	$C_5H_{12} \dots C_{15}H_{32}$ – сұйықтар Т қайнау: $36,1 \dots 270,5 \text{ } ^\circ\text{C}$ Т балқу: $-129,8 \dots 10 \text{ } ^\circ\text{C}$	$C_{16}H_{34} \dots$ ары қарай қатты заттар Т қайнау: $287,5 \text{ } ^\circ\text{C}$ Т балқу: $20 \text{ } ^\circ\text{C}$
Салыстырмалы молекулалық массаларының өсу ретіне қарай қайнау, балқу температуралары артады		

Алкандардың химиялық қасиеттері:


1. Метанның хлорлану реакциясы



2. Айырылу (ыдырау) реакциялары



3. Риформинг реакциялары нәтижесінде алкандар ароматты көмірсутектерге, мы, гексан бензолға айналады:



4. Тотығу реакциялары



Химиялық қасиеті

1. Орын басу реакциялары

Реакция радикалды механизм бойынша жүреді.

1) Галогендеу реакциясы

$$\text{CH}_4 + \text{Cl}_2 \xrightarrow{t} \text{CH}_3\text{Cl} + \text{HCl} + \text{Q}$$

2) Нитрлеу (Коновалов):

$$\begin{array}{c} \text{H} \\ | \\ \text{H}-\text{C}-\boxed{\text{H} + \text{HO}} \\ | \\ \text{H} \end{array} \text{NO}_2 \xrightarrow{t} \text{CH}_3-\text{NO}_2 + \text{H}_2\text{O} + \text{Q}$$

3) сульфирлену:

$$\begin{array}{c} \text{H} \\ | \\ \text{H}-\text{C}-\boxed{\text{H} + \text{HO}} \\ | \\ \text{H} \end{array} \text{SO}_3\text{H} \xrightarrow{t} \text{CH}_3-\text{SO}_3\text{H} + \text{H}_2\text{O} + \text{Q}$$



Этан

Қорытынды бөлімі

Алкандардың қолданылуы:

Табиғи газ құрамындағы метан тұрмыста және өндірісте отын ретінде кеңінен пайдаланылады. Оттеппен немесе ауамен қоспасы қопарылғыш келеді. Газдың бөлінгенін байқау үшін оған (газ баллоны, т.б.) иісті заттар қосады. Күйе каучук пен резеңке өндірісінде типографиялық бояу ретінде қолданылады. Түзілген сутек экологиялық таза отын ретінде, аммиак және азотты тыңайтқыштар алуға қолданылады [5].

ҚОЛДАНЫЛУЫ



1-3 – өндірісте күйе

- (1 – картрижи;
- 2 – резина;
- 3 – типографиялық бояу)

4-7 – органикалық заттар

- (4 – еріткіштер;
- 5 – тоңазытқыштарда;
- 6 – метанол;
- 7 - ацетилен)

Қорыта айтқанда, модульдік оқытудың өзегі – оқу модулі. Оқу модулі ақпараттардың аяқталған блогынан, бағдарламаны табысты жүзеге асыру үшін берілген оқытушының нұсқауларынан және оқушы іс – әрекетінің мақсатты бағдарламасынан тұрады.

Модульдік оқыту білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігі, оқудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді.

Бұл әдіс оқушыны ізденімпаздыққа, отан сүйгіштікке, өз бетімен білімін жетілдіруге баулып, шығармашылық қабілетін дамытады. Бұл технология оқушылардың дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, оқушының елестету мен есте сақтау қабілетінің, ынтасының, белсенділігінің, білім сапасының дамуына көмектеседі.

Әдебиеттер

1. Құрманәлиев М.Қ. Химияны оқытудың қазіргі технологиялары. – Алматы, 2009. – 112 б.
2. Төлегенқызы Г. Модульдік оқыту технологиясы // Химик анықтамалығы. – 2009. – №3. – 32 б.
3. Манабаева А.Ш., Абылайхан С.М., Алшынбаева Ж.Е. Қазіргі білім беру технологиялары: Оқу әдістемелік құралы. – Қарағанды: Санат баспасы, 2007. – 80 б.
4. Алпамысова К. Модульдік технология химия сабағында // Қазақстан мектебі. – 2013. – №2. – 29 б.
5. Химия. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану – математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық / Темірболатова Ә., Нұрахметов Н., Жұмаділова Р., Әлімжанова С.. – Алматы: Мектеп, 2014.

А. Халамсия, З. Турсынханова

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенттері

Ғылыми жетекшісі: химия ғылым. канд., доцент М.К. Еркибаева

СУДЫҢ ХИМИЯЛЫҚ СЫРЫ

Өмірімізде судың маңызы өте зор. Судың ауа-райы жағдайына, мәдени тұрмыс-тіршілікке, халықтың денсаулығына, адам ағзасындағы түрлі үдерістерге әсері үлкен. Судың едәуір мөлшері тұрмыстық, гигиеналық және өнеркәсіптік қажеттіліктерге жұмсалады. Су адам тазалығына: жуынуға (тәулігіне 5–10 лит (душқа әр адамға 120–150 литр)), кір жууға, тамақ пісіруге және ыдыс-аяқ жууға, тұрғын үй қоғамдық ғимараттардың тазалығын сақтауға және т.б жұмсалады. Бұдан өмірдегі суды пайдалану жағдайының деңгейі санитарлы-техникалық талаптардың деңгейіне байланысты болатынын көреміз.

Адамның денсаулығы үшін ауыз су сапасының үлкен экологиялық маңызы бар, ол судың органилептикалық қасиеттерімен, химиялық құрамымен және әр түрлі ауруларды қоздыратын бактериялардың болуы не болмауымен сипатталады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ВОЗ) мәліметтері бойынша біздің жер шарымыздағы аурулардың 80 пайызы ластанған суды қолданудан немесе қоршаған ортаның экологиясының бұзылуымен байланысты. ШҚО обылысың суды және оның көздерін пайдаланудағы ерекшеліктерінің бірі, жер асты суларын пайдалану. Іс жүзінде пайдаланатын 65 пайызы жер асты немесе артезиан құдықтарының суы. Соңғы жылдары ШҚО экологиялық жағдайының күрт төмендеуі байқалады. Сонымен қатар тұрғын саны үнемі өсу үстінде, бұл әрине судың сапасын зерттеуді қажет етеді. Сондықтан осы экологиялық мәселе мақаламның негізгі тақырыбы болды. Табиғаттың тамаша туындыларының ең қарапайымы да, ең күрделісі де су. Өйткені миллиардтаған жылдар бойы ағып су тау мен тасты бұзып өзгеріске ұшыратып, жер шарымыздың келбетін осы күнгі қалыпқа келтірген. Тіршіліктің өзі де суда пайда болып суда дамиды. Ғылым тілінде айтсақ, су мен тіршілік бірігіп, жер бетіндегі органикалық және бейорганикалық алуан түрлі заттарды тудырады. Міне, осыдан су мен тіршілік егіз дейміз.

Судың сырт көзге қарағанда құрылымы қарапайым болғанымен, ол қасиеті жағынан күрделі зат. Ғылым дүниесіне аттаған қадамымызда кезіктіретін, күнделікті өмірде айырылмас серігіміз – судың физикалық және химиялық қасиеттерін жете білеміз бе?

Су дегеніміз не? Ол оттектен сутектің өзара қосылы, химия тілімен белгілесек – H_2O . Бірақ бұл формула дүниедегі барлық су біткенге сәйкес келе бермейді. Оның сыры табиғатта кездесетін оттектен сутектің әр түрлі изотоптарының болуында. Сутектің 3 изотобы бар, жеңіл қарапайым ^1H – протий (қарапайым деген сөзден шыққан), ауыр

^2H – дейтерий, «Д» әріпімен белгіленеді. Аса ауыр сутек изотобы ^3H – тритий – Т, радиоактивті, жартылай ыдырау мерзімі – 12 жыл шамасы. Табиғатта ең көп тарағаны жеңіл сутек – протий, ал дейтерий одан 6700 еседей аз. Аса ауыр сутек – трийидің жер бетіндегі мөлшері 1 килограмнан аз. Соған қарамастан, оны әр тамшы судан табуға болады.

Оттеkte 3 изотоптан тұрады: ^{16}O , ^{17}O , ^{18}O . Тыныс алатын оттектің әрбір 600 атомының біреуі ^{17}O , бесеуі ^{18}O , қалғандары ^{16}O болып келеді. Міне, осындай изотоптардың бәрі де бірімен – бірі әрекеттесіп су түзе алады. Осыған орай химия ғылымы 9 тұрақты су түрі бар деп есептейді: H_2O^{16} , H_2O^{17} , H_2O^{18} , HDO^{16} , HDO^{18} , D_2O^{16} , D_2O^{17} , D_2O^{18} .

Кәдімгі су – H_2O ең жеңілі, табиғаттағы ең молы. Бірақ, осы формулаға сай келетін таза су еш уақытта кездескен емес, кездеспейді де. Қарапайым судың изотоптық құрамы үнемі өзгеріп тұрады, басқа суда дейтерий көлдегіден әлдейқайда аз. Буланған суда протий молайып изотоптық құрамы өзгеріп сала береді. Онда ауыр сутек азайып, керсінше, ауыр оттект көбейеді. Сөйтіп, қатқан мұз бен еріген судың бір еместігі анықталады.

Қолдан жасанды дайындалған, кәдімгі қарапайым су H_2O^{16} дүниеде бірнеше ірі зертханаларда ғана бар. Сондықтан оның құны алтыннан да қымбат. Ауыр су да таза күйінде кездеспейді. Оның таза болуы қажет те емес. Ауыр су деп құрамында дейтерийі мол суларды атай береді, оны ғылым мен ядролық техникада қолданады.

Судың түр-түсін біліп алып, оның физика – химиялық қасиеттерімен таныссақ, толып жатқан таңғажайып ерекшеліктерге тап боламыз. Суға тән қасиеттер басқа бірде-бір затта кездеспейді деуге болады. Ең әуелі судың қайнау және қату қасиеттерін қарастырамыз. Оның не кереметі бар, су 100 градуста қайнап шыға келмей ме, тіпті температураның тірелер шегі де судың қайнау температурасы емес пе деушілер табылар. Өйткені ол температуралық шкаланың дүние жүзі қабылдаған тұрақты санына -100 градусқа сай келеді. Бірақ судың ерекшелігі өзіне ұқсас заттардан – H_2S , H_2Se , H_2Te , химиялық және физикалық қасиеттері бойынша тым оқшау тұруында. Д.И. Менделеев жасаған периодты заң негізінде салыстыра отырып, теория жүзінде судың да қайнау температурасын табуға болады. Өйткені периодтық заң бойынша бір топ элементтердің сутектік қосылыстарының қайнау температуралары шамалас болуы мүмкін. Бұл температурада, су – 80 градуста, яғни нөл градустан төмен – 80 градус температурада қайнау керек. Ал, іс жүзінде су будан 180 градус жоғары температурада, 100 градуста қайнайды. Кестедегі заңдылыққа сай судың қайнау температурасы – нөлден 100 градустай төмен, сөйтіп, су табиғаттың жалпы заңына қайшы келіп тұрғандай.

Судың ерекше бұл қасиетінің сыры оның ішкі құрылысында, молекулаларының өзара орналасуында жатыр. Судың қайнау температурасының жоғары болуы да су молекулаларының өзара бірігіп, бірге

жүруімен түсіндіріледі. Суды буландыруға кететін жылудың басты бөлігі – сол біріккен тектес молекулаларды ажыратуға жұмсалады. Ал егер дүниедегі бар су біткен тек дара молекулалардан тұрған болса не болар еді? Ол кестедегі заңдылыққа сай 80 градуста қайнап, буға айналып, суланып, жер бетінде мұхит, көлдер, өзендер атымен жоғалып, аспан әлемінде бір шарбы да бұлт түзілмес еді.

Қорытындылай келе, су-адам ағзасындағы жасушалардың түзілуіне қатысып, физиологиялық және зат алмасу үрдістерінің дұрыс жүруіне қажет. Адам ағзасы сусызданып, құрғап кетуге төзбейді. 1–1,5 литр су бөлінгеннің өзінде адам ағзасы тепе-теңдік мөлшерін қайтадан толтыруды қажет етеді. Судың ағзаға қажетті мөлшері жетпесе, адамның жұмыс істеу қабілеті төмендеп, сыртқы ортамен жылу алмасуы бұзылады. Егер адам дене салмағының 20–25%-ға тең су мөлшерін жоғалтса өлімге әкеп соғады. Ағзаға қажет судың мөлшері қолданған тамақ өнімдерінің (су, шай, әр-түрлі сусындар, жеміс-жидектер т. б.) жасушада тотығу нәтижесінде түзіледі. Ағза үнемі сумен жаңаланып, толықтырылып тұрады. Адам сусыз үш күн, ал тамақсыз бір ай тіршілік ете алады. Осы мәліметтерден-ақ адам өмірінде судың маңызы өте күшті екенін көреміз.

Санитарлы-гигиеналық нормаға сай келмейтін суды қолдану халықтың әр түрлі инфекциялық немесе инфекциялық емес ауруларға шалдығуына әкеп соғады. Сондықтан да СЭС ауыз су пайдалану талаптарын басшылық алып, «Ақбұлақ» таза су бағдарламасы бойынша көптеген қала, ауыл тұрғындары қазіргі таңда таза ауыз сумен қамтылып отыр және бұл жоба келешекте дами түссе деген пікірдеміз.

Г.Т. Тоқтаубекова

*Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы М. Баймұрат*

ХИМИЯ САБАҒЫНДА «CASE STUDY» ӘДІСІН ҚОЛДАНУ

Бүгінде экономикалық және әлеуметтік, жаратылыстану мамандықтары бойынша білім алудың тиімді әдістерінің біріне арналған «Case study» әдісі теориялық білім алған студенттерді болашақ мамандықтың практикасына негізделген әрекеттерге баулиды. «Case study» әдісі таңдау жасау мен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыратын тиімді әдіс. Ол нақты жағдайларды практикалық тұрғыдан талдау мен оларды өмірде кезігетін түрінде қайталауға негізделеді. Сол себепті де «Case study» кейде «нақты оқу ситуациялар әдісі» деп те атайды.

Ағылшын тілінен аударғанда, «кейс» сөзі «жағдай», «оқиға» деген мағынаны білдіреді.

Кейстің жалпы түрлері:

– *Практикалық кейстер* – өмірдің өзінде бар нәрселерді көрсетеді.
– *Оқу кейстері* – оқу ісіндегі мақсаттар мен міндеттерге байланысты туындайды.

– *Ғылыми – зерттеулік кейстер* зерттеу ісін жүзеге асыруға бағытталады.

Case-study әдісінің тікелей мақсаты – студенттер мен оқытушылардың бірлесіп – әрекет етуі болып табылады.

Оларға *атап айтсақ* – проблема мәнін сөз түрінде құру, оның құрылымын талдау, оған баға беру, уақиғалық мәселеден туындаған проблемалық жағдайдың практикалық шешімін жүзеге асырудың ретін (алгоритмін) жасау т.с.с. жатады.

Кейстің стадидің жалпы құрылымы:

– проблемалық жағдаятты сипаттау (кейстің өзі);
– кейстік жұмысты атқару барысында жауабы ізделетін сұрақтардың немесе тапсырмалардың тізімі;

– оқытушыға берілетін түсіндірме жазбалар – оқытушыға арналған кейс ерекшелірін сипаттау және зертханада солармен жұмыс істеу ретін түсіндірмелері;

– нақтылы материалдар есебінде келтірілетін кесте, график, схема, диаграмма, үлестірімелер, анкеталар (сауалнама емес).

Кейс стади әдісінің 5 кезеңі бар. Олар:

1-кезең – жағдаятпен таңысу, оның ерекшелігі;

2-кезең – мәселені анықтау, әсер ететін факторлар мен объектілерді анықтау;

3-кезең – ой – пікірді ұйымдастыру үшін тұжырымдаманы, ойларды ұсыну;

4-кезең – шешім қабылдау алдындағы талдау жұмысы;

5-кезең – кейстің шешімі – бір неше нұсқадағы шешім, шешімдерге байланысты туындайтын мәселелерін ескеруді атау.

Кейсті құрастыру сатысы:

• Білім мақсаттары жүйесінде кейстің орнын анықтау;
• Кейс тақырыбына тікелей қатысы бар институционалды жүйені іздеу;

• Жағдай моделін құру немесе таңдау;

• Сипаттауды құру;

• Қосымша ақпараттарды жинау;

• Соңғы мәтінді даярлау [1].

Кейспен жұмыс істеуді ұйымдастыру бұл оқытушының шығармашылығы үшін үлкен мүмкіндік болып табылады. Біз жұмыс ұйымдастыруға болатын, максималды жалпыланған сабақ үлгісін ұсынамыз.

• Сабақты ұйымдастыру сатыларының біріне бірлескен іс-әрекетке жұмылу сатысы жатады.

• *Бұл сатының негізгі міндеті* бірлескен іс – әрекетке дәлелдеме құру, талқылауға қатысушылардың бастамаларының айқындалуы жатады. Ары қарай *бұл сатыда келесі жұмыс нұсқалары* болады:

– Кейс – стади мәтіні студенттерге өз бетімен зерделеу және сұрақтарға жауап дайындау үшін сабақ басталғанға дейін таратылып беріледі.

– Сабақ басында тыңдаушылардың кейс – стади материалдарын білуі және талқылауға қызығушылығы анықталады.

– Кейс – стади негізінде жатқан басты мәселе анықталады және ол курстың сәйкес бөлімімен үйлестіріледі.

Сабақты ұйымдастыру сатыларының екіншісіне біріккен іс-әрекетті ұйымдастыру сатысы жатады.

Бұл сатының негізгі міндеті: – мәселелені шешуге арналған іс-әрекетті ұйымдастыру болып табылады. Іс – әрекет кішігірім топтарға біріктіріледі және жеке болуы да мүмкін. Тыңдаушылар оқытушы берген қандай да бір анықталған уақыт көлемінде сұраққа ұжымдық жауап дайындау үшін уақытша кішігірім топтарға бөлінеді. Әрбір кішігірім топтарда (басқа топтардан тәуелсіз) жауаптарды салыстырулар, оларды өңдеу, тұсаукесер үшін рәсімделетін жеке бір көзқарасты өндіру жұмыстары жүреді. Әрбір топта шешімді жеткізетін «спикер» таңдалады немесе тағайындалады. Егер кейс сауатты құрылған болса, онда топтардың шешімдері сәйкес келмеуі керек. Спикерлер топтардың шешімін таныстырады және сұрақтарға жауап береді. Оқытушы жалпы дискусияны ұйымдастырады және бағыттайды [1-2].

Химия пәні – оқушы тұлғасының дамуына әсер ететін бірегей мүмкіндіктерге ие оқу пәні, өйткені оның негізгі мазмұны қоғамның тыныс тіршілігін және оның қоршаған ортамен өзара әсерін зерттеуде кешенді тәсіл болып табылады.

Заманауи сабақ мұғалім мен студенттің бір уақытта жаңа нәрсені үйренетін сабақ болып табылады, мұғалім үшін жаңа ақпаратты ашатын студенттер болады.

Химия пәні бойынша, мысалы, 9-сыныптарға «Металдардың коррозия» тақырыбын өту кезіндегі оқушыларға жаңартылған білім беру мазмұны бойынша «Case study» әдісін көрсетуге болатын төмендегідей тапсырмаларды беруге болады.

«Case study» әдісі

№1 Кейс

9-сынып

Күрделілік деңгейі: проблема анықталмаған кейс

Қолданылатын әдіс: жағдаяттар әдісі

Атауы: **«Металдардың коррозиясы»**

Кейстің мазмұны:

20 ғасырдың басында Нью-Йорк портынан ашық мұхитқа әдемі яхта шықты. Оның қожайыны, американдық миллионер әлемді таңқалдыру үшін ақшасын аямады. Корпус сол кезде өте қымбат алюминийден

жасалынған, оның парақтары жез мысықтармен бекітілген. Бұл алтыннан жасалған тырнақ бастарымен сызылған керемет жарқыраған күміс кеме еді!!!

Алайда, бірнеше күн өткен соң корпус бөлініп, яхта тез түбіне кетті.

Тапсырмалар

1. Яхта не болды? Яхтаны сақтаудың жолын ұсыну.
2. Пәтеріңізді, үйіңізді тексеріп, коррозияға қарсы жабындар қолданылатын жерлерді белгілеңіз. Қолдану салаларына қарай антикоррозиялық жабындардың жіктемесін құру.
3. Коррозия және онымен күресу туралы көбірек ақпаратты табу.
4. Кез келген нысанда жасалған жұмыс туралы есеп беру.

Ақпараттық материал

Металдардың коррозиясы дегеніміз – қоршаған ортамен химиялық немесе электрохимиялық әрекеттесулер нәтижесінде олардың жойылуы.

Химиялық коррозия дегеніміз – құрғақ газ жағдайында немесе электр тогын өткізбейтін сұйықтықтарда пайда болатын электр тогы жоқ металдардың ыдырауы. Корпус конструкцияларының беттері тасымалданатын мұнай өнімдерімен, тұзбен, көмірмен және басқа минералдармен байланыста болған кезде химиялық коррозияға ұшырайды.

Мұнай өнімдерінің жеңіл маркалары бар бензиндер, бензиндер, керосин және басқалары бар резервуарларда коррозияға ең көп зиян келеді – олар күкірт қосылыстарының металл құрамына және олардың құрамына кіретін әртүрлі қышқыл қалдықтарына әсер етуі.

Электрохимиялық коррозия – бұл электр тогын (электролиттер) өткізетін сұйықтықтармен байланысқан кезде металды бұзу процесі. Бұл бұзылу металл мен сұйықтықтың шекарасында пайда болады және гальваникалық жасушада пайда болатын құбылысқа ұқсас олардың арасындағы электрохимиялық реакция нәтижесінде пайда болады. Химиялық құрамындағы мұндай электролит – теңіз суы. Құрамында біркелкі емес материал болып табылатын ыдыстың металл корпусы анод болып табылатын көптеген микрогальваникалық жұптарды құрайды, олардың бөліктері металл ерітіндіге өтеді.

Кернеу қатарын практикалық қолдану

Тәжірибеде бірқатар кернеулер тұздар мен қышқылдардың сулы ерітінділерімен реакциялардағы металдардың химиялық белсенділігін салыстырмалы бағалау және электролиз кезінде катодты және анодтық процестерді бағалау үшін қолданылады:

- Оң жақтағы металдарға қарағанда сол жақтағы металдар күшті төмендететін заттар: олар тұзды ерітінділерден ығыстырады.
- Тотықтырмайтын қышқылдардың сулы ерітінділерімен әрекеттескенде сутекті ығыстыратын сутек металдары; ең белсенді металдар (алюминийді қоса алғанда) – және олар сумен әрекеттескенде.
- Сутектің оң жағындағы металдар қалыпты жағдайда тотықтырмайтын қышқылдардың сулы ерітінділерімен әрекеттеспейді.

• Электролиз кезінде катодта сутектің оң жағындағы металдар шығады; қалыпты белсенділік металдарының қалпына келуі сутектің бөлінуімен бірге жүреді; Қалыпты жағдайда тұздардың сулы ерітінділерінен ең белсенді металдарды (алюминийге дейін) алу мүмкін емес [3-4].

Кейстік әдістерді қолданудың артықшылықтары:

– Студенттердің реалды өмір практикасында кездесетін проблемаларды шеше біледі.

– Топпен бірлесіп жұмыс істеуге дағдыланады.

– Әлеуметтік, тәжірибелік, шықармашылық, коммуникативті дағдылары қалыптасады.

– Ғылыми конференцияларда, пресс – конференцияларда өз ойын айтып, ұсынысын дәлелдеу қабілеті артады.

Қорытындылай келе, «Case study» әдісінің көмегімен студенттер өз беттерінше теорияны меңгере отырып, практикалық дағдыларды да үйренеді, сонымен қатар өз ойын жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болады. Студент жағдаятқа талдау жасау арқылы болашақ маман ретінде қалыптасып, сабақты қызығып оқуға тырысады. Бұл әдіс оқытушының креативті ойлауын дамытып, сабақтың мазмұнын ерекше құруға шығармашылық мүмкіндігін кеңейтуге жағдай жасайды.

Әдебиеттер

1. <https://prezi.com/4o5eb9охухdj/case-study-/>
2. Покушалова Л.В. Метод case-study как современная технология профессионально-ориентированного обучения студентов / Л.В. Покушалова. – Текст : непосредственный, электронный // Молодой ученый. – 2011.– №5(28). – Т. 2. – С. 155-157.
3. Асхат Әлімов. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері: оқу құралы / А. Әлімов. – Алматы, 2013. – Б. 14-45.
4. <https://moluch.ru/archive/28/3073/>

БИОЛОГИЯ

К.Ж. Абдразакова

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің магистранті

Ғылыми жетекшісі: биология ғылым. канд. Г.К. Тулиндинова

ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫНЫҢ ПАРАЗИТОЗДАРЫН ЖАҢА ӘДІСТЕРМЕН ДИАГНОСТИКАЛАУ

Кең таралған паразиттік аурулар гельминтоздар мен протозооздар болып табылады, олардың таралу себептері өте көп, бұл жерде табиғи-климаттық жағдайлар ғана емес, сонымен қатар жануарларды жаю ережелерінің болмауы немесе сақталмауы, жайылымдарды гельминт жұмыртқаларымен және басқа инвазиялық элементтермен ластауға әкеп соқтыратын уақтылы дегельминтизация маңызды рөл атқарады. Павлодар облысында жылқылардың гельминтоздары арасында параскаридоздар мен стронгилятоздар, стронгилоидоздар жиі кездеседі. Қой паразиттерінің арасында стронгиляттардан басқа, нематодироздар мен аралас инвазиялар: нематодоздар мен эймериоздар, немесе эймериоздары бар мониезиоздар, ал ірі қара малдарда копрологиялық зерттеу кезінде эймериоздар, криптоспоридиоздар, трихоцефалездер мен мониезиоздар анықталды, ал сойылғаннан кейін тексеру кезінде осы малдарда эхинококкоздың зақымданғанын байқады, паренхиматозды ағзалардың зақымдану қарқындылығы әртүрлі. Қазақстанның шығысындағы эймериоздар мен гельминтоздарды жұқтырудағы сыртқы ортаның маусымдық динамикасы мен факторлары туралы ғалымдар тобының жұмысында атап көрсетілген: N. Khussaiynova, G. Toikina, I. Bulecbayeva, A. Zhana-dilov, A. Koigeldinova [1, 318-319].

Паразитология практикасында жануарларға диагноз қою үшін дәстүрлі әдістер қолданылады – Фюллеборн, Котельников-Хренов, Дарлинг, Красильников және т.б. әдістері, бірақ әр түрлі авторлар анағұрлым жетілдірілген және жеткілікті қол жетімді құралдар мен әдістерді қолданады. Эксперименталды жағдайларда бір автормен шошқадан алынған фекалий сынамасының гельминтоовоскопиясы кезінде қантпен ас тұзының қаныққан ерітіндісін пайдалана отырып, оң нәтиже алды [2, 315-316]. Экспедициялық жағдайда сауыттарды немесе пробиркаларды қолдана отырып, қой мен ешкінің өкпе нематодоздарының тірі кезінде диагностикасын Г. Бояхчян ұсынады [3, 3 с.]. Копрологиялық материал сынамаларын зерттеу кезінде әртүрлі малдардан инновациялық әдістерді қолдану туралы зерттеушілердің бірқатар жұмыстарында баяндалды [4, с. 116].

Тәжірибеде қолданылатын Фюллеборн, Дарлинг және басқа да копрологиялық әдістер, біздің ойымызша, кемшіліктерге байланысты,

бізді жануарлардың паразитоздарына диагноз қою үшін нақты жағдайларға бейімделген, жетілдірілген, жаңа әдістерді іздеуге мәжбүр етті. Өз ізденістерімізде біз инвазиялық материалды консервациялау және ұзақ мерзімге сақтау, сондай-ақ пайдаланылатын заттардың қарапайымдылығы мен қолжетімділігі, зерттеу үшін диагностикалық тәсілдердің тиімділігі сияқты міндеттерді қойдық [5, 293–286]. Көп жағдайда стронгилятоздар мен трихостронгилидоздарды диагностикалау кезінде дифференциациялау үшін дернәсілдерді морфологиялық белгілері бойынша зерттеу жүргізу қажет. Осы мақсатта микроскоппен ішек жасушаларының құрылысы, олардың саны, пішіні және орналасуы зерттеледі.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Паразитоздарды диагностикалау бойынша салыстырмалы эксперименттерді зерттеу және жүргізу үшін біз Павлодар облысы Екібастұз ауданының мал шаруашылықтарында 2018 жылдың күзінен 2020 жылдың наурыз айына дейін сынама алуды жүргіздік, сондай-ақ жануарларды ұстау, азықтандыру және күту жағдайларымен танысты. Стронгилятоздарға және трихостронгилидоздарға дифференциалды диагноз қою мақсатында біз нәжістің 510 сынамасын зерттадық, оның ішінде жылқы –180 және ұсақ мал –420. Сынамалар көктемде, күзде және жазда алынды, қысқы кезеңде негізінен қорада ұстауға көшуіне байланысты жұқтырылған жануарлардың саны барынша азайтылады, сондықтан осы уақытта зерттеу жүргізу орынсыз.

Эксперименттік жұмыс 2018 жылдың қыркүйек айынан 2019 жылдың маусым айына дейін мабпу Жалпы биология кафедрасының 015 оқу аудиториясында жүргізілді. Шульман лярвоскопиясының дәстүрлі әдістерімен қатар, біз жарақатпен патенттелген диагностиканың жаңа әдістерін қолдандық. Микроскопия кезінде паразиттердің түрін анықтау үшін микроскоптың үш түрін қолданған: бұл ірі объектілерге арналған МБС-10 – бинокулярлы, үлкейтілген 10×20, 20×40 «Микромед» және нысанды 1000 есеге дейін арттыруға мүмкіндік беретін және суретті қосуға және оны компьютер мониторуна шығаруға мүмкіндік беретін «NiconclipseE-200» микроскоп. Паразиттердің түрі [6, 322 с] құралында баяндалған анықтағыш кестелердің көмегімен анықталды.

Біз Шульманның дәстүрлі әдісін және жаңа әдіс «Копрологиялық материалды антифризді қолдана отырып бұрау тәсілін түрлендіру» әдісін қолдандық. Әдістердің жаңалығын және неғұрлым толық салыстырмалы сипаттамасын ашу үшін біз зерттеулерді орындау әдістемесін келтіреміз.

Әдебиеттен жақсы белгілі Шульман әдісін біз бұрау әдісінің ұтымды авторлық модификациялары болып табылатын екі төменде жазылған әдістермен салыстырдық.

«Антифризді қолдана отырып, копрологиялық материалды бұрау тәсілін түрлендіру»

Шульманның дәстүрлі әдістерімен қатар, біз қой мен жылқылардың

фекалияларын инновациялық әдістермен дернәсілдердің бар-жоғын зерттедік. Бұл әдістің мәні мынада. Фекалий сынамасын материал мен консерванттың көлемдік арақатынасы 1:3–1:5 болған кезде шыны ыдыстарға (пробиркаға) салып, зерттеу рәсіміне дейін сақтайды (біз жүргізген зерттеулердің нәтижелері бойынша сақтау мерзімі бірнеше апта мен айды құрауы мүмкін), ал Шульман әдісі кезінде қолданылатын кәдімгі суда биоматералды сақтау мерзімі сағаттармен есептелуі мүмкін немесе ең жақсы жағдайда, бірнеше күн, содан кейін паразиттер бұзылады, деформацияланады. Сақтау процесінде біздің әдісті қолдану кезінде, олардың бастапқы консистенциясына қарамастан, нәжіс массаларын жұмсарту және гомогенизациялау жүргізіледі, бұл дернәсілдерді толық алуға ықпал етеді. Зерттеу кезінде сұйықтықты (антифризбен фекалий гомогенаты) таяқшамен 20–30 секунд бойы қарқынды араластырады, содан кейін таяқшаны тез алып, оның соңында пайда болған тамшыны микроскопиялау үшін заттық шыныға апарады.

Антифризде 50–60% массалық үлесінде этиленгликоль бар екенін есте сақтау керек, ал сол этиленгликольде тосол қосымша Алифатикалық спирттерді қосады [7, 3 с.].

1-кесте. Екібастұз ауданында жыл мезгілдері бойынша стронгилятоздарға және трихостронгилидоздарға жануарлар фекалийінің сынамаларын зерттеу нәтижелері (күз 2018, көктем-жаз 2019)

Жыныстық-жастық жануарлардың құрамы	Күз			Көктем			Жаз		
	Шульман әдісі								
	Паразиттер табылған сынамалардың саны және сынамалардың саны	ИЭ, %	ИИ	Паразиттер табылған сынамалардың саны және сынамалардың саны	ИЭ, %	ИИ	Паразиттер табылған сынамалардың саны және сынамалардың саны	ИЭ, %	ИИ
Жылқы	30/7	23,3	3-4	30/6	20,0	4-5	30/3	10,0	4-5
КҚМ Аналық қой	25/8	32,0	4-5	25/9	36,0	5-8	25/7	28,0	5-6
Аталық қой	20/4	20,0	1-3	20/2	10,0	1-2	20/1	5,0	1-2
Төлдер	10/1	10,0	1	10/–	–	–	10/–	–	–
	Антифризді қолдана отырып, копрологиялық материалды бұрау тәсілін түрлендіру								
Жылқы	30/9	30,0	5-7	30/13	43,3	6-10	30/5	16,6	6-8
КҚМ Аналық қой	25/11	44,0	6-8	25/13	52,0	7-9	25/9	36,0	5-8
Аталық қой	20/5	25,0	2-4	20/6	30,0	2-5	20/3	15,0	3-4
Төлдер	10/3	30,0	1-2	10/1	10,0	1	10/1	10,0	2

1-кестеден көрініп тұрғандай, көктемде және күзде барлық жануарларда жұқтыру пайызы жоғары, ал жұқтыру қарқындылығы

инновациялық әдіспен (антифризді пайдалана отырып бұраудың модификацияланған әдісімен) зерттеу кезінде анықталған стронгилят санынан анағұрлым көрнекі түрде асып түседі. Бұл фактіні антифриздің тұтқыр консистенциясымен түсіндіруге болады, ол суға қарағанда инвазиялық материалды бұрау кезінде көбірек тартуға мүмкіндік береді. Ол Шульман әдісінен 1,5–2 есе артық.

2-кесте. Стронгиляттар және трихостронгилидтер * жылқының (АІЖ) және ұсақ мүйізді малдың асқазан-ішек жолдары гельминтоляроскопия жүргізу кезінде анықталған.

Жылқы құрттары		Қой мен ешкінің құрттары	
Стронгилят атауы	Личинкалардың морфологиялық ерекшеліктері	Стронгилят атауы	Личинкалардың морфологиялық ерекшеліктері
<i>Delafondia vulgaris</i>	Ішек жасушалары 32, екі қатарда 16 ұзын кірпіштер түрінде орналасқан. Құйрық қосындысы бар дернәсілдердің ұзындығы 0,588-0,787 мм.	<i>Chabertiaovina</i>	Ішек жасушалары 32, екі қатарда 16 ұзын кірпіштер түрінде орналасқан.
<i>Alfortiae dentatus</i>	Ұзын кірпіштер түрінде 10-нан екі қатарда орналасқан ішек жасушалары 20.	<i>Haemonchus contortus</i> *	Ішек жасушалары 2 ғана 16 орналасқан, соңғы ішек жасушалары бір нүктеде бірдей аяқталады
<i>Strongilusequinus</i>	Ішек жасушалары 16, орналасқан екі қатар 8	<i>Nematodirus spathiger</i> *	Ішек жасушалары бір қатар орналасқан, ішек жасушаларының саны 8

2-кестеден көрініп тұрғандай, түрлік тиістілігі ішек жасушаларының саны мен нысаны бойынша анықталды. Жылқы құрттары үш түрмен ұсынылған: *Delafondia vulgaris*, *Alfortia edentatus*, *Strongilusequinus* қойлар *Chabertiaovina*, трихостронгилидтер екі түрмен ұсынылған-*Haemonchus contortus*, *Nematodirus spathiger*.

Қорытындылар:

1. Копрологиялық материалды судың орнына антифриз бен тосолды (белгілі Шульман әдісінің модификациясындағы) пайдаланып, бұрау әдісімен зерттеу гельминттер жұмыртқалары мен дернәсілдерінің анықталуын арттырып қана қоймай, сонымен қатар фекальды массаларды жұмсартады және гомогениздейді, сонымен қатар фекалий сынамаларын ұзақ сақтауға және әр түрлі уақыт аралығында зерттеу процедурасын қайталауға мүмкіндік береді.

2. Жылқының құрттары үш түрмен ұсынылған: *Delafondia vulgaris*, *Alfortia edentatus*, *Strongilusequinus* қойлар *Chabertiaovina*, трихостронгилидтер екі түрмен ұсынылған – *Haemonchus contortus*, *Nematodirus spathiger*.

Әдебиеттер

1. Тлепов А.А., Сулейменов М.Ж., Аубакиров Х.А., Жумаханов Б. 1. N. Khussaiynova, G. Toikina, L. Bulekbayeva, A. Zhanadilov, A. Koigeldinova Seasonal and Age Dynamics of the Prevalence of *Eimeria* and Helminth Parasitic Infestations of Cattle in the Eastern Kazakhstan// Biology and Medicine. SNIP (Source Normalized Impact per Paper) (2012):0.61. Published: 19th Oct. 2015.
2. Тимербаева Р.Р., Идрисов А.А., Лутфуллин М.Х. Сравнительная эффективность гельминтооовоскопических методов диагностики гельминтозов свиней // Теория и практика паразитарных болезней животных. Всероссийский научно-исследовательский институт фундаментальной и прикладной паразитологии животных и растений имени К.И. Скрябина. – 2014. – № 15. – С. 315-316.
3. Бояхчян Г.А. Методика прижизненной диагностики легочных гельминтозов овец и коз в экспедиционных условиях : Методические рекомендации // Российский паразитологический журнал. – 2007. – №2. – 3 с.
4. Bulekbayeva L., Tarassovskaya N., Zhumadina S. New Methods Of Parasitology Diagnostic With Using Of Anti-Freeze and Auto Cool Liquid // International conference «Smart Bio» 2017 may18-20, Kaunas. – p.116.
5. Тарасовская Н.Е., Булекбаева Л.Т. Диагностика, хранение и консервирование биологического материала инновационными методами // Материалы III Международной научно-практической конференции. Костанай, апрель 2017. – С. 282-287.
6. Исимбеков Ж.М., Булекбаева Л.Т., Тарасовская Н.Е. Практическая паразитология / Учебное пособие. – Павлодар, 2016. – 322 с.
7. Булекбаева Л.Т., Тарасовская Н.Е., Тахиров Р. Модификация способа закручивания копрологического материала с применением антифриза / Патент на полезную модель № 2365 от 29.09.2017 г., бюл. №18. – 3 с.

Б.К. Аманова

магистрант Павлодарского государственного педагогического университета, г. Павлодар

Научный руководитель: д.б.н., проф. каф. общей биологии Н.Е. Тарасовская

ИЗУЧЕНИЕ ЖИВОТНЫХ ОКРЕСТНОСТЕЙ Г. ПАВЛОДАРА ПО СЛЕДАМ ЖИЗНЕДЕЯТЕЛЬНОСТИ

С годами все больше зверей и птиц приспособляются к условиям населенных пунктов, в том числе к крупным городам и их окраинам. При этом многие животные являются скрытными, и не всегда доступны для непосредственного зрительного наблюдения. Даже птицы, которых увидеть проще всего, не всегда попадают в поле зрения человека. А следы жизнедеятельности всегда или в большинстве случаев могут дать точную информацию о пребывании животного или птицы на той или иной территории.

В Павлодарской области, в том числе в окрестностях областного центра, видовой состав зверей и птиц изучался многими региональными учеными, в том числе при непосредственном участии любителей природы. Однако разные погодные условия в разные годы наблюдений, изменение типов застройки в окрестностях крупного города приводят к изме-

нениям видového состава животных, которые появляются в непосредственной близости от областного центра.

Поселения человека – это нагромождения различных строений, напоминающих скалы, и свалок стройматериалов, подобных осыпям скал. Там находят место для гнездования и отдыха горные животные.

Кто они – спутники человека? Так в общих чертах ставил вопрос А.О. Соломатин, подходя к описанию экологической ниши доступных для наблюдений городских животных.

Это прежде всего – животные с уравновешенной нервной системой, способные выносить близость человека. Самых интересных и нужных для себя человек сделал домашними, а остальные из них (кто может адаптироваться в поселениях человека) сами по себе приближаются, льнут к людям и населенным пунктам. Всех обитающих вблизи человека животных называют синантропами. Синантропов можно подразделить на: нахлебников, приживалов, гостевых, транзитников и домашних.

Сравнительные данные показали, что оба метода имеют свои плюсы и недостатки. ПЦР в режиме реального времени дает возможность выявить качественный и количественный анализ генов растительного и животного происхождения; требует сравнительно меньшего времени; используется в основном для быстрых исследований, но не дает развернутого результата. При ПЦР-амплификации электрофорезом в агарозном геле видны специфические участки ДНК, то есть мы видим движение пар нуклеотидов в направлении к положительному электроду. А после электрофореза, гель, помещенный в камеру гель-документирования высветляют в трансиллюминаторе, что дает возможность наглядно осмотреть результаты амплификации. Но минус этого метода в том, что есть опасность контаминации (загрязнения продуктами предыдущих ПЦР) и требуется дополнительное помещение.

Метод проектов не является принципиально новым в мировой педагогике. Он возник еще в начале нынешнего столетия в США. Его называли также методом проблем и связывался он с идеями гуманистического направления в философии и образовании, разработанными американским философом и педагогом Дж. Дьюи, а также его учеником В.Х. Килпатриком. Дж. Дьюи предлагал строить обучение на активной основе, через целесообразную деятельность ученика, опираясь на его личный интерес в этом знании. Именно поэтому чрезвычайно важно было показать учащимся их личную заинтересованность в приобретаемых знаниях, которые могут и должны пригодиться им в жизни.

Основные требования к использованию метода проектов:

1. Наличие значимой в исследовательском, творческом плане проблемы/задачи, требующей интегрированного знания, исследовательского поиска для ее решения (например, исследование демографической проблемы в разных регионах мира; создание серии репортажей из разных концов земного шара по одной проблеме; проблема влияния кислотных дождей на окружающую среду, пр.).

2. Практическая, теоретическая, познавательная значимость предполагаемых результатов (например, доклад в соответствующие службы о демографическом состоянии данного региона, факторах, влияющих на это состояние, тенденциях, прослеживающихся в развитии данной проблемы; совместный выпуск газеты, альманаха с репортажами с места событий; охрана леса в разных местностях, план мероприятий, пр.).

3. Самостоятельная (индивидуальная, парная, групповая) деятельность учащихся.

4. Структурирование содержательной части проекта (с указанием поэтапных результатов).

5. Использование исследовательских методов, предусматривающих определенную последовательность действий:

– определение проблемы и вытекающих из нее задач исследования (использование в ходе совместного исследования метода «мозговой атаки», «круглого стола»);

– выдвижение гипотез их решения;

– обсуждение методов исследования (статистических методов, экспериментальных, наблюдений, пр.);

– обсуждение способов оформления конечных результатов (презентаций, защиты, творческих отчетов, просмотров, пр.);

– сбор, систематизация и анализ полученных данных;

– подведение итогов, оформление результатов, их презентация;

– выводы, выдвижение новых проблем исследования.

Для типологии проектов предлагаются следующие типологические признаки:

1. Доминирующая в проекте деятельность: исследовательская, поисковая, творческая, ролевая, прикладная (практико-ориентированная), ознакомительно-ориентировочная, пр. (исследовательский проект, игровой, практико-ориентированный, творческий);

2. Предметно-содержательная область: моно-проект (в рамках одной области знания); межпредметный проект.

3. Характер координации проекта: непосредственный (жесткий, гибкий), скрытый (неявный, имитирующий участника проекта, характерно для телекоммуникационных проектов).

4. Характер контактов (среди участников одной школы, класса, города, региона, страны, разных стран мира).

5. Количество участников проекта.

6. Продолжительность проекта.

Реализация метода проектов и исследовательского метода на практике ведет к изменению позиции учителя. Из носителя готовых знаний он превращается в организатора познавательной, исследовательской деятельности своих учеников. Изменяется и психологический климат в классе, так как учителю приходится переориентировать свою учебно-воспитательную работу и работу учащихся на разнообразные виды самостоятельной деятельности учащихся, на приоритет деятельности исследовательского, поискового, творческого характера.

Значение проектной деятельности в усвоении и развитии естественно-математических знаний учащихся огромна. В ходе нее учащиеся учатся самостоятельному, критическому мышлению, ориентироваться в информационном пространстве, размышлять, опираясь на знание фактов, закономерностей науки, делать обоснованные выводы, принимать самостоятельные аргументированные решения. Кроме того, учащиеся учатся работать в команде, выполняя разные социальные роли.

Проектная деятельность осуществляется по определенной схеме. Но, приступая к созданию учебного проекта, следует соблюдать ряд условий:

- предварительно изучить индивидуальные способности, интересы, жизненный опыт каждого учащегося;

- выбрать тему проекта, сформулировать проблему, предложить учащимся идею, обсудить ее с учащимися, учитывая их потребности и интересы.

В основу метода проектов положена идея, составляющая суть понятия «проект», его направленность на результат. Чтобы добиться такого результата, необходимо сформировать у обучающихся умение самостоятельно и творчески мыслить, прогнозировать результаты, работать с информацией, устанавливать причинно-следственные связи, ориентируя их на совместную деятельность, использование коммуникативных навыков, умение работать в команде и совместно решать конкретную проблему, а также умение интегрировать знания и умения из различных сфер деятельности каждого участника проектной деятельности.

Литература

1. Монахова Л.Ю. Теоретические аспекты технологии проектирования индивидуальных образовательных программ // Наука и школа. – 2000. – №1.
2. Нефедова Л.А., Ухова Н.М. Развитие ключевых компетенций в проектном обучении // Школьные технологии. – 2006. – № 4.
3. Полат Е.С. Педагогическое проектирование: от методологии к реалиям // Методология учебного проекта: Материалы методического семинара. – М., 2001.
4. Полат Е.С. Типология телекоммуникационных проектов // Наука и школа. – 1997. – №4.
5. Полат Е.С. Метод проектов на уроках иностранного языка // Иностранные языки в школе. – 2000. – №№ 2,3.
6. Янковский С.Я. Концепции общей теории информации. – М., 2000.

7. Шадриков В.Д. Индивидуализация содержания образования // Школьные технологии. – 2000. – №2.

8. Чечель И.Д. Управление исследовательской деятельностью педагога и учащегося в современной школе. – М., 1998.

Е.Ю. Варлакова

студент Павлодарского государственного педагогического университета, г. Павлодар

Научный руководитель: канд. биол. наук, доцент Н.П. Корогод

ПРОБЛЕМЫ И ПУТИ РАЗВИТИЯ ДИВЕРГЕНТНОГО МЫШЛЕНИЯ НА УРОКАХ БИОЛОГИИ

Каким должно быть образование сегодня, чтобы через 30–40 лет наши нынешние ученики эффективно управляли государством, обладали теми качествами, которые помогут определить наиболее оптимальный вектор развития страны, различных отраслей промышленности и сельского хозяйства?

По мнению ученых, России, Франции, США, Великобритании трансформация глобальной экономики и технологического уклада говорят о том, что мир будущего будет во многом отличаться от сегодняшнего дня и будут формироваться новые потребности в способностях:

– развитие творчества (необходимо занять 95% свободного от работы населения земли, большую часть работы будут делать роботы);

– развитие предпринимательства (до 50% жителей земли будут само заняты);

– развития глобального сознания, понимания необходимости сохранять чистоту планеты;

– развитие способности сотрудничать, сопереживать (люди будут так заняты, что у них не будет хватать времени на общение, а это будет так им нужно!).

Возникает вопрос – чему, как и почему надо учить школьников в 21 веке, чтобы школа продолжала выполнять свои образовательные и воспитательные функции – знакомства с окружающим миром и подготовки к взрослой жизни? О том, что у школьников необходимо развивать критическое мышление, исследовательские навыки, сотрудничество, сегодня понимают практически все педагоги школ.

Но о развитии дивергентного мышления, которое столь важно для формирования новых способностей будущего, чаще всего вообще не упоминается. Об этом свидетельствует анализ учебных программ по биологии, календарно-тематические планы педагогов, вопросы и задания в книгах и рабочих тетрадях по биологии.

Однако, именно развитие дивергентного мышления, понятие о котором впервые ввел Дж. Гилфорд, позволяет менять направление поиска в

процессе нахождения ответов на различные вопросы, что ведёт к появлению целого веера разнообразных и неожиданных решений и результатов. Оно предполагает, что на один вопрос может быть дано несколько ответов, что и является условием порождения неординарных идей и самовыражения личности.

Развитие дивергентного мышления у школьников имеет свои положительные последствия:

- дивергентное мышление улучшает знание языка и производительность труда;
- дивергентное мышление приводит к созданию положительного настроения, а конвергентное мышление приводит к негативным колебаниям настроения;
- обнаружена положительная корреляция между дивергентным мышлением и предпринимательским потенциалом;
- открытость опыту в сочетании с развитием дивергентного мышления положительно связаны с творческой работой сотрудников;
- дивергентное мышление воспитывает толерантность, коммуникабельность, любознательность, креативность.

Таким образом, дивергентное мышление способствует развитию очень умных, творческих личностей. Именно такие люди и нужны, чтобы успешно реализоваться в мире будущего.

Поэтому было проведено исследование, целью которого стала разработка, а также теоретическое и экспериментальное обоснование специальных рекомендаций по развитию дивергентного мышления на уроках биологии и преодолению проблем, тормозящих развитие дивергентного мышления.

Для реализации поставленной цели, были сформулированы следующие задачи:

- Проанализировать литературу по дивергентному мышлению, определив сущность данного типа мышления, методы его тестирования, а также актуальность обучения данному типу мышления в современном обществе;
- Собрать рекомендации по развитию дивергентного мышления и адаптировать их для применения на уроках биологии;
- Апробировать полученные рекомендации на практике на учениках 7-ого класса и сделать выводы об их эффективности, доработать при необходимости.

Анализ литературы на тему обучение дивергентному мышлению показал, что большинство источников дает отдельные советы, но не предлагает целостный подход.

Если собрать воедино все рекомендации по развитию дивергентного мышления, то их можно условно разделить на две категории.

К первой категории относятся советы о том, как создать благоприятную среду для развития дивергентного мышления. То, какая среда в

классе, очень важно. Ведь зачастую талантливые дети могут просто бояться или стесняться высказать свои мысли, бояться оказаться неправым, ответить неверно. Поэтому если учитель хочет создать благоприятные условия для развития дивергентного мышления, необходимо поработать над атмосферой в классе.

Ко второй категории рекомендаций относятся конкретные задания для развития дивергентного мышления, которые можно применять у себя на уроке. К таким заданиям относятся:

- Алгоритм ТРИЗ для решения изобретательских задач;
- Проблемное обучение и таблица FIDA для решения задач открытого типа;
- Технология «Дизайн мышления»;
- Метод проектов;
- Упражнение «Заверши рассказ...»;
- Упражнение «Приведи примеры, доказывающие природное явление...»;
- Упражнение «Запланируй проведение исследования» и др.

Для проверки эффективности данных рекомендаций был выбран один 7 класс Назарбаев Интеллектуальной школы. При поддержке учителя биологии, Л.Л. Клышины, и школьного психолога, О.В. Шумахер, были проведены следующие действия:

1. Проведено тестирование уровня развития дивергентного мышления школьников при помощи теста Д.П. Гилфорда в начале и конце учебного года.

Данный тест имеет три показателя: беглость мышления, гибкость и оригинальность. Согласно тестированию, по показателю беглость наилучший результат в классе составил 122,6 баллов, наихудший - 23 балла. По показателю гибкость наилучший результат составил 49,9 баллов, наихудший 9 баллов. По показателю оригинальность наилучший результат стал 89 баллов, наихудший 0 баллов. Данное тестирование показало большой разбег в развитии дивергентного мышления у учеников в классе, что не могло ни сказываться на результатах обучения.

После внедрения рекомендаций по развитию дивергентного мышления и регулярного использования специальных заданий, тестирование в конце учебного года показало, что результаты учеников улучшились в среднем на 3–5 баллов. Разрыв между наилучшим и наихудшим результатом остался на прежнем уровне. Существенный скачок в баллах смогли сделать 2 ученика. Ранее отмечалось, что они с энтузиазмом подошли к предложению учителя развивать дивергентное мышление и активно участвовали во всех заданиях. Это говорит о том, что ученики должны быть ознакомлены с целями обучения и иметь желание их достигнуть.

2. В начале учебного года было проведено анкетирование учащихся, целью которого было оценить, насколько атмосфера в классе благоприятна для развития дивергентного мышления учащихся. Учащихся проси-

ли согласиться или опровергнуть следующие утверждения: «Я считаю, что есть вопросы, на которые существуют несколько правильных ответов», «Я спокойно делюсь своими идеями в классе», «Мне страшно высказать неправильный ответ» и тд. Анкетирование показало, что 81% школьников находят атмосферу в классе дружелюбной, и не боятся высказывать свои мысли. Данный результат можно назвать хорошим. Тем не менее, влиять на атмосферу в классе учитель-предметник может в малой степени. Поэтому в случае плохого результата, на помощь должен был бы прийти куратор и школьный психолог.

3. В начале учебного года ученики были ознакомлены с целью исследования, им было рассказано, что такое дивергентное мышление и почему важно его развивать. В течение года на уроках биологии использовались задания на развития дивергентного мышления. Они шли не в разрез с программой, а были вплетены в нее. К примеру, по теме «Транспорт веществ у растений» детям предлагалась задача открытого типа «В каждом городе есть магистрали – главные артерии движения. Они соединяют жилые районы с промышленными предприятиями и учреждениями, с центром города, зонами отдыха, парками, стадионами и т. д. Как, на ваш взгляд, в растении происходит транспорт веществ? Сделай свои предположения и аргументируй свой выбор». Так, дети одновременно могли и развивать своё дивергентное мышление и изучать предмет.

Возникли большие проблемы с включением в программу подобных заданий. Чаше всего задачи открытого типа требуют большого количества времени. Тем не менее, данные задания было решено включать не реже, чем каждые две недели.

Для отслеживания реакции детей на подобные задания велся дневник наблюдений. Наблюдения показали, что данные задания можно включать, как в начале урока, чтобы выйти к целям занятия, так и в середине – для лучшего усвоения темы. Эти задания можно использовать и в качестве домашнего задания. Преимущество в том, что в домашних условиях время на выполнения задания у детей не ограничено, но действительно хорошо его могут выполнить только мотивированные школьники.

4. В конце учебного года было проведено анкетирование, спрашивающее о том, как дети оценивают свое обучение дивергентному мышлению. 85% школьников отметили улучшения в развитии дивергентного мышления с помощью применения различных стратегий и приемов, и 89% пожелали бы продолжить свое обучение.

По итогу, исследование показало, что обучение дивергентному мышлению управляемый процесс и что предложенные авторами рекомендации действительно работают. Помимо уже существующих рекомендаций, хотелось бы добавить важность ознакомление детей с целями обучения. Кроме того, результаты будут гораздо лучше, если подобные

стратегии будут применяться не только на уроках биологии, но и на других предметах.

Литература

1. Психология мышления / под редакцией А.М. Матюшкина. – М.: Прогресс, 1965. – 534 с. (С. 433-456); Гилфорд Дж. Три стороны интеллекта. Лекция, прочитанная в Стенфордском университете 13 апреля 1959 г.
2. Утемов В. Развитие креативности учащихся основной школы. Решая задачи открытого типа.
3. Горев П., Утемов В. Практическое руководство по развитию креативного мышления. Методы и приемы ТРИЗ.
4. Михайлов В., Горев П., Утемов В. Научное творчество. Методы конструирования новых идей.
5. Утемов В.В. Система задач открытого типа как средство креативности школьников // Электронный научный журнал «Современные проблемы науки и образования» ISSN 2070-7428 «Перечень» ВАК.

А.Е. Гинаятова

*Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.
Ғылыми жетекшісі: Г.Е. Асылбекова, Б.Ж. Баймурзина*

ПАВЛОДАР Өңіріндегі Өсетін Жабайы Өсімдіктерді Үй Шаруашылығында Қолданылуы

Жабайы өсімдіктер – ауылдық елді мекендерде, бақшаларда және саяжай учаскелерінде, қалаларда кездеседі. Арамшөптер түрлі дақылдарды өсіру кезінде айтарлықтай экономикалық зиян келтіреді, ал қалалар мен кәсіпорындар аумағында апатты жағдайлар туғызуы мүмкін. Арамшөптермен күреске көп қаражат кетеді және бұл мәселе ойлануға мәжбүр етеді.

Арамшөптерді қолдану мүмкіндігі бойынша бірқатар мәліметтерді біз әдебиеттен және ғылыми мақалаларынан таптық, бірақ оларды пайдаланудың кейбір тәсілдерін өзіміз ұсындық және (үй және дала жағдайында) сынақтан өткіздік.

Дымқыл жұлдызшөп (қияқ). Бұл арамшөп барлық жерде – саяжайларда, бақшаларда, тіпті қала көшелерінде кездеседі.

1. Маталарға, әсіресе жүндерге арналған тұрақты көк бояуды алуға арналған шикізат, ол тіпті тоқыма өнеркәсібінде қолданыла басталды [1].

2. Сауын сиырлар мен ешкілердің сүтін арттыруға арналған шикізат [1].

3. Ауыл шаруашылығындағы малдарды бордақылауға және төлдің салмағын арттыруға арналған.

4. Ас үй раковинасын, майлы ыдысты жууға және майдың иісін жоюға арналған. Бұл өсімдіктер құрамында тритерпенді сапониндер майларды эмульгациялап, оларды алып тастауға ықпал етеді [3], сондай-ақ жағымсыз иістерді жоюға ықпал жасайды.

5. Іріңді аурулар мен безеудің алдын алуға, бет пен денені тазалауға арналған құрал.

6. Өт қабынуымен ауыратын науқастардың майлы тағамды қорытылуын жақсартуға арналған.

7. Жұлдызшаның шөбі шикі күйінде салаттардың компоненті ретінде тамаққа қолданылады және де оны жас бақбақ жапырақтарымен, редиска өсімдігімен бірге қолдануға кеңес береді [1].

Канадалық майдажелек. Бұл бүкіл жерде таралған арамшөп Канададан Еуразияға әкелінген, бір мәлімет бойынша, 17 ғасырда, басқасында – 19 ғасырда, Америкадан Еуропаға осы өсімдіктің тұқымдарын жинаған құстың чучеласымен еніп кеткен. Қазір бұл заманауи гербицидтерге төзімді ең зұлымдық арамшөптердің бірі. Алайда, ол үшін лайықты қолдану салаларын табуға болады.

1. Қан кетуді (сыртқы және ішкі) жоюға, асқазан ауруларын емдеуге арналған дәрілік шикізат [1, 5, 6].

2. Шаштың өсуіне және терінің функционалдық жағдайын жақсартуға арналған құрал [1, 6]. Өсімдік жеңіл тітіркендіргіш әсерге ие, осының арқасында шаштың қалпына келуі мен өсуін жақсартады.

3. Канадалық майдажелек тұқымдары таксидермияға арналған толтырғыш материал ретінде пайдаланылуы мүмкін.

4. Арнайы дәмді иіс алу үшін шай хош иістендіруге арналған шикізат.

Ақ алабота және жылтыр көкпек. Бұл арамшөптер қалада, ауылдық елді мекендерде, бақшаларда және саяжай учаскелерінде кең таралған.

1. Өсімдіктің жер үсті бөлігін азық – түлік өнімі ретінде – сорпаларға, салаттарға, тұздау және ашыту үшін пайдаланады.

2. Құнарлы малдарды бордақылауға арналған премикс пен арық адамдарға арналған нутрицевтиканың сіңуін жақсартады [2].

3. Бауыр аурулары мен өт қабы бар адамдар үшін биологиялық белсенді қоспа. Сапониндер майларды эмульгиялайды және май еритін витаминдерді сіңіріп ұйқы панкреатикалық шырынын липазамен қорытуды жақсартады.

4. Теріні тазартып және безеуді алдын алу үшін.

5. Ақ алабота тұқымдарын торда ұстайтын әнші құстарға жем ретінде пайдаланылуы мүмкін.

6. Бұл төзімді өсімдіктерді топырақтың бұзылған қабатын қалпына келтіру үшін қолдануға болады – мысалы, құмдарда, сазды жерлерде, сукцессиялық жағалауларда, күл үйінділерде.

7. Құрттарға қарсы құрал көзі– хеноподий майы, оны жергілікті мари түрлері американдық өсірілетін түрлерді алмастыра алады. Антигельминтикалық эфир майы (хеноподикалық майы, аскарисидол) 2 американдық тұқым түрлерін алады [7].

Қызылқұйрық. Бұл сондай-ақ белгілі және кең таралған арамшөп.

1. Сәндік түрлермен селекциялап, айқасқаннан кейін қызылқұйрықтың жергілікті түрі сәндік мәдениетке айналуы мүмкін, сонымен қатар төзімділігімен ерекшеленетіндіктен ол ерекше күтімді талап етпей қалалар мен кенттерді безендіретін болады.

2. Мәдени амарант сияқты қызылқұйрықтың тұқымдарын дәмдеуіш ретінде, сондай-ақ әнші құстарды азықтандыру үшін пайдаланылады.

3. Ақуызға бай қызылқұйрықтың жасыл салмағы қояндарға немесе жануарларға жем ретінде, сондай-ақ сүрлеу үшін пайдаланылуы мүмкін.

4. Фиторемедиация және топырақты мелиорациялау үшін қызылқұйрықты пайдалану тәжірибесі бар, соның ішінде басқа өсімдіктермен үйлестіру: мысалы, тұздану [8, 9] немесе ластанудың әртүрлі түрлері кезінде, мысалы, ауыр металдармен [10, 11]. Топырақты мырышпен және мыстан ластанудан тазарту кезінде амарант пен барқыт (біріншісі – ортасында, екіншісі – периметрі бойынша) себу ұсынылады, себебі содан кейін өсімдік массасын мыс және мырыш тыңайтқыштары ретінде пайдалану үшін [11].

5. Арамшөптермен күресті қызылқұйрық (амаранта) арқылы РФ [12] патенттерінің бірінде сипатталған: амаранттың егістігі гүлдену кезеңінде спирттік бардамен өңделеді, содан кейін орап, сидералды тыңайтқыш ретінде топыраққа жыртады.

Әдебиеттер

1. Пастушенков Л.В., Пастушенков А.Л., Пастушенков В.Л. Лекарственные растения: Использование в народной медицине и быту. – Л.: Лениздат, 1990. – 384 с., ил.

2. Ветеринарная энциклопедия / Гл. ред. К.И. Скрябин. – М.: Советская энциклопедия, 1975. – Т.5 (Подковывание – Токсикологический анализ). – 1088 с.

3. Петров А.А., Бальян Х.В., Трощенко А.Т. Органическая химия: Учебник для вузов / Под ред. А.А. Петрова. – М.: Высшая школа, 1981. – 592 с.

4. Ильина Т.А. Большая иллюстрированная энциклопедия лекарственных растений. – М.: издательство «Э», 2017. – 304 с., ил.

5. Рябоконт А.А. Новейший справочник лекарственных растений / А.А. Рябоконт. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2009. – 397 с. – (Живая линия). – С. 310-311.

6. Лавренова Г.В. Домашний травник. – М.: ЗАО «ОЛМА Медиа Групп», 2010. – 640 с.

7. Биологический энциклопедический словарь / Гл. ред. М.С. Гиляров; редкол.: А.А. Баев, Г.Г. Винберг, Г.А. Заварзин и др. – М.: Советская энциклопедия, 1986. – 832 с.

8. Патент РФ № 2109425. Способ рассоления почвы / Настинова Г.Э.; опубл. 27.06.2009 г.

9. Патент РФ № 2424643 Способ создания агрофитоценозов мелиоративного назначения в бросовых рисовых чеках / Звонилский В.П., Богосорьянская Л.В., Салдаев А.М.; опубл. 10.10.2010 г.

10. Патент РФ № 2359444 Фиторемедиационный способ очистки почв от тяжелых металлов / Батовская Е.К., Зволинский В.П., Салдаев А.М.; опубл. 27.06.2009 г.

11. Патент РФ № 2014138688 Способ очистки почв урбанизированных территорий от загрязнения цинком и медью / Неведов Н.П., Проценко Е.П., Косолапова Н.И., Глебова И.В., Проценко А.А.; опубл. 24.09.2014 г.

12. Патент РФ № 2233056 Способ борьбы с сорной растительностью в биологическом земледелии /Бекузарова С.А., Фарниев А.Т., Калицева Д.Т., Чихтисова В.В.; опубл. 27.07.2004 г.

Ж.Ж. Дәкен

*Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.
Ғылыми жетекшісі: биология ғылым. канд. Г.К. Тулиндинова*

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ШАРАЛАРДЫ ӨТКІЗУДІҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ

Қазіргі кезде білім беру 21-ғасырдың өмір талаптарына сай балаларды сапалы даярлауға бағытталған. Демек, білім беру жүйесінің түлегі қызметтік жағынан функционалды сауатты болумен қатар кез келген өмірлік мәселені шешу барысында, қойылған мақсатқа жету үшін құрал, әдіс пен жол таңдауда рухани және адамгершілік қуатын көрсетуге қабілетті болуы тиіс.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының білім беру саясаты әлемдік білім беру кеңістігіне енуді мақсат қылып, білім беруде нәтижеге бағдарлану, оқытуды оқушының жеке тұлғасына бағыттау, ал оқыту әдістерін тұлғааралық қарым-қатынастарға бейімдеуді көздеп отыр.

Осы тұрғыдан, білім беру жүйесінің басты міндеті – өзгермелі қоғамда өмір сүруге икемді, өздігінен білім алуға, алған білімін өмірлік жағдаяттарға сәйкес қолдана білуге, өзін – өзі толық жүзеге асыруға дайын, шығармашылыққа бейім, құзыретті және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мен дамыту болып табылады [1].

Қазіргі күні мектептегі білім беруде екі түрлі пәнді ұштастырып, ортақ нүкте тауып, бірге оқыту жиі қолданысқа ие әдістердің бірі. Бұндай біріктірілген сабақтарды өткізу оқушыларда сыни ойлау қабілетін арттырады, тақырып бойынша берілген пәннен бөлек ақпаратты қамтуға мүмкіндік береді. Біріктірілген сабақ әдісі көптеген мектептерде химия-биология, биология-география, тарих-әдебиет сияқты сабақтарды бірге өткізу арқылы іске асуда. Дәл осы принциппен құқық сабағындағы жасөсіпірім және төменгі жас балаларына түсінуге қиын тиетін терминдер мен құбылыстарды биология пәнінің тақырыбы болатын жан-жануарлардың мінез-құлқы және іс-әрекеті мысалында түсіндіру балаларға құрғақ ережеге қарағанда әлдеқайда түсінікті, жетімді, ұғынықты болса, ұстаздарға оңай тиеді.

Мектеп оқушылары түсінігіне қиын тиетін «жемқорлық», «парақорлық», «сыбайлас жемқорлық» терминдерін биология пәні арқылы, әл дәлірек айтсақ жануарлардың топтағы мінез-құлқын адамадармен саластыру, оларды бақылау, зерттеу арқылы түсіндіру оқушыларға тезірек биімделуге көмектеседі. Және болашақта көптеген туындайтын сұрақтарға жауап табуға көмектеседі. Сонымен қатар, жануарларды бақылау

өте қызық және еліктіргіш іс. Бұл үшін біз көпсалалы және көпқырлы биологияның зоология саласын аламыз. Зоология өзі өз ішінде екіге бөлінеді. Біріншісі, зерттеу мақсаты бойынша – негізгі бөлімдегі салалар (систематика – жануарлардың қарым-қатынасын зерттеу арқылы классификациялау, морфология – организмнің сыртқы және ішкі құрылысын зерттеу, эмбриология – ұрықтың пайда болуын және дауым зерттеу, физиология – тірі ағзаның механикалық, физикалық және биохимиялық функцияларын зерттеу, этология – жануарлардың мінез құлқын зерттеу, бақылау, экология – тірі ағзалардың мекен ету жерімен қатынасын зерттеу мен зоогеография – жануарлардың жер шарында таралуын зерттеу) болса, екіншісі, зерттеу объектісіне байланысты – көмекші бөлімдерге (протозоология – қарапайымдылар туралы ғылым, гельминтология – паразит құрттар туралы ғылым, энтомология – жәндіктер туралы ғылым және т.б.) бөлінеді. Бізге керектісі – этология.

Этология – бұл жануарлардың мінез-құлқын ғылыми және объективті зерттеу, әдетте табиғи мінез-құлыққа назар аударылады және мінез-құлықты эволюциялық бейімделгіш қасиет ретінде қарастырады.

Этология термині грек тілінен шыққан: ἦθος, «мінез» деген мағынаны білдіретін этос және «зерттеу» дегенді білдіретін -λογία, -logia. Бұл терминді алғаш американдық миреколог (құмырсқаларды зерттейтін адам) Уильям Мортон Уиллер 1902 жылы кең тараған [2].

Этологияны немесе жануарлардың мінез-құлқын түсіну жануарларды оқытуда маңызды болуы мүмкін. Әр түрлі түрлер мен тұқымдардың табиғи мінез-құлқын ескеру жануарлар жаттықтырушыларына қажетті тапсырманы орындауға ең қолайлы жолды таңдауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бұл жаттықтырушыларға табиғи жүріс-тұрыстардың нәтижелерін және жағымсыз әрекеттерді тоқтатуға, ал жағымдыларын ынталандыруға мүмкіндік береді [3].

Ашық ортадағы жануарлардың мінез-құлқын, сондай-ақ олардың жеке қоғамдағы мінез-құлқын зерттей отырып, біз олардың альтруизм, алдау, мейірімділік, жеккөрушілік түсініктері үшін бөтен емес екенін түсіне бастаймыз. Эволюция барысында жүйке жүйесі мен санасы дами отырып, адамдарда олардың мінез-құлық белгілері де дамидынын түсінеміз. бірақ ең бастысы өзгеріссіз қалады, әр әрекет белгілі бір қажеттілікке бағынады және негізгі мақсатты, өмір сүру үшін күресті жүзеге асырады.

Жас ұрпақтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана-сезімін қалыптастыру жөніндегі ағарту және тәрбиелеу жұмыстары қазақстандық қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларында сыбайлас жемқорлықты туғызатын және соған себеп болатын себептер мен шарттарды жою (барынша азайту) жөніндегі мемлекеттік сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың бір бөлігі болып табылады. Бұл тұрғыдан алғанда білім берудің аса маңызды бағыты сыбайлас жемқорлық көріністерін қабылдамайтын білім беру ортасын құру, сыбайлас жемқорлықты

қабылдамайтын моральдық деңгейі жоғары, адамгершілігі мүліксіз азаматтарды тәрбиелеу болуға тиіс. Бүгінде жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеу жұмысының теориясы мен практикасына басқаша зер салу керек. Азаматтық қоғамды нығайту және дамыту, құқықтық көзқарас тұрғысынан сауатты, өзінің азаматтық құқықтары мен міндеттері туралы қажетті ілімдерге ие, бұл білімдерді күнделікті өмірде қолдануға қабілетті, сыбайлас жемқорлықты өзінің азаматтық құқықтарының бұзылуы деп түсінетін және бұл құқықтарды қорғауға дайын азаматтарды тәрбиелеу қажеттілігі Қазақстанның барлық білім беру мекемелерінің өзекті міндеті болып отыр. Бұл үшін, ең алдымен әртүрлі жас топтарындағы балалар мен жастарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру мен тәрбие әдістері мен құралдарының мақсатын, олардың мазмұнының, нысандарының ерекшеліктерін педагогикалық тұрғыдан қайта салмақтау қажет. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру мен тәрбие педагогикалық кең мағынасында – бұл құнды ұстанымдар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана-сезімді қалыптастыру және жас азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қатысты азаматтық ұстанымдардың қалыптасуы үшін қажетті қабілеттерді дамыту мақсатында арнайы ұйымдастырылған, мақсатты және басқарылатын ықпал ету. Ауқымсыз педагогикалық мағынада – бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұйымдастыруға бағытталған арнайы ағартушылық және тәрбие жұмысы процесі мен оның нәтижесі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру мен тәрбиенің мәні интериоразацияны білдіреді, яғни қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарын ішкі құндылық ұстанымдарына айналдыру және әрбір білім алушының соған көзін жеткізу. Бұл іске асқан жағдайда, ол оның кейінгі өміріндегі бет түзер бағыты болады. Бұл тұрғыдан сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім мен тәрбие жөнінде олардың біртұтас процесс екенін айтуға болады. Бір жағынан білім алушыларға қажетті білім көлемін және тиісті моральдық идеалы туралы, рухани және адамгершіліксіз әрекет, моральдық қағидаттар мен нормалар туралы ұғымдарды қалыптастыруды болжайды. Екінші жағынан, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие адамның рухани санасезімнің қабылданған және игерілген элементтеріне сәйкес әрекет етуінің терең ішкі қажеттілігін қалыптастыруды білдіреді.

Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана-сезімін қалыптастыру – бұл үздіксіз процесс, оның негізгі бағыттары: 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы құндылықтарды сіңіру; 2) тиісті моральдық сенімдерді, қасиеттер мен сезімдерді қалыптастыру; 3) қажетті моральдық қажеттіліктер мен әдеттерді дамыту. Бұл бағыттар сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие міндеттерін білдіреді. Бүгінде білім беру мекемелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие жүйесінің мынадай негізгі компоненттері бөліп көрсетіледі: – білім беру мекемелерінде сыбайлас жемқорлық әрекеттері жағдайларының болмауы; – сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту ісі; – білім беру субъектілерінің өзара іс-

қимылы негізіндегі өмір-тіршілігі проблемаларын шешу тәжірибесін алу; – білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана-сезімін қалыптастыру бойынша педагогикалық қызмет[4].

Қазіргі күні мектептегі білім беруде екі түрлі пәнді ұштастырып, ортақ нүкте тауып, бірге оқыту жиі қолданысқа ие әдістердің бірі. Бұндай біріктірілген сабақтарды өткізу оқушыларда сыни ойлау қабілетін арттырады, тақырып бойынша берілген пәннен бөлек ақпаратты қамтуға мүмкіндік береді. Біріктірілген сабақ әдісі көптеген мектептерде химия-биология, биология-география, тарих-әдебиет сияқты сабақтарды бірге өткізу арқылы іске асуда. Дәл осы принциппен құқық сабағындағы жасөсіпкір және төменгі жас балаларына түсінуге қиын тиетін терминдер мен құбылыстарды биология пәнінің тақырыбы болатын жан-жануарлардың мінез-құлқы және іс-әрекеті мысалында түсіндіру балаларға құрғақ ережеге қарағанда әлдеқайда түсінікті, жетімді, ұғынықты болса, ұстаздарға оңай тиеді.

Өз диплом жұмысымда мен құқық пен биология пәндерін ұштастыру арқылы балалар түсінігіне қиын, бірақ білуге тиіс «жемқорлық», «парақорлық» терминдерін әртүрлі жас категориясындағы оқушылар мен студенттер түсінігіне оңай жеткізуге тырысамын.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана: Ақорда. – 12 сәуір 2017 ж.
2. Matthews, Janice R.; Matthews, Robert W. (2009). *Insect Behaviour*. Springer. p. 13.
3. McGreevy, Paul; Boakes, Robert (2011). *Carrots and Sticks: Principles of Animal Training*. Darlington Press. pp. xi–23. ISBN 978-1-921364-15-0. Retrieved 9 September 2016.
4. Антикрупционное воспитание: система воспитательной работы по формированию у учащихся антикрупционного мировоззрения в образовательном учреждении: методические рекомендации / Е.Н. Барышников, Н.В. Григорян, Л.М. Беловицкая, М.В. Бойкина; под науч. ред. С.В. Жолована. – СПб: СПбАПО, 2010. – (Петербургский опыт общего образования). – 56 с.

З.А. Егінбай

*Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.
Ғылыми жетекші: Г.Е. Асылбекова*

ОҚУШЫЛАРДЫҢ МЕКТЕП ЖОБАСЫ ҮЛГІСІНДЕ БИОГЕОХИМИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ

Ғылыми жұмыс оқушыларға өз білімдерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Ғылыми жұмысты орындау кезінде оқушылардың дербестігі мен олардың дамуына ықпал етеді. Оқушылар оқылатын тақырыптарға байланысты көптеген материалдармен танысады, қорытынды жасауға үйренеді.

Оқушылардың зерттеу қызметі бүгінгі таңда ғылыми зерттеуге тән негізгі кезеңдердің болуын көздейді: проблеманы қою, осы мәселе бойынша әдебиеттермен танысу, зерттеу әдістемесін меңгеру, жеке материал жинау немесе биология бойынша жинау, оны талдау және жинақтау, қорытындылау.

Жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруда мектептегі биологиялық пәндер үлкен маңызға ие. Биология сабақтары, зертханалық сабақтар, практикалық жұмыстар оқушыларды тірі табиғат туралы терең және берік біліммен қаруландыруға, сондай-ақ олардың табиғатқа ғылыми-материалистік көзқарастарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Биологияны оқыту барысында оқушыларда патриоттық сезімдер, эстетикалық талғамдар, табиғатқа деген махаббат, оны қорғауға ұмтылу дамиды.

Оқушылардың биологияға деген қызығушылығын дамытуда сыныптан тыс сабақтарға үлкен орын беріледі. Сыныптан тыс жұмыстың ерекшелігі ол оқушылардың қызығушылықтары мен бейімділігін ескере отырып құрылады. Сонымен қатар биология пәнінен сыныптан тыс сабақтар оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамытуға шексіз мүмкіндік береді.

Балаларды ғылыми жұмысқа тарту бірнеше маңызды педагогикалық мәселелерді шешеді:

- 1) оқушылардың зияткерлік белсенділігін ынталандыру;
- 2) оқушыларды өзіндік шығармашылық қызметке баулу;
- 3) тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамыту;
- 4) жоодағы білімге дайындау;
- 5) оқушылардың танымдық қызығушылығын дамыту;
- 6) тұлғаны өзін-өзі бекіту қажеттілігін іске асыру.

Оқушыларды арнайы біліммен оқыту, сондай – ақ олардың зерттеу ізденісіне қажетті жалпы біліктері мен дағдыларын дамыту-заманауи білім берудің негізгі практикалық міндеттерінің бірі.

Жалпы зерттеу іскерліктері мен дағдылары-бұл: мәселелерді көре білу; сұрақтар қою; гипотезалар ұсыну; ұғымдарға анықтама беру;

бақылау іскерліктері мен дағдылары; эксперименттер жүргізу; қорытынды жасау және ақыл-ой-пікірлерді жасау; материалды құрылымдау; мәтінмен жұмыс істеу; өз идеяларын дәлелдеу және қорғау.

Зерттеу жұмыстарын орындау үшін әдістемені дұрыс таңдау қажет. Сол арқылы алынған ғылыми нәтижелерді негіздеуге болады. Осындай әдістердің бірі ағзалардың тіршілік әрекетінің негізінде жатқан химиялық құрамын зерттеуге мүмкіндік беретін биохимиялық зерттеулер болып табылады. Биологиялық химияның маңызды құрамдас бөліктерінің бірі, сақтау және өңдеу кезінде өсімдік және жануар тектес шикізатқа өтетін биохимиялық процестерді зерттеумен айналысатын, техникалық биохимия, атап айтқанда сүт биохимиясы, ет биохимиясы, астық биохимиясы және т. б. болып табылады.

Экологиялық фактордың теріс әсері жануарларда зат алмасудың бұзылуына әкеледі, бұл әдетте, өнімділіктің төмендеуімен, сүт сапасының нашарлауымен, эндемиялық аурулармен сүйемелденеді. Соңғы жылдардағы зерттеулермен ауыр металдардың азықпен және сумен келіп түсуі мен олардың алынған сүттегі құрамы арасында тікелей байланыс орнатылды. Нәтижесінде сүт шикізатында өте қажетсіз микроэлементтер жиналады. Олардың ішінде сынап, қорғасын, кадмий, кобальт, никель, мырыш, қалайы, сүрме, мыс, молибден, ванадий, мышьяк жатады.[1]

Мектептің ғылыми жобасы Павлодар облысының мамандандырылған мектебінің 10 сынып оқушыларымен орындалды.

Мектептің ғылыми жобасының мақсаты: Павлодар облысы аумағында сүттегі (ІҚМ) элементтердің құрамына салыстырмалы түрде баға беру.

Міндеттері:

– Сүттегі ауыр металдардың құрамын зерттеу.

– Азық-түлік өнімдеріндегі ауыр металдарды анықтаудың тиімді әдістерін анықтау.

– Павлодар облысының аумағынан сүттегі химиялық элементтердің концентрациясын вольтамперопетриялық және рентгеноспектралық әдістерді қолдана отырып салыстыру.

– Сүттің геохимиялық көрсеткіштерін басқа биосубстраттармен (қойдың ас қорыту тіндерімен) салыстыру.

Зерттеудің жаңалығы: алғаш рет Павлодар облысының 9 елді мекенінен жиналған «Иртыш-стандарт» сертификатталған зертханасында сүттің сынамасына тәуелсіз салыстырмалы талдау жүргізілді (зерттеудің бірінші жылы – 2017 ж.). Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінде биоценология және экологиялық зерттеулер ғылыми орталығында Павлодар облысының 10 елді мекенінен алынған сүтке рентгеноспектралық талдау жүргізілді (зерттеудің екінші жылы – 2018 ж.)

Металдардың биологиялық рөлі. Темір, мыс, мырыш, молибден сияқты көптеген ауыр металдар биологиялық процестерге қатысады

және белгілі бір мөлшерде өсімдіктердің, жануарлардың және адамның жұмыс істеуі үшін қажетті микроэлементтер болып табылады [2].

Ауыр металдардың жиналуы. Ауыр металдардың түсу көздері табиғи (тау жыныстары мен минералдардың желденуі, эрозиялық процестер, вулкандық қызметтер) және техногендік (пайдалы қазбаларды өндіру және қайта өңдеу, отынды жағу, көлік қозғалысы, ауыл шаруашылығы қызметі) болып бөлінеді [3].

Ауыр металдар топырақта, әсіресе жоғарғы гумусты горизонттарда жиналады және сілтілеу, өсімдіктерді тұтыну, эрозия және дефляция – топырақты үрлеу кезінде баяу жойылады. [4]

Материалдар мен әдістер: Павлодар облысы аумағынан сынама алу (2017 ж. вольтамперометриялық талдау үшін) қаланың урбанизацияланған аумағынан алыста жүргізілді:

- Ақтоғай кенті Павлодар қаласынан 116 км жерде орналасқан;
- Павлодар ауылы Павлодар қаласынан 10 км қашықтықта орналасқан;
- Ертіс кенті Павлодар қаласынан 170 км жерде орналасқан;
- Жетекші кенті Павлодар қаласынан 15 км қашықтықта орналасқан;
- Баянауыл кенті Павлодар қаласынан 225 км қашықтықта орналасқан;
- Железинка кенті Павлодар қаласынан 281 км қашықтықта орналасқан;
- Көктөбе кенті Павлодар қаласынан 114 км жерде орналасқан;
- Успенка кенті Павлодар қаласынан 91 км жерде орналасқан;
- Шербакты ауылы Павлодар қаласынан 88 км жерде орналасқан.

2018 ж. 10 елді мекеннен сүт сынамаларын іріктеу жүргізілді (рентгеноспектралық талдау үшін):

- Май ауданы, Жалтыр ауылы
- Екібастұз ауданы, Сарқамыс ауылы
- Лебяжі, Шәмші ауылы
- Екібастұз ауданы, Байет ауылы
- Екібастұз ауданы, Қоянды ауылы
- Павлодар ауданы, Толыбай ауылы
- Ақсу ауданы, Ребровка ауылы
- Ақтоғай ауданы, Спартак ауылы
- Баянауыл ауданы, Майқайың кенті
- Успен ауданы, Ефремовка ауылы

Жұмыста екі әдіс қолданылды: вольтамперометриялық инверсия әдісі. Химиялық талдаулар жүргізілді: ТА7, ПДП 19м, Adventurer RV 214 (әдістеме – МУ 08-47/27) және БРА-18 химиялық элементтердің Рентгеноспектралық талдауы.

Талдау нәтижелері бойынша барлық аудандарда сүттегі кадмий (Cd)

құрамы рұқсат етілген концентрация нормасынан (ШРК) аспайтынын көрсетті – (1-кесте)

1-кесте. Павлодар облысы аумағында кадмий мен қорғасынның жиналуы

№	Сынама алу пункттері	Ауыр металдармг/дм ³			
		Cd (ПДК 0,02)	Асуы	Pb (ПДК 0,05)	Асуы
1	Ақтоғай ауылы (Ақтоғай ауданы)	0,007	қалыпты	1,206	24,12
2	Павлодар ауылы (Павлодар қаласы)	Нпч	қалыпты	1,310	26,5
3	Ертіс ауылы (Ертіс ауданы)	0,011	қалыпты	0,806	16,12
4	Жетекші ауылы (Павлодар қ.)	0,009	қалыпты	1,501	30,02
5	Баянауыл ауылы (Баянауыл ауданы)	0,006	қалыпты	0,012	0,24
6	Железинка ауылы (Железинка ауданы)	0,006	қалыпты	0,164	3,28
7	Көктөбе ауылы (Май ауданы)	Нпч	қалыпты	0,385	7,7
8	Успенка ауылы (Успенка ауданы)	0,013	қалыпты	0,206	4,12
9	Шербакты ауылы (Шербакты ауданы)	Нпч	қалыпты	0,096	1,92

Қорғасынның (Pb) құрамы ШРК нормасынан Ақтоғай ауылында 24,12 есе, Павлодар ауылында 26,2 есе, Ертіс ауданында 16 есе және Жетекші ауылында 30,02 есе артық.

ШРК-ға қатысты қорғасынның құрамы жоғары және тек Баянауыл сүтінің ШРК – 0,206 нормасынан төмен жиналған. Бұл аудандар мен ауылдардың орналасуы сүттің химиялық құрамында маңызды рөл атқаратынын көрсетеді.

Павлодар облысы бойынша ІҚМ сүтінде кадмий жиналуының орташа мәні 0,008 мг/дм³ құрайды, облыс бойынша қорғасынның орташа мәні 0,631 мг/дм³ құрайды, бұл ШРК 12,62 есе жоғары. Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің биоценология және экологиялық зерттеулер ғылыми орталығының базасында Павлодар облысының аумағынан сүттің химиялық элементтеріне рентгеноспектралдық талдау жүргізілді.

2-кесте. Сиыр сүтінде ауыр металдардың болуы, рентгеноспектралдық әдіс (%)

№	Іріктеу орғасы	Zn	Ti	Cu	Pb	Cr	Cd
1	Май ауданы, Жалтыр ауылы	21,76	49,18	5,39	0,41	5,54	0,07
2	Екібастұз ауданы, Сарқамыс ауылы	22,53	55,94	5,23	0,42	5,50	0,24
3	Лебяж ауданы, Шамшы ауылы	21,14	31,74	4,35	0,42	5,65	н\п
4	Екібастұз ауданы, Байет ауылы	23,06	61,64	4,85	0,41	5,38	0,40
5	Екібастұз ауданы, Қоянды ауылы	22,92	58,69	5,01	0,42	5,42	0,07

№	Іріктеу ортасы	Zn	Ti	Cu	Pb	Cr	Cd
6	Павлодар қ, Толыбай ауылы	21,78	60,54	5,86	0,41	5,63	н\п
7	Ақсу, Ребровка ауылы	22,86	40,61	5,76	0,41	5,27	0,40
8	Ақтоғай, Спартак ауылы	23,09	51,33	4,26	0,42	5,40	н\п
9	Баянауыл ауданы, Майқайың	21,74	51,77	4,33	0,42	5,52	н\п
10	Успенка ауданы, Ефремовка ауылы	22,46	52,39	4,66	0,42	5,29	н\п

Алынған мәліметтер Павлодар облысының зерттелетін аудандарында сүттегі элементтердің құрамы бойынша барынша көп жинақталғанын көрсетті :

Павлодар ауданы (Толыбай ауылы) – Ti_{60,54}, Cu_{5,76}, Cr_{5,63}

Екібастұз ауданы (Байет ауылы) – Zn_{23,06}, Ti_{61,64}, Cd_{0,40}

Ақсу, Ребровка ауылы-Cu_{5,76}, Cd_{0,40}

Павлодар аймағында экологиялық мәселелермен айналысатын ғалымдардың әдеби мәліметтерін талдай отырып, біздің аймақтың уытты элементтерді жинақтау жөніндегі негізгі ерекшелігі бірдей екенін атап өтуге болады. (3-кесте)

3-кесте. Биологиялық объектілердегі элементтердің геохимиялық қатары

Ғалымдар	Объект	Алынған деректер
Ажаев Г.С.	Қар	Zn, Cr, Sr, Co, Pb, Cd,
Корогод Н.П.	Шаш	Zn, Cr, Sr, Sb, Ba,
Асылбекова Г.Е.	Теректің жапырағы	Cr, Zn, Sr, Sb, Ba, Co.
Гельдымамедова Э.А.	Көкөністер	Cr, Zn, Sr, Cd, Pb, Co

Павлодар қаласының әртүрлі аймақтардың химиялық элементтер құрамының геохимиялық қатарын салыстыру (топырақ, қар, көкөніс, шаш) бізге барлық биологиялық ортада кездесетін мырыш, хром, қорғасын бөліп алуға мүмкіндік береді.

Қорытынды:

– Сүттегі ауыр металдардың құрамын салыстырмалы түрде зерттеу жүргізілді. Сынамаларды іріктеу Павлодар қаласының жанындағы елді мекендерден жүргізілді. Тоғыз ауданнан сиыр сүтінің сынамалары зерттелді: Ақтоғай ауылы. Павлодар қаласынан 116 км; Павлодар қ. 10 км; Ертіс. 170 км; Жетекші. 15 км; Баянауыл. 225 км; Железинка. 281 км; Көктөбе. 114 км; Успенка. 91 км; Шарбақты. 88 км.

– Инверсиялық вольтамперометрия әдісімен «ЕРТІС-Стандарт» сертификатталған зертханасында (9 елді мекеннен) ауыр металдардың (Cd, Pb) құрамына тәуелсіз талдау жүргізді. Элементтердің жинақталу ерекшелігін анықтау үшін Бра-18 рентгендік энергодисперсиялық анализаторы пайдаланылады және ол сүттегі химиялық элементтерді рентгеноспектралдық талдауға арналған (10 елді мекеннен).

– Зерттеулер Pb жинақтауы ШРК нормаларынан артық екенін көрсетті: Ақтоғай ауылында 24,12 есе, Павлодар ауылында 26,2 есе,

Жетекші ауылында 30,02 есе, Баянауыл ауылында 0,24 есе, Железинка ауылында 3,21 есе, Көктөбе ауылында 7,7 есе, Успенка ауылында 4,12 есе, Шарбақты ауылында 1,92 есе.

– Рb жинақтауға алынған сүттің барлық үлгілері ШРК нормасынан асып түседі. Сиыр сүтінде Cd жинау нормадан аспайды, бірақ Ертіс ауылы мен Успенка ауылында осы ауыр металдың ең көп саны кездеседі.

– Сүттің рентгеноспектралық талдауы Павлодар облысының келесі зерттелетін аудандарында элементтердің құрамы бойынша барынша жиналуын көрсетті:

- Павлодар облысы (Толыбай ауылы) – $Ti_{60,54}$, $Cu_{5,76}$, $Cr_{5,63}$
- Екібастұз ауданы (Байет ауылы) – $Zn_{23,06}$, $Ti_{61,64}$, $Cd_{0,40}$
- Аксу, Ребровка ауылы – $Cu_{5,76}$, $Cd_{0,40}$

Әдебиеттер

1. Дик Е.В., Якупова Д.Б., Сдикова Г.Ж. Анализ некоторых тяжелых металлов в молочных продуктах // Научные достижения биологии, химии, физики: сб. ст. по матер. IX междунар. науч.-практ. конф. – Новосибирск: СибАК, 2012.

2. Асылбекова Г.Е. Элементный состав золы листьев *ropulous nigra* L. На территории г. Павлодара / Асылбекова Г.Е. // Биологические науки Казахстана. – 2010. – №2. – С. 154-162.

3. Коржумбаева А.Т. Содержание солей тяжелых металлов в молоке, получаемого на территории некоторых районов Карагандинской области // Научные достижения биологии, химии, физики: сб. ст. по матер. IV Междунар. науч.-практ. конф. – Новосибирск: СибАК, 2012.

4. Васильев А.В., Ратников А.Н., Алексахин Р.М. Закономерности перехода радионуклидов и тяжелых металлов в системе почва растение животное продукт животноводства // Химия в сельском хозяйстве. – 2011. – № 4. – С. 16–18.

Ж.А. Жантенова

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.
Ғылыми жетекшісі: биология ғылымының кандидаты Г.К. Тулиндинова

БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНЫ ШЕҢБЕРІНДЕ «МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ» БӨЛІМІНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК МАТЕРИАЛДАРДЫ ӘЗІРЛЕУ

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Халыққа Жолдауында ғылым мен білімге көп көңіл бөлді. «Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделін орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын оқушылардың сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет» деген болатын.

Ұстаз оқушыға бір пән бойынша білім беретін адам ғана емес, сонымен қатар олардың оқудағы талпынысын, еңбегін қызықты, тиімді

ұйымдастыра алатын, оқушыларға үлгі болатын ерекше жан болуы керек. Жаңа заман ұстазынан күнделікті оқушылармен қарым-қатынас барысында әрбір жағдай кезінде ерекше білім деңгейін көрсетуді және шығармашылық шешім қабылдай алуын талап етеді. Оны қанағаттандыру үшін қазіргі заман мұғалімі жаңашыл, өзгерісті тез қабылдай алатын, икемді, жан-жақты, жауапкершілігі мол, жаңа технологияларды игерген болуы керек [1].

Білім беру саласы жаңа қадамдарға баруда. Соған байланысты тұлғаға ақпараттар кеңістігіндегі дұрыс бағытты таңдауға мүмкіндік бере алатын оқытудың жаңа технологиялары пайда болып отыр. Әлемдік деңгейге қадам басқан Қазақстанның қоғамдық-саяси, экономикалық, мәдени дамудағы жаңашылдықтар мен өзгерістер білім беру жүйесіне өз әсерін тигізіп, білім деңгейін, оқыту әдіснамасын жетілдіруде тың ізденістер жасауға мүмкіншілік туғызып отырғандықтан мынадай мақсаттар қояды:

- Жаңа технологияны қолдану арқылы білім сапасын көтеру;
- Жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды енгізу арқылы білім беру мазмұнын жаңарту;
- Жаңа технологияны қолдану саласы бойынша оқушыларды мамандыққа баулу механизмін құру;
- Еліміздегі жинақталған ақпараттық ресурстарға жедел ену;
- Мультимедиялық оқулықтарды пайдалану т.б. [2].

Молекулалық биология – тіршілік белгілері мен олардың негізгі қасиеттерін молекулалық деңгейде зерттейді. Молекулалық биологияның негізгі зерттеу бағыттары – клеткалардың генетикалық аппаратының құрылымдық-функционалдық ұйыдасуы мен тұқым қуалау информациясының жүзеге асу механизмдерін (молекулалық генетика), вирустардың клеткалармен өзара әсерлесуінің молекулалық механизмдерін (молекулалық вирусология), ағзаның иммундық реакцияларының заңдылықтарын зерттеу (молекулалық мунология), ағзаның жеке дамуындағы әр түрлі сапалы клеткалар мен маманданған клеткалардың пайда болуып (дамудың молекулалық биологиясы) зерттейді.

Осы кітаптағы оқулыққа аса назар аударсаңыз, алдын ала дайындалудың қажеті жоқ делінген, алайда қазіргі уақытта жаңартылған оқыту бағдарламасында, Александр Мерсердің дәлелдемелері бойынша оқушы мен мұғалім арасында диалог және рефлексия жүруі керек. Сонда

сабақ өту барсында білім алудың тиімділігіде арта түседі. Ал пікірталас болуы үшін, сабаққа алдын ала дайындалу керек және оқушы өзінің не айтатынын білу керек. Енді кітапта берілген Пікірталас тапсырмаларын жазып шықсақ. «&1 Прокариот және эукариот жасушаларының құрылысы», Пікірталас тапсырмасы: Вирустар жасушадан тыс тіршіліктің болу мүмкіндігін дәлелдей ме? Осы тұжырымдамаға «иә» немесе «жоқ» деп дәлел келтіріңіздер. Сараптама жүргізе келе, осындай тиімді әдістердің бар екенін таптық. Мысалы: «Уақыт шеңбері», «Өкілдер», «Стоп-кадр», «ТВ Шоу», «Балалар философиясы» және «Ақылдың алты қалпағы» деген тиімді әдістерді қарастырдық, алайда одан да тиімдірек және баланың сыни ойлауына тікелей әсер ететін пікірталас ойындары екеніне көз жеткізіп, сауалнамалар жүргіздік.

Бұл модуль шеңберінде біз сонымен қатар әлеуметтік-сындарлы тәсілдерді, оқытуды дамыту үшін тиімді бағалауды («Оқу үшін бағалау» модулі) және түрлі жастағы балаларға білім берудің сараланған тәсілін қолдануды («Талантты және дарынды балаларды оқыту» және «Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу» модульдері) қарастырамыз.

Сын тұрғысынан ойлау мәнмәтінді есепке ала отырып, бақылау мен тыңдау арқылы дәлелдер жинастыру және шешім қабылдау үшін талапқа сай өлшемдерді қолдану сияқты дағдыларды дамытуды қарастырады. Сондықтан оқушыларға бақылау, талдау, қорытынды жасау және интерпретациялау дағдыларын дамытуға мүмкіндік жасау керек. Мәселен, тарих немесе биологияны оқытуда оқушыларды:

– суреттер, фотосуреттер, естелік жазбалары сияқты дәлелдерді жинақтау және топтастыруға;

– негізгі дереккөздерді бағалауға және оларға тиісті сұрақ қоюға;

– қорытындылар мен бастапқы тұжырымдар жасай отырып, негізгі дереккөздерді салыстыру және талқылауға;

– анағұрлым кең тәжірибе негізінде болжамдар мен ұсыныстарды қайта қарауға тартуға болады

Александр (2004) оқытудағы әңгіме – қарым-қатынас жасаудың бірсарынды үдерісі емес, керісінше, әңгіме барысында идеялар екіжақты бағытта жүріп, соның негізінде оқушының білім алу үдерісі алға жылжитын белсенді үдеріс деп тұжырымдайды. Диалог барысында оқушылар (сонымен қатар олардың мұғалімдері де) келісілген нәтижеге жету үшін күш-жігерін жұмсайтын және Мерсер (2000) сипаттағандай, білімді бірлесіп алуда немесе «пікір алмасу» барысында тең құқылы серіктестер болып табылады. Бірлесіп ойлау оқушылармен диалог құру арқылы іске асады, дегенмен оны оқушылар бірлескен зерттеу барсында да анықтай алады. Мерсердің зерттеуіне сәйкес, әңгімелесу оқушылардың оқуының ажырамас бөлшегі болып табылады және әңгіменің үш түрі бар.

- Әңгіме-дебат;
- Кумулятивтік әңгіме;
- Зерттеушілік әңгіме. [2, 386]

Пікірсайыс ойындары немесе шешендік өнер сонау бағзы заманда Греция және Рим империяларынан бастау алып, әртүрлі пікірсайыс мектептері қалыптасып, әлемге Аристотель, Сократ, Платон және тағы басқада ойшылдар мен ғұламаларды өмірге әкеліп, пәлсафада болсын ғылымда да болсын жаңалықтар ашып, көптеген теорияларды өзінің шешендік өнері арқылы дәлелдеп кетті. Бізгеде осы ғұламалардың өзінің оқу үрдісінде қолданған пікірсайысқа қайта оралу керек. Сонымен пікірсайыс көбінесе студенттер мен оқушылар арасында кеңінен таралған. Сондай-ақ оның бірнеше форматы да бар. Атап өтсек, Американдық парламенттік формат (АПФ), Британдық парламенттік формат (БПФ), Карл Поппер және ЛД форматтары. Қай форматты болсын ережесін анық білсең, сабақта қолдануға өте тиімді. Биология сабағына тоқталып өтсек, қазіргі уақытта биология сабақтарында топқа бөлініп өтуіне байланысты әр топта 8–12 бала болады. [3, 506]

Біздің ойымызша осы топтағы оқушылардың санына байланысты Британдық парламенттік форматты қолдану керек деп ойлаймыз, себебі АП форматында 4 спикер, Карл Поппер форматында 6 спикер, ЛД форматында 2 спикер болса, Британдық парламенттік форматта 8 спикер болады. Осы ойын форматында 8 спикер, 1 негізгі төреші, 2 қосымша төреші, Модератор (мұғалім) және уақыт төрешісін қосқанда, барлығы 13 адам болады. Бұл формат оқушылардың санын ғана қамтып қоймай, уақыт жағынада оңтайландырылған, яғни әр спикер 4 минуттан сөйлегенде 32 минутты қамтып, сабақты қорытындылап, тапсырма беруге де уақыт қалатынын көруге болады.

Павлодар мемлекеттік педпгогикалық университеттің, жалпы биология кафедрасымен бірлесе отырып Қазақстан аумағындағы барша облыс мұғалімдері мен оқушыларынан сауалнамаға жауап алдық. Сауалнамаға 20 мұғалім және 141 оқушы қатысып өз пікірін қалдырды. Сауалнамаға жауап беруші мұғалімдердің еңбек өтілімдері әртүрлі болса, сауалнамаға қатысқан оқушылар 8–12 сыныптар аралығында болды. Сонымен қатар сауалнамаға қатысушы оқушылар мен мұғалімдерде пікірсайыстан хабары барлардың проценті 95,5 құрады. Сауалнамаға қатысқан мұғалімдер мен оқушылар саны және олардың аймағы 1-кестеде.

Осы сауалнамада оқушыларға қойылған сұрақтың бірі мынадай болды. «Пікірсайыс әдісін сабақта қолдану тиімді ме?» деген сауалдың «иә», «жоқ», «мүмкін» деген жауаптарының нәтижесі 1-диаграммада көрсетілген.

Диаграмма нәтижесіне сүйенсек 62% оқушылар тиімді екенін көрсетсе, 36% мүмкін екендігін көрсетіп отыр. Бұл деген білімді игеруге

тиімді екендігінің дәлелі. Себебі білім беруде мұғалімге оқушыларды үйретуде, оларға оңтайлы әдісті қолдану керек.

1-кесте

№	Облысы	Оқушылар саны	Мұғалімдер саны
1	Ақмола облысы	9	
2	Ақтөбе облысы	28	1
3	Атырау облысы	5	
4	Алматы облысы	3	
5	Батыс Қазақстан облысы	5	2
6	Қарағанды облысы	4	
7	Қостанай облысы	5	2
8	Қызылорда облысы	8	
9	Павлодар облысы	13	5
10	Солтүстік Қазақстан облысы	1	1
11	Маңғыстау облысы	2	
12	Жамбыл облысы	5	
13	Шығыс Қазақстан облысы	6	1
14	Түркістан облысы	25	5
15	Нұр-сұлтан қаласы	1	
16	Алматы қаласы	7	4
17	Шымкент қаласы	13	
Қорытынды		141	20



Сурет 1. Пікірсайыс әдісін сабақта қолдану тиімділігі

Мұғалімге арналған сауалнамадағы сұрақ, «Пікірсайыс әдісі арқылы оқушылар білімді қанша процентке игереді?» деген сауалдың нұсқаларының «100%», «75%», «50%», «25%» жауабы 2-диаграммада көрсетілген.

Яғни, сабақ оқытуда пікірсайыс әдісі арқылы 50 пайызға меңгеруге болады деп, сауалнамаға қатысушы мұғалімдердің тең жартысы белгілеп отыр. Ал 40 пайыз мұғалім, 75 пайызға игеруге болады деген нұсқаны белгілеген. Шынында сабақта пікірсайысты ұштастыра отырып, балаларды тек қана білімге ғана үйретіп қоймай, оларды сыни ойлауға да үйретуге болады.



Сурет 2. Пікірсайыс әдісі арқылы білімді қандай процентке игеруге болады?

Осы мақаланың нәтижесінде біз «Атамұра» баспасының оқулықтарының соңындағы пікірталас тапсырмасын қосымша тапсырма ретінде қарастырмау керек екендігін, Мерсердің теориялары арқылы дәлелдеп, негізгі тапсырма ретінде қарауға болатындай бірнеше тиімді әдістерді қарастырдық. Сонымен қатар, Қазақстан аумағындағы оқушылар мен мұғалімдер сауалнама нәтижесінде, екі жаққа да ыңғайлы сабақты игеруде тиімді екендігін көрдік. Пікірсайыс ойындарының оқушының жан-жақты ойлап қана қоймай, сыни ойлау дағдысында арттыратын көрдік.

Әдебиеттер

1. Соловьев А.К., Ибраиова Б. Биология. – Атамұра, 2012.
2. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. – НЗМ, 2016.
3. Monash R. Argumentation of debating, 2011.

Е.А. Мұсылманбек

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ. Ғылыми жетекшісі: доцент, биол. ғылым. кандидаты, химия магистрі
Г.Е. Асылбекова

ЕРТІС ӨЗЕНІНІҢ БАЛЫҚТАРЫН ЗЕРРТЕУ БОЙЫНША ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАРДЫ ӘЗІРЛЕУ (ФАКУЛЬТАТИВ)

Мақсаты: Мектептерде оқудан тыс, Ертіс өзенінің балықтарын зерртеу бойынша. оқушыларға арналған әдістемелік ұсыныстарды әзірлеу.

Салыстыру және талдау үшін материал ретінде жүргізілген жеке бақылаулар, энциклопедиялар, кітаптар және интернет желісінен алынған ақпараттар негіз болады. Ал сонымен қатар балықтар туралы (И.Ф. Правдин, 1966 ж.) еңбегі қолданылды.

Ең алдында біз факультатив туралы ақпараттар іздеп, оларға талдау жасадық және осы жұмыстан осындай факультатив туралы қысқаша анықтама.

Факультативтер – оқушылардың ғылыми – теориялық білімдерін және тәжірибелік дағдыларын кеңейтуге, олардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және мамандыққа бағыттауға арналған оқытудың бір түрі.

Тәрбиенің бір бөлігін құрайтын оқу-тәрбие процесінің бір түрі биология пәнінен сабақтан тыс жұмыс болып табылады. Мектепте дұрыс қойылған сабақтан тыс жұмыстың білім беру және тәрбиелік маңызы зор. Ол сабақта алған білімдерін кеңейтіп, тереңдете түседі, көптеген пайдалы дағдыларды игеруге мүмкіндік береді, демек, оқыту мен тәрбиені өмірге жақындатады. Сабақтан тыс жұмыс оқушыларға жеке көзқарасты жеңілдетеді, олардың дербестігін дамытуға қолайлы жағдай жасайды. Сабақ барысында оқушылардың барлық сұрақтарын қанағаттандыру мүмкін емес. Сабақтан тыс жұмыс өзара байланыста оқу қызмет етеді соғұрлым пәрменді құралы, ол жұмылдырады белсенділігі оқушының іздеуде білім мен көмектеседі толық қанағаттандыру мүддесін оқушылар. Биология пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстың барлық түрлілігі мектеп бағдарламасына байланысты болуы керек, сонымен қатар оны толықтыру керек, яғни оқу және сабақтан тыс жұмыс арасындағы тығыз байланыс болуы керек.

Орта мектептің жаңа оқу жоспарында әр түрлі пәндер бойынша, соның ішінде биология бойынша факультативтік сабақтар қарастырылған. Сабақтан тыс сабақтар сияқты, олар барлық оқушылар үшін міндетті емес. Сабақтан тыс факультативтік сабақтардан олардың белгілі бір және тұрақты бағдарламалар бойынша өткізілетіндігімен ерекшеленеді. Нысан бойынша олар әдеттегі сабаққа жақын. Бұл сабақтардың мазмұны жекелеген оқушылардың түрлі сұраныстарына толық жауап бере алмайды.

Павлодар облысыны Ертіс өзенінің барлық мүмкін балықтарын аулау жүргізілді, саны бойынша есептеу жүргізілді, көлемі мен салмағына өлшеулер жасалды және балық бойынша қысқаша тізім жасалған, сондай-ақ балық бойынша осы тізім энциклопедиядан толықтырылған, мүмкіндігінше Ертіс өзені балықтарының көлемі мен салмағы көрсетілді. Балықтар сыртқы құрылымы, көлемі және салмағы, сыртқы түсі, саны бойынша сипатталған.

Павлодар облысындағы Ертіс өзенінде 30 балық түрі бар, алдында айтылғандай оларға қысқаша мәліметтер жұмыста жазылған.

Мектеп студенттері үшін біз Ертіс балықтары туралы қысқаша жүйелеу жасадық. Жүйелеу оқулықтар мен энциклопедиялар бойынша жасалды, және мектеп студенттері үшін бұл жүйе меңгеру оңай. Жүйелеу бойынша мектеп жағдайында немесе өз хоббиіне немесе басқа да мүдделерге өз бетінше балықтарды анықтауға болады.

Алдында айтылғандай, Павлодар облысында Ертіс өзенінде балықтың 30 түрі болған, олар жүйелеу бойынша 6 отряд және 30 түрге бөлінді. Барлық 6 отряд: тұқытәрізді (17 түрі), албырттәрізді (4 түрі),

трескатәрізді (1 түрі), бекіретәрізді (2 түрі), алабұғатәрізді (5 түрі), шортантәрізді (1 түрі).

Кысқаша мысал ретінде: «Кәдімгі торта.Үлкен, артқы жағында жасыл-сұр, бүйірінде және іш айналасы күміс. Құрсақ, аналдық және құйрық жүзбеқаннотры қызғылт немесе қызыл, кеуде және арқа-сұр түсті. Үлкен қабыршақты. Бүйір сызығы дененің соңына жетеді және аздап иілген. Бүйірлік сызықтағы қабыршақтар саны 33-тен 67-ге дейін. Дене ұзындығы 10-нан 40 см-ге дейін».

Ертіс өзенінің балықтарын аулау аяқталғаннан кейін мектеп қызметінде балықтарды зерттеу әдістері жасалды. Алынған ақпарат бойынша мектеп студенттеріне ұсыныстар жасалды Мектеп және мектеп мекемелерінің студенттері үшін ең қолжетімді әдістемелер туралы көптеген ақпараттар қолданылды.

Сыртқы сипаттама энциклопедия мен интернет көздерінен алынған. Алынған мәліметтер бойынша мектеп студенттері немесе басқа пайдаланушылар үшін қысқа жоспар жасалды. Балықтардың сыртқы құрылысы туралы әдістемелік ұсыныстар жасалды, сондай-ақ Ертіс өзенінің балығын зерттеуде пайдалануға болатын құралдар мен энциклопедиялар көрсетілді.

Бірінші ұсыныс Ертіс өзені балықтарының сыртқы құрылысы, мөлшері және салмағы туралы болды. Бұрын айтылғандай, бұл ұсыныстар мектеп бағдарламалары мен мектеп студенттеріне арналған.

Сондай-ақ, факультативте екінші жұмыс ретінде жасы мен қолайлы өсу уақытын зерттеу үшін балықтарды пайдалануға болады.

Бұл жұмыста сыныптан тыс уақытта мектеп оқушыларына биология пәнінен қандай да бір тақырып бойынша оқушылардың дамуына мүмкіндік беретін биологиялық үйірме құру ұсынылды. Биология пәнінен сабақтан тыс сабақтардың маңызды міндеті оқушылардың өз бетімен әдебиетпен жұмыс істей білуін және зертханада тәжірибелік жұмыс дағдыларын дамыту болып табылады. Соңында, сабақтан тыс сабақтардың маңызды тәрбиелік элементі-қоғамдық пайдалы тапсырмаларды орындау, оның барысында оқушылардың жауапкершілік сезімі, материалдық құндылықтарға ұқыпты қарау, еңбекке деген құрмет сезімдері қалыптасады. Қазіргі уақытта оқушылардың жаппай қамтылуына қарамастан, сабақтан тыс эпизодтық іс-шаралардың өткізілуіне қанағаттанбауға болмайды. Мектеп мүмкіндіктерін, оқушылардың бейімділігін ескеретін, бағдарлама мен күнтізбелік жоспармен байланыстырылған жақсы ойластырылған, ұйымдастыруға ұмтылу қажет. Биология бойынша сабақтан тыс жұмыс сабақтан тыс іс-шаралардың жалпы мектептік жүйесінің бір бөлігі болуы тиіс, басқа да, ең алдымен аралас заттармен ұқсас жұмыстармен үйлесімді үйлесуі тиіс. Биология бойынша сабақтан тыс жұмыстар мектептің қоғамдық ұйымдары мен басшылығы тарапынан көмекке сүйенеді. Мектепте сабақтан тыс жұмысты ұйымдастыруда мектеп жұмысының шеңберінен шығатын

әртүрлі іс-шараларға байланысты туындайтын үлкен мүмкіндіктерді де ескеру қажет.

Әдебиеттер

1. Байкова В.М. Химия после уроков. В помощь школе.
2. Манке Г.Г. Методика преподавания факультативных занятий по биологии / Г.Г. Манке, Р.Д. Маш, М.Я. Михеева. – М.: Просвещение, 1977.
3. Мягков А.Н. Методика обучения общей биологии / А.Н. Мягков, Б.Д. Комиссаров. – М.: Просвещение, 1985.
4. Никишов А.И. Внеклассная работа по биологии / А.И. Никишов, З.А. Москаев. – М.: Просвещение, 1980.
5. Родин А.А. Массовые формы внеурочной работы в школе.
6. Базарбеков К.У., Ляхов К.В. Животный мир Павлодарского Прииртышья. – Павлодар, 2004.
7. Иртыш // Большая советская энциклопедия, 1969–1978.
8. Правдин И.Ф. Руководство по изучению рыб. – Москва: Пищевая промышленность, 1966
9. Правдин И.Ф. Рассказ о жизни рыб. – Петрозаводск: Карелия, 1972.

Ж.Е. Мухтарова

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ. Ғылыми жетекші: мәдениеттану кандидаты, жалпы биология кафедрасының доцент В.Н. Алиясова

ПАВЛОДАР ЕРТІС ӨңІРІНДЕГІ ЖАНУАРЛАРДЫҢ ҚАЗБАЛАРЫН ЗЕРТТЕУ ТАРИХЫ

Қазақстан Республикасында соңғы онжылдықта қоғамның мұраға деген қызығушылығы байқалуда, табиғи және аралас мұраны сақтап қалуды көп көңіл аударылып жатыр. Далалық және зертханалық ғылыми зерттеулер маңызды рөл атқарады, оның нәтижесінде табиғи мұра объектілерін зерттеу, қалпына келтіру, консервациялау және қайта жаңарту жүргізіледі. Палеонтологиялық олжалар тарихи өткенді зерттеуге, жануарлар мен адамның эволюциясының құпиясына енуге мүмкіндік беретін өзіндік «құжаттар» болып табылады. Палеонтология саласында зерттеудің жаңа әдістерінің пайда болуымен ағзалардың қазба байлықтарының морфологиясы, құрамы, өмір сүру уақыты және географиялық таралуы туралы мәліметтер алынды. Палеонтология саласындағы ғылыми жетістіктер кейбір отрядтар мен класстардың жіктелуін қайта қарауға мүмкіндік берді. Палеонтологиялық материалдар палеозоологияның, палеоботаниканың, палеоэкологияның, палеогеографияның және тарихи геологияның фактологиялық базасы болып табылады, сондықтан оларды зерттеу ерекше ғылыми маңызға ие.

Эволюция процесі уақыт пен кеңістікте үздіксіз, оның шарты бойынша тірі организмдерді бейімдеу процесі жүріп жатыр, олар көптеген морфологиялық және олармен байланысты физиологиялық

өзгерістерге ие болды, алғашқыда табылған қазба қалдықтары бойынша олардың құрылысын талдап, қазіргі тірі тіршілік қаңқасының ұқсас бөліктерін салыстыра отырып көруге болады. Жануарлар ағзаларының құрылысы мен қызметінің ерекшеліктерін зерттей отырып, оның өмір сүру жағдайларын болжауға, ежелгі климатты, қоршаған организм ландшафтының ерекшеліктерін және қалдықтар табылған құрлықтың ежелгі географиясын қалпына келтіруге болады.

Жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің тарихи дамуын зерттеу зерттеушілердің, табиғат әуесқойларының және жай ғана ізденімпаз адамдардың кең ауқымы үшін өте маңызды. Жер бетінде әртүрлі топтар мен тірі тіршілік түрлерінің пайда болу кезектілігін біле отырып, қалдықтар табылған шөгінділердің геологиялық «жасын» орнатуға болады, қабаттардың құрылымын бақылап, қалдықтар көмілген кездегі орта факторларының жағдайын сипаттап, ежелгі ландшафттың ерекшеліктерін суреттеуге болады.

Павлодар Ертіс өңірінің аумағында әртүрлі геологиялық кезеңдердегі өлі организмдердің табылған көптеген белгілі орындары бар. Қазба организмдердің бұл орналасуы бірегей, өйткені осы жерде миллион жыл бұрын болған оқиғалар туралы білім көзі болып табылады және флора мен фаунаның табиғи тарихының өзіндік мұрағаты болып табылады.

Павлодар Ертіс өңірінің аумағынан қазба организмдер сүйектерінің көптеген олжалары бұрыннан белгілі. Бұл аймақ Қазақстанның ірі су артериясына байланыстылығын зерттеу үшін Ертіс өзенінің бойында Қазақстанның палеонтологиялық ескерткіштері табылған. Қазба организмдердің орналасуы бірегей, өйткені осы жерде миллиондаған жыл бұрын болған оқиғалар туралы білім көзі және флора мен фаунаның табиғи тарихының өзіндік мұрағаты болып табылады.

Павлодар Ертіс өңіріндегі сүтқоректілердің ежелгі фаунасы миоценден (шамамен 25 – тен 3 млн. жылға дейін) қазіргі уақытқа дейінгі үлкен уақыт аралығымен сипатталады. Бұл ретте сүтқоректілердің палеонтологиялық қалдықтарының әртүрлі жастағы орналасқан жері соншалық тығыз орналасқан, бұл оларды тарихи кезектілікте қалыптастыра отырып, сүтқоректілер кешендерін зерттеу негізінде қоршаған ландшафт эволюциясының ерекшеліктері, яғни әр тарихи қабатқа сүйек қалдықтары бойынша орнатылатын жануарлар түрлерінің жиынтығы туралы түсінік алуға болады.

Ертіс өңірі жануарларының қазбалары туралы алғашқы мәліметтерді зерделеу мен жинауда Ресей империясының ұйымдастырған алғашқы ғылыми экспедициялары және тарихи, географиялық қоғамдар мен статистикалық комитеттердің ғылыми зерттеулері үлкен рөл атқарды.

Павлодар Ертіс өңірінің шегінен шыққан қазба организмдер туралы алғашқы хабарламалар белгілі ғалым, орыс жаратылыстанушысы (шыққан жері бойынша неміс) және саяхатшы П.С. Палласқа (1741–1811)

тиесілі. 1768–1774 жылдары Ресей, Орал және Сібірдің оңтүстік-шығыс шеттерін зерттеу үшін академиялық экспедицияны басқарды. Ұзақ уақыт бойы ол қазіргі Қазақстанның аумағына үш рет барды. Саяхат кезінде география, ботаника, зоология, геология, палеонтология және этнография саласындағы зерттеулердің негізіне жататын ауқымды материал жинады.

Паллас «Ресей империясының әртүрлі провинцияларына саяхат» (1773–1779) кітабында экспедициялық зерттеулердің нәтижелерін сипаттады. Атап айтқанда, ол өліп қалған піл сүйектерінің табылғандығы туралы хабарлайды. Сонымен қатар, пілдер мен басқа да аңдардың сүйектері Ертістегі Осьморыжск, Пятерыжск және Коряков форпостынан табылды. Академиялық экспедицияға қатысушылар «үлкен аңдардың сүйектерін жағалаудың сазды қабатынан» тапты. Паллас сондай-ақ, оның серіктері Черноярский ауылына жақын табылған осы сүйектердің сынықтарын алып келгенін көрсетеді, олардың арасында үлен жауырын болды, ол пілдің жауырыны екені белгілі болды» [1]. Паластың жұмысы – қазақ даласындағы, Сібірдің оңтүстігіндегі, оның ішінде Павлодар Ертіс өңіріндегі алғашқы жоспарлы зерттеулердің бірі болып табылады.

Ертіс өңірінің Зерттеу тарихы көрнекті орыс ғалымы А.И. Левшиннің (1797–1879) есімімен байланысты. Оның «қырғыз – казак, немесе қырғыз-қайсар, орд және дала сипаттамасы» атты еңбегінде қазақ халқының географиясы, тарихы мен этнографиясы бойынша оның зерттеулерінің нәтижелері көрсетілген. Онда автор шекаралық комиссияда (1820–1822) дипломатиялық қызмет атқару кезінде қазақ даласының географиялық жағдайы мен табиғатын егжей-тегжейлі сипаттады.[2].

Павлодар Ертіс өңірінің әсіресе кең және жоспарлы зерттелуі Қазан төңкерісінен кейін басталды. Осы уақытқа дейін ғалымдар палеонтологиялық олжаларды арнайы зерттеумен және жинаумен айналысқан жоқ. Барлық жиындар әртүрлі «ежелгі» адамдардың жеке коллекцияларына түсті, сондықтан сүйек материалы тіркелмеді, және көптеген олжаларды жергілікті тұрғындар кездейсоқ тауып алды.

30-шы жылдардан бастап Павлодар Ертіс өңірінің аумағында сүтқоректілердің қазба қалдықтары мақсатты сипатқа ие болады. Оларды геологтар, КСРО ҒА палеонтологиялық және зоологиялық институттардың арнайы экспедициялары және облыстық өлкетану мұражайлары, сондай-ақ мектептердің археологтары мен өлкетанушылары жүзеге асырады. Табылған қазбалардың көп бөлігін ғалымдар одан әрі егжей-тегжейлі зерттеу үшін институттарға шығарды. Осы кезеңде Павлодар облысының аумағында омыртқалы қазбалардың бірнеше орны табылды. Осы кезеңнің ең маңызды жаңалықтарының бірі – Павлодар-Ертіс өңірінен гиппарион фаунасын табу. 1928 жылдың жазында Ю.А. Орлов Ертіс өзенінің оң жақ жағалауында Омбыдан Павлодарға дейін неогендік кезеңнің фаунасын анықтау үшін тексеру жүргізді.

Экспедиция өте сәтті болды, Орлов «Гусиный перелет» гиппарион фаунасының орналасқан жері ашылды.

КСРО ҒА Геологиялық мұражайы 1929 жылы М.Г. Прохоровтың басшылығымен палеонтологиялық экспедицияны ұйымдастырды. Экспедиция жүздеген пошта сәлемдемелерін толтырған көптеген бытыраңқы тістері мен скелеттің ұсақ бөліктерінен басқа, өзінің тасымалы үшін ерекше вагонды талап еткен жәшіктерде 16 тоннадан астам жүкті геологиялық мұражайға жеткізді. «Гусиный перелет»-та көмілген материал саны орасан зор: жануарлардың бір түрінің аттас сүйектерін есептеу палеонтологиялық институтының қазба жұмыстарын жүргізген кезде кемінде 20 бұғы, 40 жираф, 130 мүйізтұмсық, 200 гиппарион және т. б. қалдықтары табылғанын көрсетті.

Жасы 25 – 2 млн. жыл есептелетін неогендік кезеңдегі «Гусиный перелет» палеонтологиялық орналасқан жердің ашылуы Павлодар Ертіс өңірінде бүкіл бұрынғы Кеңес Одағынан палеозоологтарды әкелді. Өкінішке орай, табылған палеоматериал Павлодардан шығарылды, өйткені ол кезде қалада палеонтологиялық қалдықтардың зерттелуі мен сақталуын қамтамасыз ете алатын ғылыми ұйым болған жоқ. 1942 жылдан бастап Павлодарда өлкетану мұражайының ашылуымен палеонтологиялық олжалар оның коллекциялық қорына түсе бастады. Сол кездегі көптеген палеоходкалар КСРО ҒА ЗИН жинағына түсті. Осылайша, жиырмамыншы ғасырдың 30-шы жылдарында Павлодар Ертіс өңірінің палеонтологиясын белсенді зерттеу кезеңі деп атауға болады, осы уақытқа Қалқаман орналасқан жерін неогендік кезеңнің миоцендік фаунасымен зерттеудің басталуын да жатқызуға болады.

1935 жылы Е.И. Беляева Павлодар Ертіс өңірінің сүтқоректілердің табыстарын сипаттайды: *Elephas primigenius trogonterii* пілінің қалдықтары, *Huaena spelaea Goldf* үңгірінің гиендері., *Rhinoceros antiquitatis Blum.*, Барлық сүйектер Железинка ауылының маңында табылды. Сондай-ақ, таза дала және жартылай шөлейт ландшафтардың әр түрлі өкілдерінің: Павлодар облысы шегінде Ертіс өзенінің бойында әртүрлі пункттерден жиналған киіктер, түйе және басқа да жануарлар қалдықтары туралы айтылады. КСРО ҒА ЗИН коллекциялық қорында (Санкт-Петербург) Ю.Н. Поповтың көптеген жинақтары сақталған. 1934–1935 жылдары: жас жүн мүйізтұмсықтың байырғы тістері, қазба жылқының тістері, сондай-ақ қазбалы бұқа *Bos sp* сегіз тістері. және алғашқы *Bison priscus*. Бұл сүйектердің барлығы Ертіс өзенінің оң жағалауынан, Павлодар қаласынан 25 шақырым жерде, Черноярка ауылынан, құмнан, су кемерінен 0,5 м жоғары табылды. Сондай-ақ, *EQUUS caballus fossilis* қазбалы жылқының төменгі тамыр тістері, және *Bison priscus* Воj бірінші тәжінің жоғарғы түпкі тістері. Попов Ю.Н. Железинка а. қасындағы бичевникте жиналған. Ақырында, олар *Camelus knoblochi* Пол Кноблоха түйенің орталық сүйегін тапты. Ертіс жағасында, Павлодар қаласынан 180 км төмен, қиғаш қабатты галереялық қалыңдықта тістің сынуы. Осы

институттың коллекцияларында институт қызметкері Г.Е. Вульфпен Ертіс жағасындағы Черноярка селосында жиналған сүйектер сақталған. Олардың арасында астрагал және бұғы мүйіздерінің үш сынығы *Megaloceros euryceros* Nehr. *Cervus elaphus fossilis* асыл бұғы мүйізінің төменгі жақ сынықтары мен өсінділері, *Bison priscus* Voj алғашқы қауымдық бас сүйегінің фрагменттері бар екі мүйіз., 22 алғашқы тұқымды бұқа *Bos sp* жеке сүйектері. [3].

1940 жылы Павлодар қ.маңайындағы көгілдір құмда *in situ* – ді («қаздың ұшуынан төмен») өте ірі мүйізтұмсық сүйектері-эласмотерия және Тирасполь фаунасына жатқызылған басқа да жануарлар қалдықтарын жинады [4].

Ұлы Отан соғысы жылдарында жоспарлы аймақтық зерттеулер үзілді. Уақыт аса маңызды міндеттерді шешуді, атап айтқанда, қорғаныс өнеркәсібін минералдық шикізатпен қамтамасыз етуді талап етті. Осы кезеңде ғалымдардың назары іздестіру геологиялық – барлау жұмыстарына бағытталды. Палеонтологиялық қалдықтар табиғи түрде кездескен, бірақ өз зерттеулерінің материалдарын жариялауға уақыт та, мүмкіндік та болған жоқ.

1946 жылдан бастап қазбалы материалдар жинағын ҚР БҒМ Зоология институтының палеобиология зертханасы жүйелі түрде жүргізеді. Павлодар-Ертіс аумағы 16 палеонтологиялық жерден табылған 187 үлгі палеозология зертханасында сақталған.

Павлодар қаласының өлкетану мұражайы 1952 жылы Ертіс облысының шекарасына дейін Ертіс бойымен төмен қарай өлкетану жорығын ұйымдастырды. Алғашқы олжалар «Гусин перелет»-те, содан кейін Қашыр ауылы – мамонттың сүйектері табылған [5]

Павлодар Ертіс өңірінің аумағындағы палеонтологиялық материалдарды жинаумен және ғылыми сипаттаумен Павлодар педагогикалық институтының оқытушысы Л.Л. Гайдученко айналысты. Ол «Гусиный перелет», Кіші Қалқаман және Семей облысының Қарабазтүз көлінің жағалауындағы палеонтологиялық орналасқан жерлерден көптеген материалдарды жинап, сипаттап берді.

2001 жылдан бастап Павлодар Ертіс өңірінің аумағынан палеонтологиялық материалдарды жинаумен және зерттеумен ПМПИ оқу-мұражай кешенінің мамандары айналысады. 2004 жылдан бастап мұражай қызметкерлері А.В. Шпанскиймен музейге келіп түсетін жаңа материалдарды зерттеу бойынша бірлескен жұмыстар жүргізуде. Бұл жұмыстың нәтижесі ретінде трогонтериялық пілдің (*Mammuthus trogontherii* Pohlig) толық емес қаңқасының ғылыми сипаттамасы болды [6]

Павлодар Ертіс өңірінің гиппарион фаунасының 12 түрлі жастағы орналасқан жерінің түрлік құрамдарына салыстырмалы-сандық талдау А.В. Шпанский жүргізді [7]. Үлкен фауналық суперкомплекс аясында фауна жақындығы бойынша (рулық деңгейде) Павлодар Ертіс өңірі үшін бірнеше кешен бөлінді – Батыс-Сібір жазығының оңтүстік-шығыс

аумағында неогендегі тетрапод фаунасы дамуының жекелеген кезеңдерін көрсететін Қалқаман, Павлодар, новостаничный және бетекей кешендері.

Қорытылай келе, Павлодар-Ертіс өңірінде ерте кездегі жануарлардың қазба қалдықтарының әлі күнге дейін жаңа түрлері табылып, зерттелмеген. Болашақта салыстырмалы-сипаттау әдіс, әдеби материалдарды қолдану, далалық зерттеу әдісі, лабораториялық әдістер арқылы жаңа түрлерді тауып, сипаттау мақсат етіп қойылады.

Әдебиеттер

1. Паллас П.С. Путешествие по разным местам Российского государства по повелению Санкт-Петербургской императорской Академии наук. Ч.II. // Книга 2. Перевод Ф. Томанского. – Санкт-Петербург: Императорская Академия наук, 1786. – С. 4–281.

2. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. / Под общей редакцией академика Козыбаева М.К. – Алматы: Санат, 1996. – 656 с.

3. Кожамкулова Б.С. Антропогенная ископаемая териофауна Казахстана. – Алма-Ата, 1969. – 149 с.

4. Громов В.И. Определитель млекопитающих СССР по костям скелета // Труды комиссии по изучению четвертичного периода. – М.: Изд-во АН СССР. Т16. В.2. 1960. – 116 с.

5. ТА ПОИКМ им. Потанина Г.Н., Багаев Д.П. Краеведческие записки. 1952 // Рукопись.

6. Шпанский А.В. Новая находка степного слона *Mammuthus trogontherii* Pohlig (Proboscidea, Elephantidae) в Павлодарском Прииртышье (Республика Казахстан)/ В.Н. Алиясова, С.В. Титов, Т.Н. Смагулов // Бюллетень Московского общества испытателей природы. Отдел геологический. – Москва, 2008. – Т.83., В – 3. – С. 52–62.

7. Шпанский А.В. Гиппарионовая фауна Павлодарского Прииртышья // Эволюция жизни на Земле. Материалы III Международного симпозиума. – Томск, 2005. – С. 314-320.

Мұғраж Елімай

Ғылыми жетекші: мәдениеттану кандидаты, жалпы биология кафедрасының доцент В.Н. Алиясова

БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ӨТКІЗУДІҢ ТӘСІЛДЕРІ

Биология сабақтарында зертханалық істерді ұтымды пайдаланып, оқушылардың теориялық білімін практикамен үйлестірудің маңызы өте зор. Қазақтың «Құлақпен естігенше, көзбен көріп, қолмен ұстағанға не жетсін» деген нақыл сөзінің өзі осыны керсетеді. Себебі күнделікті еткен бірсарынды баяндау, сұрақ-жауап секілді әдеттегі сабақтар оқушыларды жалықтырып, шаршатады. Сондықтан биология сабақтарында әрбір мұғалім зертханалық жұмысты тиімді пайдаланса, оқушылардың пәнге қызығуы артады.

Бүгінгі уақытта мектептегі білім берудің даму кезеңдерінің ерекше-

лігі оқушы тұлғасының бет бұрыуы, олардың белсенді оқу танымдық жұмыстарының негізінде жан-жақты дамуы болып табылады. Бұл ойдың іске асырылуы мектептердегі жаңаша түрдегі өзгерістерге байланысты, оқу технологиясы мен білім беру мазмұнының модернизациялануы, ал мектептегі білім берудің өзі тоқтаусыз білім алудың баспалдағы ретінде қарастырылып отыр. Бұл ауысым баулуға бағытталған білім беру жағдайында ғана және атқарушылық, жақын келу негізінде ұйымдастырылған жағдайда мүмкін.

Пәннен сабақ өткізу әдісін дұрыс таңдай, қолданбаған жағдайда әрбір ұстаз алдына қойған мақсатына жете алмайды.

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай оқу материалының мазмұнын сәйкестендіре отырып, оқыту әдісін дұрыс таңдағанда ғана сапалы білім беруді қамтамасыз етуге болады.

Оқушылардың биологияға деген қызығушылығын дамыту үшін зертханалық сабақтардың маңызы орасан зор. Зертханалық сабақ кезінде оқушылар бұрын сабақта алған білімдерін практикада өз бетімен жұмыс жасау кезінде ұштастырып, білім деңгейін кеңейте алады. Сондықтан шағын жинақты мектептерде биология пәнінен өткізілетін зертханалық сабақтар өз мәнінде өткізіліп, оқушылардың ойлау қабілетін арттыру, білімге деген құштарлығын ұштау қажет деп ойлаймын. Биология пәнінен зертханалық сабақтарды ұйымдастыру – өсіп келе жатқан ұрпаққа тіршілікті, өмірді аса үлкен зор құндылық деп түсінуді қалыптастырады.

Зертханалық сабақтар – оқушылардың оқу іс-әрекетінің бір түрі; мақсаты мен міндеті ұқсас. Зертханалық жұмыстар оқу бағдарламасына енгізіліп, курс бөлімін немесе тақырыпты оқығаннан кейін жүргізіледі. Бұл оқушының алдымен теориялық білімді терең меңгеріп, жасалған жұмыстың нәтижесін дұрыс түсінуіне мүмкіндік береді. Жұмыстың жоғары дәрежеде, дұрыс орындалуы үшін топта 10 адамнан болуы керек, олар жеке-жеке немесе жұппен орындайды. Жұмыстың тақырыбы, мақсаты, зерттеу объектісі, қажетті құрал-жабдықтары зертханалық дәптерлеріне көшіріліп, қорытындыланады.

Міндеттері:

– «Биология» пәнінен зертханалық сабақтарды өткізудің әдістемелік ерешеліктерін сипаттау;

– «Биология» пәнінен зертханалық сабақтарды өткізудің тиімді әдістерін жалпылау;

– «Биология» пәнінен зертханалық сабақтар үлгілерін әзірлеу.

Оқушылар талапқа сай бағдарламада көрсетілген әр түрлі зертханалық жұмыстарды орындап, осы шарттарды қанағаттандырғанда ғана олардың тұрақты білім мен білік дағдылары тәрбиеленеді және оны орындау қарқыны өседі.

Мұғалімнің мақсаты: биология бөліміндегі зертханалық сабақтарды жоспарлап өткізу. Дұрыс ұйымдастырылған зертханалық сабақтың оқушы үшін тиімділігі төмендегідей:

1. Оқушы тақырыпқа байланысты ауызша алған түсінігін тәжірибе жасау арқылы толық меңгереді.

2. Алған білімін іс жүзінде қолдану іскерлігі мен дағдысын қалыптастырады.

3. Мұғалімнің түсіндіруі арқылы алған біліміндегі маңызды құбылыстардың қасиеті мен құрылысы туралы білімін нақтылап мәнін терең түсінеді.

4. Зертханалық жұмыс істеу тәсілдерімен әдістерін игереді.

5. Сабақта танысқан өсімдіктердің ішкі құрылысын, дене бөліктерін толық ажыратуға дағдыланады.

6. Зертханалық сабақ барысында оқушылардың биология ғылымының салаларына деген қызығушылығы артады.

7. Зертханалық жұмыс кезінде пайдаланатын құрал – жабдықтармен жұмыс жасау тәртібімен танысып, үйренеді.

8. Зертханалық жұмыс барысында оқушылар еңбекке, ұйымшылдыққа тәрбиеленеді және әсемдік тәрбие беріледі.

9. Бақылау сұрақтарына жауап береді.

Зертханалық сабақтардың жүру барысы:

1. Әрбір зертханалық сабақтың мақсаты болады.

2. Керекті құрал–жабдықтар.

3. Жұмыстың барысы. Зертханалық аспаптармен жабдықтарды көрсетіп, оларды сабаққа қалай пайд алану керектігі, жұмыстың барысынан қысқаша түсінік береді.

4. Зерттеуге алынған препаратты, онымен қалай жұмыс жасау керектігі туралы айтады.

5. Жұмыс жасау тәсілдерін айтады.

6. Оқушылар арнайы зертханалық жұмысты қорытындылау дәптеріне жұмыстың жүру барысын жазып, жұмыстың нәтижесін түсіндіреді.

Зертханалық сабақтарда әдістердің түрлері:

– Білімді берудің негізгі көзі – көрсету. Оқытушының зат пен құбылысты демонстрациялап көрсетуі болады, екінші орында – бағыттап түсіндіру.

11-сыныптағы (жаратылыстану-математикалық бағыт) зертханалық жұмыстар:

1. Мәдени өсімдіктердің іріктемелерін пайдаланып қолдан сұрыптаудың нәтижесін, түр критерийлерін, өзгергіштікті зерттеу;

2. Организмдердің тіршілік ортасына бейімділігін зерттеп білу.

Ескерту: Зертханалық жұмыстарды орындауға қажетті құрал-жабдықтар болмаған жағдайда оларды көрсетілімдермен немесе электрондық нұсқалармен алмастыруға болады. Зертханалық сабақтар мұғалімнің жаңа тақырыпты түсіндіру бағытында жүргізіледі, егер оған сағат бөлінбеген болса, тарауды қорытындылау кезінде өткізуге болады.

Биология пәнінің басты міндеттерінің бірі – оқушыларға материалістік көзқарас, дұрыс мәнді ғылыми дүниетаным қалыптастыру.

Себебі пәннің мазмұны тіршіліктің пайда болуы, дамуы және мәні заңдары негізінде берік моральды, өмірдің мәні мен мақсатын дұрыс түсінетін, әртүрлі зиянды қылықтар мен әрекеттерге төзе алатын ұрпақ тәрбиелеу

Биология пәнінің оқу бағдарламасында зертханалық және практикалық жұмыстардың тақырыптары әр сыныпқа анық көрсетілген. Атап айтсақ: 6-сыныптағы зертханалық жұмыстар: 1. Споралы және тұқымды (ашық тұқымды және жабық тұқымды) өсімдіктермен танысу: көкек мүгі, қырықжапырақ, кәдімгі қарағай, қызанақ; 2. Ұлғайтқыш құралдармен және зертханалық құрал-саймандармен танысу; Пияз өңінің, жапырақ эпидермисінің микропрепаратын даярлау; Осы микропрепараттарды ұлғайтқыш құралдар арқылы, қарап өсімдік жасушасының құрылысын зерттеп білу; 3. Даражарнақты және қосжарнақты өсімдік тұқымдарының құрылысы. Көкөніс дақылдарының алуантүрлі тұқымдарымен танысу; 4. Түрлі өскіндерден тамырдың сыртқы құрылысын зерттеп білу (ас бұршақтың, асқабақтың, үрме бұршақтың және бидайдың). Тамырдың өсу (созылу) аймағын тауып анықтау. Тамырдың түрөзгерістері; 5. Вегетативтік және гүл бұршіктерінің құрылысы. Жапырақтың сыртқы құрылысы. Жапырақтағы лептесіктерді табу. Жапырақтың ішкі құрылысы. Жапырақтың түр өзгерістері. Ағаштың көлденең кесіндісіндегі жылдық сақиналарды табу. Тамырсабақтың түйнектің және пиязшықтың құрылысын қарау; 6. Гүлдің құрылысы мен танысу. Бунақденелілермен және желмен тозаңданатын өсімдіктердің гүлдерін салыстыру; 7. Бөлме өсімдіктерін қалемшелеу; 8. Бір жасушалы және көпжасушалы балдырлардың микроскоптық және сыртқы құрылысы. Мүктердің сыртқы құрылысы. Қырықжапырақ тәрізділердің сыртқы құрылысы. Ашықтұқымдылардың сыртқы құрылысы. Қылқанжыпырақты өсімдіктердің бүрлері мен тұқымдарының құрылысын зерттеп білу. Шаршыг үлділер тұқымдасы өсімдіктерінің гүлдері мен жемістерінің құрылысы. Раушангүлділер тұқымдасы өсімдіктерінің гүлдері мен жемістерінің құрылысы. Алқа тұқымдасы өсімдіктерінің гүлдері мен жемістерінің құрылысы. Бұршақ тұқымдасы өсімдіктерінің гүлдері мен жемістерінің құрылысы. Күрделігүлділер тұқымдасы өсімдіктерінің гүлдері мен жемістерінің құрылысы. Лалагүлділер тұқымдасы өсімдіктерінің гүлдері мен жемістерінің құрылысы. Пияз тұқымдасы өсімдіктерінің гүлдері мен жемістерінің құрылысы. Астық тұқымдасы өсімдіктерінің гүлдері мен жемістерінің құрылысы; 9. Пішен таяқшасы бактериясын микроскоп астында қарап, сыртқы құрылысымен танысу. Бұршақ өсімдіктерінің тамырындағы түйнек бактерияларын микроскоп астында қарап құрылыс ерекшеліктерімен танысу; 10. Микроскоптық мукор саңырауқұлағының сыртқы құрылысын зерттеп білу. Түтікшелі және қатпарлы қалпақты саңырауқұлақтардың жемісті денесінің құрылысы. Қабық (қаспақ) тәрізді қынаның жемісті денесінің сыртқы

құрылысын зерттеп білу. Қыналардың екі-үш өкілдерінің құрылыс ерекшелігімен танысу.

7-сыныптағы зертханалық жұмыстар: 1. Ашық су қоймасынан не аквариумнан алынған су тамшысын микроскоп астында қарап, қарапайымдардың өкілдерін табу; 2. Ұлулардың сыртқы құрылысын зерттеп білу және салыстыру. Госпаұлудың (немесе жүзім ұлуының) қозғалу ерекшелігін, сыртқы тітіркендіргіштерге жауап қайтару реакциясын бақылау. Бақалшағының пішінін, оның сыртқы және ішкі қабаттарының құрылысын қарап зерттеу. Әртүрлі тұщы су және теңіз ұлуларының бақалшақтарын салыстырып зерттеу; 3. Бөлме шыбынының сыртқы құрылысы. Жеміс шыбыны дрозophilаның дернәсілін және ересек дарағын қарап, оның құрылыс ерекшеліктеріне назар аудару. Бау және бақша зиянкестерінің жинақтамасын зерттеп қарау. Зиянкес бунақденелілерді ажырата білу; 4. Сулы ортадағы тірі балықтарды бақылау. Олардың сыртқы құрылысына назар аударып зерттеу. Қабыршақтарындағы дөңгелектеу келген сызықтарға қарап балықтың жасын анықтау. Балықтың қаңқасын қарап зерттеу. Балықтың 8 ішкі құрылысына қарап мүшелерін анықтап табу, олардың орналасуына назар аудару; 5. Тірі бақаларға бақылау жүргізу. Бақаның сыртқы құрылысын зерттеп білу. Қаңқасының ерекшелігіне назар аудару. Даяр ылғал препараттан бақаның ішкі құрылысына қарап мұқият зерттеу; 6. Тірі кесірткенің қозғалысын, басқа да тіршілік әрекеттерін бақылау (улы емес жыландарды немесе тасбақаларды бақылауға болады). Олардың сыртқы құрылыстарына назар аударып зерттеу. Кесіртке мен бақаның қаңқаларын салыстыру; 7. Құстардың сыртқы құрылысы. Қауырсынды жамылғысы, қауырсындарының әртүрлі типтері. Құстардың қаңқасы, ішкі құрылысы (ылғалды препарат). Тауық жұмыртқасының құрылысын зерттеу; 8. Аңдардың тіршілігін бақылау. Сыртқы құрылысын, қаңқасының құрылыс ерекшелігін зерттеп білу. Даяр ылғал препараттардан ішкі құрылысын қарап танысу.

8-сыныптағы зертханалық жұмыстар: 1. Эпителий, дәнекер, бұлшық ет және жүйке ұлпаларын микроскоп астында қарау, немесе «Ұлпалардың құрылысы» атты электрондық нұсқаны көріп танысу; 2. Тізе рефлексін зерттеу. Терінің тітіркенуі кезінде жолақтардың түзілуін бақылау: вегетативті жүйке жүйесінің симпатикалық бөлімінің әсерінен терідегі қан тамырлары тарылып теріде ақ жолақтар көрінеді, ал одан кейін байқалатын қызыл жолақтардың парасимпатикалық бөлімнің әсерінен қан тамырларының кеңеюіне байланысты жүреді. Көзді жыпылықтату рефлексінің түзілуі және оның тежелуі; 3. Көздің нұрлы қабығы мен көзбұршақтың қызметін анықтау. Соқыр дақты табу. Құлақтың есту мүмкіндігін анықтау. Саусақтардың ұшындағы төмпешіктердегі және сыртқы бетіндегі сезімталдықты анықтау; 4. Кальцийсіздірілген және күйдірілген сүйектің қасиеттерін зерттеу. Омыртқа жотасының иілгіштігін, бұлшық еттер мен сүйектерінің орналасуын

анықтау. Организмнің өсу және даму деңгейін антропометрлік әдіспен анықтау; 5. Адам қанын микроскоп астында қарап, құрылысымен танысу; 6. Жарақаттанған саусақты қатты қысып байлау себепті веналық қақпақшалар жабылып, қолды төмен түсіргенде саусақтың веналық қан тамырларында қан айналым тоқтайды. Тамырдың соғуын қолдың білезігінен кәрі жілік артериясын саусақпен басып өлшейді. Жүрек қантамырлар жұмысын тексеру үшін адамды 20 рет отырғызып-тұрғызудың алдындағы және одан кейінгі тамыр соққыларын салыстырып анықтайды; 7. Қайнатылған крахмалға сілекейдің әсерін байқау; 8. Тамыр соғуының санына сәйкес шамамен энергия жұмсау мөлшерін анықтау. Тамақтану мөлшерін анықтау, тамақ рационын құру; 9. Еріген қар суының мөлдірлігін анықтау арқылы оның ластану дәрежесін бағалау; 9 10. Қолдың алақанын және сыртқы бетін ұлғайтқыш әйнекпен (лупа) қарап зерттеу. Терінің терморецепторларын (суық және жылу), жанасу рецепторларын табу. Майлық қағаздың көмегімен беттің түрлі учаскелеріндегі терінің майлылығын анықтау.

9-сыныптағы зертханалық жұмыстар: 1. Тірі ұлпаларда ферменттердің катализдік белсенділігі; 2. Пияз қабықшасының жасушасындағы плазмолиз және деплазмолиз. Өсімдік, жануар және бактерия жасушаларының құрылысы. Олардың құрылысындағы айырмашылықтарды табу; 3. Модификациялық өзгергіштіктің вариациялық қатарын және вариациялық қисық сызығын құрастыру. Организмдердің өзгергіштігі; Жергілікті өсімдік іріктемелерінің фенотиптері; 4. Әр түрге жататын өсімдіктердің морфологиялық ерекшеліктері; 5. Организмдердің мекен ортасына бейімделуі. Өсімдіктердегі ароморфоздар және бунақденелілердегі идиоадаптациялар.

10-сыныптағы (қоғамдық-гуманитарлық бағыт) зертханалық жұмыстар: 1. Эукариоттық (өсімдік, жануар, саңырауқұлақ) және прокариоттық (бактериялық) жасушалардың құрылысы; 2. Эукариоттық (өсімдік, жануар, саңырауқұлақ) және прокариоттық (бактериялар) жасушалар; 3. Өсімдік фенотиптерін зерттеу.

11-сыныптағы (қоғамдық-гуманитарлық бағыт). зертханалық жұмыстар: 1. Мәдени өсімдіктердің іріктемелерінен өзгергіштікті, қолдан сұрыптаудың нәтижесін, түр критерийлерін зерттеу; 2. Организмдердің тіршілік ортасына бейімділігін зерттеп білу 10-сыныптағы (жаратылыстану-математикалық бағыт) зертханалық жұмыстар: 1. Эукариоттық (өсімдік, жануар, саңырауқұлақ) және прокариоттық (бактериялар) жасушалардың құрылысы; 2. Пияз эпидермисінің жасушаларындағы плазмолиз және деплазмолиз құбылыстарын бақылау; 3. Өсімдік жасушаларындағы цитоплазманың қозғалысын бақылау; 4. Өсімдіктер мен жануарлардағы өзгергіштікті зерттеу, вариациялық қатар және қисық құрастыру; 5. Өсімдік фенотиптерін зерттеу; 6. Шежіре құру.

11-сыныптағы (жаратылыстану-математикалық бағыт). зертханалық жұмыстар: 1. Мәдени өсімдіктердің іріктемелерін пайдаланып қолдан

сұрыптаудың нәтижесін, түр критерийлерін, өзгергіштікті зерттеу;
2. Организмдердің тіршілік ортасына бейімділігін зерттеп білу.

Биология пәнінен зертханалық сабақтарды ұйымдастыру арқылы ғана, дұрыс ұйымдастырылған нақты мақсатты сабақтар өткізу, сабақ әдістерін жетілдіру нәтижесінде терең де нақты түрде адамның табиғаттағы рөлін ашып көрсетіп, экологиялық мәдениеті мен сауаттылығын арттырып, өз өмірлеріне сауаттылықпен қарауды жолға қоюға болады. Сонымен қатар биология сабағында зертханалық жұмыстар жасау арқылы – оқушылардың танымдық қабілеттерінің дамуына ойын жинақтауда сонымен қатар, өз бетінше іздеп жаңа білімді игеруге ықпал жасайды.

Практикалық жұмыстың құндылығы сол оқу тәрбиелік маңызы ерекше, себебі жұмысты орындау барысындағы мақсатқа жету, міндетті шешу үшін оқушы өзінің алған теориялық білімін іске асырады, біліктілік механикалық түрде дамымай алған білімге сүйенеді. Сондықтан бұл жағдайдағы практикалық жұмыс білімнің көзі болады. Ресурстық орталықтарда практикалық жұмыс тіптен жоғары сыныптардың өзінде де «өзбетілік зерттеуге» айналуы мүмкін емес. Оқушының өзбетілік еркіндігін дамыту біртіндеп жүруі керек. Ол оқушының практикалық жұмысты орындай алу біліктілігінің дамуы барысында мұғалімнің басшылығымен жұмысты жеке процестерге жіктеп, әр оқушының қолына нұсқау – тапсырма беріледі. Дұрыс өткізілген практикалық жұмыс оқушыларды біраз логикалық операцияларды жасауға мәжбүр етеді.

Қорытынды. Биологияны оқытудың практикасында зерттеу әдісін қолдану, зертханалық сабақтардың жүргізілуі эксперименталды сипаттағы биологиялық білімнің қалыптасуына және оқушылардың өз бетінше жұмыс жасауына оң ықпал етеді. Қазіргі уақытта биологияны оқыту әдістемесінде зертханалық жұмыстарды ұйымдастырудың анағұрлым тиімді түрлері қарастырылған. Олар оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін активациялауға, ізденіс шығармашылығын, оқытудың дамытушылық функциясы жүзеге асыруға ықпалын тигізеді.

Теориялық сұрақтарды анализдеу және биология мұғалімдерінің жұмыс тәжірибесі биология пәнінен эксперименттік жұмыстарды жүргізудің дәстүрлі әдістемесінің келесі көптеген кемшіліктерін:

– сабақтардағы оқушылардың танымдық шығармашылығы, орындаушылық міндетін ғана атқарады;

– оқушыларға өз бетінше зертханалық жұмыстарды орындату, биологиядан алған білімдерін бекіту үшін және жаңа білімді меңгеру үшін аздап қолданылады;

– жұмыстарды орындағанда оқушылардың жеке қасиеттері жете есепке алынбайды деп атап көрсетті.

Әр кезеңнің өзінің даму бағыттары болғандықтан жалпы білім беретін мектептердің қалыптасуы және дамуы процесінде әр периодта биологияны оқытуда әр түрлі биологиялық зертханалық жұмыстарды

қолдануға көп көңіл бөлінген. Сол сияқты қазіргі заман талабы тек бір жақты жұмыстың болуын қажет етпейді. Себебі техниканың дамуы, инновациялық жаңа оқыту технологиялардың пайда болуы зертханалық-практикалық сабақтардың заманға сай жабдықталуы мен оқытылуын талап етеді.

Оқушылардың жаңа көзқараста тәрбиеленуі мектеп қабырғасынан басталатындықтан онда өтілген әрбір сабақтың мазмұны мен техникалық жабдықталуына жете мән берген дұрыс. Ал биологиядан іскерлікпен дағдыны қалыптастыратын бұл зертханалық жұмыстар болып саналады. Қандай әдіс қолданылсын олардың түптамасы бір-бірімен тығыз байланысты. Жұмыста ұсынылған виртуалды түрдегі практикалық сабақ тек алынған білім, білік пен дағдыны қалыптастырудың жаңа бағыты ретінде практикалық шығармашылықтың қорытындысы ретінде, іскерлік пен дағдының қалыптасуына мол септігін тигізеді.

Биологиялық тәжірибелерді оқытуда әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып өткізілген сабақтардың жеке тұлғаны дамытуға, оқушы тілімен жетілдіруге, биологияға қызығушылықты оятуға, оның қыр-сырын білуге талпыныс оятады. Сонымен қатар, оқушының алған теориялық білімін практикамен байланыстырған кезде ғана ол оқушыны түсінді деп айтуға болады.

Әдебиеттер

1. Биология пәнінен зертханалық және практикалық сабақтарды өткізу Әдістемелік құрал.
2. Әлиева Б. Оқыту стратегиялары. Биология және салауаттық негізі.
3. Мырзабаев А.Б. Биологияны оқыту әдістемесі: Оқу құралы.
4. Мырзабаев А.Б. Оқушылар шығармашылығын дамыту.
5. Дубанов Н. Сабақта зертханалық жұмыстарды өткізу мәселесі // Биология мектепте. – Алматы: Дәуір. – 2004. – №6. – 40–43 б.
6. Абуталиева Д. Зертханалық жұмыстар – көрнекілік құрал // Биология мектепте. – Алматы: Дәуір. – 2005. – №1. – 45–49 б.
7. Ниязалиева А. Қызықты биологиялық тәжірибелер // Биология мектепте. – Алматы: Дәуір. – 2005. – №2. – 74–79 б.
8. Тұрғыналиева Б. Биологиялық тәжірибелер – тиянақты білім көзі: Биология, география және биология. – Алматы: Кітап. – 2002. – №5. – 21–24 б.
9. Бұзаубақова Қ.Ж. Жаңа педагогикалық технология. – Тараз: ТарМУ, 2003.
10. Байжанов М. Педагогикалық инновация және оқытудың қазіргі технологиялары. – Қызылорда, 2000.
11. Баженова И.Н. Педагогикалық ізденіс. – Алматы, 1990.
12. Биологиялық эксперимент және салауаттылық // Биология Қазақстан мектебінде. – Алматы. – 2006. – №4. – 48–49 б.
13. Жалпы білім беретін орта мектептің оқу үрдісінде алдыңғы технологияларды жетілдіру // Халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференция материалдары. Абай атындағы ҚазҰПУ. – Алматы, 2008. – 131–134 б.
14. Верховский В.Н., Смирнов А.Д. Техника химического эксперимента: Пособие для учителей. – Т. I. Изд. 7-ое, перераб. – М.: Просвещение, 1973. – 368 с.
15. Шоқыбаев Ж., Қаражанова Д., Ниетбаева Ф. Оқушы үлгеріміне эксперименттің әсері // Биология мектепте. – Алматы: Дәуір. – 2010. – №1. – 40-

Ю.И. Олейник

магистрант Павлодарского государственного

педагогического университета, г. Павлодар

Научный руководитель: канд. биол. наук, доцент Н.П. Корогод

РАЗРАБОТКА УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ ЗАНЯТИЙ ПО БИОЛОГИИ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕННОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЫ

Опытно-экспериментальная база исследования: исследование проводилось на базе НИШ ХБН г. Павлодар. В исследовании участвовали учащиеся 7 и 9 классов, в составе 12 и 7 человек соответственно.

Исследование проводилось в три этапа:

Первый этап: постановочный – выбор и осмысление темы. Изучение психолого-педагогической литературы, постановка проблемы, формулировка цели, предмета, объекта, задач исследования, постановка гипотезы.

Второй этап: собственно-исследовательский – разработка комплекса мероприятий и их проведение, обработка полученных результатов, проверка гипотезы.

Третий этап: интерпретационный – обработка и систематизация материала.

Для выбора оптимальных способов проведения педагогического эксперимента в условиях школы была проанализирована психолого-педагогическая и методическая литература, составлена оптимальная классификация натуральных средств наглядности, выяснены методические основы их использования в обучении биологии. Затем мы перешли к постановке педагогического эксперимента, который проводился на базе Назарбаев Интеллектуальной школы химико-биологического направления г. Павлодар в 2019–2020 учебном году в период с 10.02.2020 по 13.03.2020. Эксперимент состоял из двух этапов: констатирующего и обучающего.

В ходе констатирующего исследования нами изучалось отношение

учителей и учащихся в определении значения использования естественнонаучных музейных пособий в процессе обучения биологии. Здесь нами было проведено анкетирование учителей и учеников 7 и 9 классов НИШ ХБН г. Павлодар и города Павлодар, была изучена так же материальная база кабинетов биологии на наличие естественнонаучных музейных объектов, посещены, проведены и проанализированы уроки биологии.

В 7 и 9 классах проводилось исследование по выявлению эффективности использования естественнонаучных музейных коллекций на уроках биологии.

В результате констатирующего эксперимента были опрошены учителя биологии с педагогическим стажем от 3 до 30 лет. Все опрошенные нами учителя работают по обновленной программе. В ходе анкетирования было выяснено, что на уроках биологии преобладают словесно-наглядные методы обучения. В период увлечения новыми техническими средствами, работа с естественнонаучными музейными коллекциями ослаблена.

Анкетирование учащихся показало, что подавляющее количество учащихся увлечены биологией, и они часто используют естественнонаучные музейные коллекции на уроках при подготовке ответов.

Нами было изучено состояние материальной базы кабинетов биологии ХБН НИШ г. Павлодар. Изучив, мы сделали вывод, что кабинеты хорошо оснащены средствами натуральной наглядности.

-торой этап исследования-обучающий эксперимент, проводился в 7 и 9 классах при изучении следующих разделов: «7.3Е Движение» и «9.3Е Эволюционное развитие».

В 7 классе экспериментальное обучение шло по разделу «Движение», по обновленной программе на нее выделено 4 часа, при объяснении материала использовались влажные препараты, комнатные цветы, остеологические коллекции. Так же обновленной программой не предусмотрено лабораторных работ.

В 9 классе экспериментально обучение шло по разделу «Эволюционное учение», по обновленной программе на этот раздел предусмотрено 4 часа, нами использовались естественнонаучные музейные коллекции при объяснении нового материала, при опросах может использовать коллекции семян и плодов, гербарии, чучела животных, влажные препараты животных и растений. Программой предусмотрено моделирование «Изучение адаптации как результат естественного отбора (бабочка)». Здесь нами применялись срезы древесины, а именно березы.

При изучении данных разделов в 7 и 9 классах можно использовать натуральные объекты практически на каждом уроке.

В ходе проведения обучающего эксперимента использовались контрольные срезы, которые рассчитывали по формуле А.А. Кыверялга: $Kз = a/n$, где $Kз$ – коэффициент уровня сформированности знаний

учащихся, a – количество правильных ответов; n – общее количество вопросов.

В.П. Беспально удалось установить, что K усвоения материала, если он в пределах: $0 < K_u < 0,7$, то материал считается усвоенным. Нами для оценки реальных знаний учащихся был проведен СОР по разделам: «Выделение» в 7 классе и «Рост и развитие» в 9 классе.

Экспериментальное обучение подтвердило, что использование естественнонаучных музейных коллекций при организации различных видов деятельности учащихся на разных этапах урока, способствует лучшему усвоению знаний учащимися.

Так если фоновый срез, он же контрольный, K усвоения материала составляло лишь: в 7 классе 0,63, итоговый срез показал 0,8; в 9 классе 0,67, а итоговый 0,85.

Таким образом, при эффективном использовании естественнонаучных музейных коллекций на уроках биологии, кроме предметных, формируются такие компетенции учеников как: управленческие, информационные, социальные, личностные, гражданские, технологические.

Проведенный анализ итоговых результатов, полученных в ходе эксперимента, свидетельствует о том, что при изучении с учащимися ряда тем школьной программы по биологии более эффективно (по сравнению с традиционными методами ведения занятий) использование естественнонаучных музейных коллекций. Опыт работы в школе, полученный на педагогической практике и полученные экспериментальные данные позволяют сделать вывод о целесообразности использования возможностей естественнонаучных музейных коллекций, в первую очередь, для обучения учащихся 7 классов, у которых, по мнению психологов, преобладает наглядно-образное мышление, в отличие от учащихся старших классов, для которых характерно абстрактно-логическое мышление. Тем не менее, методически грамотное использование составных естественнонаучных коллекций и их экспозиций, в зависимости от конкретных тем занятий и в сочетании с другими способами ведения учебной работы, позволяет учителю биологии получать максимально достижимый результат при обучении естественным дисциплинам всех возрастных категорий учащихся.

Литература

1. Райков Б.Е. Естественноисторическое образование в XVIII век // Райков Б.Е. Пути и методы натуралистического просвещения. – М.: изд. АПН РСФСР, 1960. – С. 9-34.
2. Райков Б.Е. Андрей Теряев – педагог-натуралист начала XIX века // Райков Б.Е. Пути и методы натуралистического просвещения. – М.: изд. АПН РСФСР, 1960. – С. 68-80.
3. Шаповаленко С.Г. Система средств наглядности для преподавания биологии. – М.: Просвещение, 1983.
4. Пуган Н.А. Использование натуральных объектов при обучении биологии: метод. пособие. – М.: Владос, 2003. – 289 с.

ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕОГРАФИЯ

С.Б. Айтмагамбетова

оқушы, Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.

Ғылыми жетекші: А.Л. Касамбаева

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕР КАРТАСЫНА ЕНГЕН ЕКІБАСТҰЗ АУМАҒЫНДАҒЫ ОРЫНДАРЫНЫҢ ТУРИСТТІК ӘЛЕУЕТІ

Елімізде туризмді дамыту – мемлекеттік саясаттың басым бағыты. Туризмді дамыту арқылы Қазақстанның экономикалық жағдайын жақсартып, бірқатар әлеуметтік мәселелерді шешуге болатыны да белгілі. Қазақстанда туризмді дамыту үшін барлық қажетті мәдени, тарихи, географиялық және климаттық жағдайлар жеткілікті. Тәуелсіздік алған соң мәдени және тарихи құндылықтарды жаңартуға бағытталған бұл саланы дамытуға алғышарттар жасалды [1].

Өлеңті жазулары – алғашқы қауымның тауға қашалып салынған тау өнерінің ескерткіші. Екібастұз қаласының Тай ауылынан 15 км. шығысына қарай, Өлеңті өзенінің оң жақ тік жарының бауырайында орналасқан.

1972 жылы геолог О. Модеммен табылған, 1988–2007 жылдары бірнеше рет павлодарлық ғалым В.К. Мерц бастаған археологиялық экспедициясымен зерттелген. 2005 жылы ескерткіш А.Х. Марғұлан атындағы Археологиялық институтының мамандарымен зерттелді. Он жеті ірі құмдақта елуден аса жануарлардың суреттері – бұқалар, жылқылар, бұғылар, түйелер, жыртқық мысықтар, сонымен қатар, антропоморфты бейнелер мен аң аулаудың көріністері табылды. Барлық суреттер 0,5–0,7 см. дейін тереңдігімен бедерлі сызықтарды сызу техникасымен орындалған. Оларды хронологиялық үш негізгі кезеңге бөлуге болады: энеолит, қола дәуірі және ежелгі темір ғасыры.

Ақбидайық жартас суреттері – Павлодар облысы Екібастұз ауданы Майқайың станциясынан оңтүстікке қарай 3 км қашықтықта, Ақбидайық шатқалында орналасқан. Суреттер қызыл түсті қабықпен қапталған палеогенді құмдақтардың желденген тегіс бетінде орындалған.

Би ырғағында қол аяқтары қозғалыстағы адамдар бейнеленген мүсіндер ең ежелгі суреттер болып табылады. Суреттер неолит дәуіріне жатады. Мұнда негізгі кейіпкер – бұғы мен басқа да жануарлардың сүйемелдеуімен жылқының бейнесі.

Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың 2017 жылдың 12 сәуіріндегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында анықталған Павлодар облысының киелі жерлер

картасына Екібастұз аумағынан енген алғашқы объект – Әуликөл кешені.

Бұл кешенде археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген. Қазақстан археология мектебінің негізін салушы, ғылымның көптеген салалары: этнография, тарих, шығыстанушы, әдебиеттану, өнертану, бойынша көрнекті қайраткер, филология ғылымдарының докторы, Бүкілодақтық География қоғамының толық мүшесі, Қазақ ССР-ға академигі, профессор, Қазақ ССР ғылымының еңбек сіңірген қызметкері Әлкей Хақанұлы Марғұланның ізін басып келе жатқан бүгінгінің археолог мамандары осы жерге қазба жұмыстарын жүргізді [1].

Әуликөл кешені, Өленті жазулары, Ақбидайық петроглифтері арасында маршрут жүргізу

Зерттеу маршруты Екібастұз қаласынан бастау алды. Өйткені алға қойылып отырған шешуін табатын мәселе – ол киелі орындарға баратын маршрут ұйымдастыру. Маршруттық көлік болмағандықтан, біз өз күшімізбен жеңіл автокөлікпен жетуге мәжбүр болдық. Сондықтан маршрутымыз Екібастұз қаласынан басталды.

Ақкөл ауылына дейін баратын грейдер жолдың жағдайы өте нашар екендігіне көзіміз жетті. Әсіресе көктем мен жаздың жаңбырлы күндерінде ми-батпақтан аяғыңызды алып жүре алмайды екенсіз. Ал жолдың жайы мұндай жағдайда тұрғанда біз киелі орындарды насихаттап, өңірлік туризмді дамыту мәселесін алға жылжыта алмасымыз анық.

Сондықтан осы бағыттағы автокөлік жолын жөндеп, қалпына келтіру керек екені аңғарылады. Аңызға айналған ұлы адамдар өмір сүрген өңірге саяхаттап, аруақтардың басына дұға бағыштай келушілердің қатары алдағы уақытта көбейетіні анық. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Сакралды Қазақстан» ғылыми орталығы құрылып, әр өңірдің киелі жерлері мен тарихи орындары анықталғандығын айтып кеткен болатынбыз. Міне, осы Ақкөл-Жайылма атырабында республикалық картаға енген екі объект бар, ол: Исабек ишан кесенесі, Ақкөл-Жайылма мекені [2].

Екібастұз қаласынан шығып, Ақкөл территориясына жете бергенде жол екіге айрылады, яғни оң беттегі жол Ақкөл ауылына және Исабек ишан мазарына апарса, сол жақтағы жол айрығы Екібастұз ауылдық округының тарихи ескерткіштері орналасқан Қаражар және Өленті ауылдарына жеткізеді.

Павлодар облысының киелі жерлер картасына енген үш объектің екеуі: Әуликөл кешені және Өленті жазбалары осы Ақкөл-Жайылма жерінде орналасқан. Үшінші объект Екібастұз аумағына қарасты Майқайын станциясынан 3 км қашықтық жерде.

Екібастұз қаласының Тай ауылынан 15 км. шығысына қарай, Өленті өзенінің оң жақ тік жарының бауырайында орналасқан Өленті жазулары – алғашқы қауымның тауға қашалып салынған тау өнерінің ескерткіші.

1972 жылы геолог О. Модеммен табылған, 1988–2007 жылдары бірнеше рет павлодарлық ғалым В.К. Мерц бастаған археологиялық экспедициясымен зерттелгендігін, 2005 жылы ескерткіш А.Х. Марғұлан атындағы Археологиялық институтының мамандарымен зерттелгендігін бірінші тарауда айтып кеткен болатынбыз. Міне фотосуреттерде көрсетілгендей жартас тастарында аң суреттері бейнеленген.

Осындай тасқа қашалып салынған ескерткіштер Павлодар облысы Екібастұз ауданы Майқайың станциясынан оңтүстікке қарай 3 км қашықтықта орналасқан Ақбидайық жартас суреттері бар. Суреттер қызыл түсті қабықпен қапталған палеогенді құмдақтардың желденген тегіс бетінде орындалған. Осындай тарихи мәні бар киелі орындарға экскурсияны көбіне Екібастұз қаласы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі Екібастұз тарихи-өлкетану музейімен бірлесе ұйымдастырылады [3].

Әуликөл қалашығы – Екібастұз аумағына жататын Қаражар ауылының шетінде орналасқан археологиялық қазба жұмыстар кешені. Қаражарға жолай Ақкөл жерінің тағы бір киелі орны, жолаушылардың сеніп, бата-тілек тілейтін жері – Әулие тасқа соқтық.

Жайылмалы Ақкөл жері көлге бай. Тоғыз көлді тоғыстыран кең байтақ қазақ жері. Әнші, композитор, ақын Естай Беркімбаевтың туған жері Қаражар ауылы екені баршамызға мәлім.

«Павлодар облысының киелі жерлер картасына енген Екібастұз ауданындағы орындардың туристік әлеуеті» атты ғылыми жобаның туристтерге арналған маршруттық бағдарламасы

1 күн	<p>Қонақтарды күтіп алу. Қаладан шетелдік қонақтарды күтіп алады. Сосын автобустар арқылы туристтер тұрақтайтын орынға жеткізіледі.</p> <p>Қонақ үйге орналастыру.</p> <p>Түскі ас ішу</p> <p>Тоғыз көлді тоғыстырған хандар мекені Ақкөл-жайылмасымен танысу. Естай Беркімбайұлының кіндік қаны тамған Қаражар ауылы мен оған арналып көтерілген таспен таныстыру. Бәкібай ұлы Рахметиланның ұрпағынан Әулие Түйте-Тәуіпке тағзым ретінде көтерілген Әулиетасқа апару.</p> <p>Кешкі ас ішу.</p>
2 күн	<p>Қонақ үйде таңғы ас.</p> <p>Қаражар ауылының шетінде жүргізілген қазба орындарына бару. Ақкөл-жайылма өңірінен табылған балбал тастар, ескерткіштер, тасқа қашап салынған бейнелер мен бұл жерде өмір сүрген әйгілі бабаларымыз жайлы деректер шоғырлану барысында салынған «Ақкөл-жайылма тарихи-өлкетану» мұражайына бару.</p> <p>Түскі ас ішу.</p> <p>Алғашқы қауымдық жартасқа қашап салу өнерінің ескерткіштері Екібастұз қаласы Тай ауылындағы Өленті өзеніндегі тік жардың оң жағында орналасқан, 1972 жылы геолог Моол тапқан Өленті жазбаларына бару.</p> <p>Павлодар облысы Екібастұз ауданы Майқайың станциясынан оңтүстікке қарай 3 км қашықтықта орналасқан тастарға қызыл түсті қабықпен қапталған палеогенді құмдақтардың желденген тегіс бетінде орындалған тастарға бару</p> <p>Кешкі ас ішу</p>

3 күн	<ul style="list-style-type: none"> • Қонақ үйде таңғы ас ішу. • Ақкөл-Жайылма атырабында республикалық картаға енген нысандардың бірі Исабек Ишанның кесенелі кешеніне бару. • Түскі ас Исабек Ишанның кесенелі кешенінде беріледі. • Исабек ишанға арналған «Исабек ишан хазірет музейіне» бару. • Кешке қарай тұрақтайтын орынға қайтып, сонда кешкі ас ішу.
-------	---

Ортағасырлық ескерткіштер бойынша туризм бағытын дамыту мәселесі

Тереңірек танысқан нысанымыз – Әуликөл кешені Қаражар ауылынан 2 км қашықтықта ауыл зиратының жанында орналасқан екен. Қазба жұмыстарының орнына қарасаң, екі шеңбер тәріздес қазылған жер және төртбұрышты етіліп қазылған шаршы аймақтар байқалады. Теориялық бөлімде айтып кеткендей, бұл жерде тұрғын үй, шеберхана, оны ішінде пеш табылған. Қазылған шаршы аумақ төрт бөлікке бөлінген.

Ортағасырлық ескерткіштерді іздеу барысы бізді Екібастұз қаласының Екібастұз тарихи-өлкетану музейіне әкелді. Тарихи-мәдени құндылықты сақтайтын бірден-бір орта болғандықтан, осы мәдениет ошағына келуді жөн көрдік. Музейден зерттеу жұмысының тақырыбына қатысты мәліметтерді таба алдық. Музейдің экспозициялық залдарында Әуликөлдегі қазба жұмыстары жайлы мәлімет, онда табылған тас кірпіштің қалдықтары, көк бояуы бар сәнді тақтайшаны (плитка) кездестіруге болатындығына көз жеткіздік. Сонымен қатар, музей қорында да сол археологиялық қазбадан әкелінген тастар бар екендігін білдік [4].

Ортағасырлық ескерткіштерді абаттандыру жағына келетін болсақ, қазіргі таңда жағдай жасалмаған. Ол жерге келушілер санын арттыру мәселесі де аса маз емес десек болады. Сондықтан мысалға соңғы төрт жылды санаққа алып көрдік. Санаққа алынан 2015-2018 жылдары келушілер санының көрсеткіші жоқ деуге келмейді, дегенмен аса көп емес. Оны төмендегі диаграммадан көруге болады. Алда туристік бағыт дами түссе келушілер мен қызығушылық танытқандар саны өсе түседі деген сенімдеміз.

Сонымен қатар, қала тұрғындарының ескі, тарихи орындарға саяхат жасау көзқарасымен танысып, пікірлерін айқындау мақсатында тұрғындар арасында тақырыпқа байланысты сауалнама жүргізілген еді. Оның нәтижесін төменнен көре аласыздар.

Әдебиеттер

1. Ақкөл-Жайылма хандар мекені [Тарих беттерінен] Астана ақшамы – 2014, 27 мамыр.
2. Артықбаев Ж.О., Ерманов А.Ж., Жанисов А.Т. Позднее средневековье Павлодарского Прииртышья.
4. Қадырова Ж. Қаражардағы тарихи жәдігерлер – бабалар болмысының айғағы // Облыстық «Сарыарқа самалы» газеті. – 05.08.2010.

Д.А. Ахмедеева

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.

Ғылыми жетекші: М.К. Омаров

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНДА ЖЕР РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ГЕОЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ғылыми – техникалық прогресс, адам қызметінің қоршаған ортаға әсерінің ауқымдылығы, халық санының өсуі және осыған байланысты азық-түлік пен ауыл шаруашылығы шикізатына қажеттіліктің артуы жер ресурстарын пайдаланудың ұзақ мерзімді болжамдарын әзірлеу қажеттілігін тудырады. Ауыл шаруашылығы алқаптарының жалпы өсуі кезінде жалпы республика бойынша жан басына шаққанда олардың ауданы азаяды. Егер республика бойынша орташа есеппен халықтың жан басына шаққандағы егістік көлемі бір жыл ішінде шамамен 0,01 га, Қазақстанда– 0,03 га азайса, Павлодар облысында бұл көрсеткіш 0,05-0,06 га-ға анықталады. [7]

Жер ресурстарын пайдалану оның көпжарлығы мен күрделілігіне байланысты жерді пайдалануды жоспарлаудың мазмұны мен әдістерін түсіну кешенді проблема болып табылады. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында жердің құнарлылығын қорғау және арттыру, халық шаруашылығы салалары арасында оларды дұрыс бөлудің нақты іс-шараларының неғұрлым жетілдірілген жүйесін әзірлеу қажет. Жоспарлау – жер ресурстарын пайдалану мақсаттары үшін жарамды жаңа әдістерді іздеу, аймақтық табиғи және экономикалық жағдайларды ескере отырып, әкімшілік – аумақтық бөліністің әртүрлі деңгейлерінде ауыл шаруашылығы айналымына тарту үшін тың игеру резервтерін анықтау – үлкен ғылыми және практикалық мәнге ие болады.

Зерттеу жұмыстың мақсаты: Павлодар облысының жер ресурстарының пайдаланылу деңгейін зерттеу және геоэкологиялық жағдайын қарастыру.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

- Павлодар облысының географиялық сипаттамасына тоқталу;
- Аймақтың экономикалық, физикалық-географиялық жағдайына сипаттама беру;
- Облыс аумағының жалпы жер ресурстарын анықтау;
- Павлодар облысы аумағындағы жер ресурстарының пайдаланылу деңгейін зерттеу;
- Павлодар облысында жер ресурстарын пайдаланудың геоэкологиялық мәселелерін анықтау.

Зерттеу жұмыстың нысаны: Павлодар облысының жер ресурстары мен геоэкологиялық жағдайы.

Зерттеу жұмыстың жаңалығы: жер ресурстарын пайдалануды болжаудың, жерді мемлекеттік есепке алудың теориялық және әдістеме-

лік мәселелерін жетілдіруден, жерді пайдалану, ауыл шаруашылық аймақтандыру бойынша жобалық құжаттамалардың өзара байланысынан тұрады. Павлодар облысында алғаш рет ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану деңгейін арттыру жөніндегі іс-шаралар кешені құрылды.

Зерттеу жұмыстың деректік көзін: мерзімді баспасөз бен ғылыми мәліметтер, интернет желісінен алынған ақпараттар құрады.

Зерттеу жұмыс құрылымы мен көлемі: зерттеу жұмыс кіріспе, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Кіріспе бөлімінде тақырыптың өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, сондай-ақ зерттеу жұмысының нысаны, теориялық және методологиялық негізі, ғылыми жаңалықтары жазылған. Бірінші бөлімде Павлодар облысының экологиялық, физикалық-географиялық жағдайына сипаттама жасалып, жалпы облыс бойынша жер ресурстары қарастырылған. Екінше бөлімде Павлодар облысының жер ресурстарының пайдаланылу деңгейі зерттеліп, геоэкологиялық мәселелері анықталған.

Шаруашылық салаларын дамыту үшін лимиттеуші факторлар – облыс аумағының егістікке жарамды жерлермен, су ресурстарымен біркелкі емес қамтамасыз етілуі, құрғақшылық континенттік климат, қолайсыз табиғи процестер, аумақтың шөлейттенуінің табиғи процестеріне ұшырауы, сондай-ақ орман ресурстарымен, минералдық шикізаттың кейбір түрлерімен әлсіз қамтамасыз етілуі болып табылады [5, с.15].

Павлодар облысының климаты шұғыл континенталды құрғақ дала зонасында орналасқан, облысқа тән сипаттама: көктемгі-жазғы кезеңнің құрғақтығы, жаз айларында жоғары және қыс айларында төмен температуралардың ауысуы, жылдық атмосфералық жауын-шашынның жеткіліксіз және тұрақсыз саны, жыл бойы жел екпінінің айтарлықтай артуы. Қыс мезгілінде суық және аязды ауа райын түзейтін Сібір антициклонының әсері күшті болса, жаз мезгілінде ыстық және құрғақ ауа, қуаншылық пен қарадауыл әкелетін Тұран жазығының ауа массасының әкелетін әсерімен ерекшеленеді. [3, с. 60]

Жалпы Павлодар облысының климаты адамның өмірі мен қызметіне өте қолайлы. Бірақ ауыл шаруашылығы өндірісін қиындататын климаттың кейбір ерекшеліктері әртүрлі агротехникалық іс-шараларды жүргізуді талап етеді. Ұзақ және қатал қыс мезгілі халықты және кәсіпорындарды жылумен қамтамасыз ету шығындарын арттырады.

Павлодар қаласының атмосфералық ауасын ластаушылардың ерекшелігі олардың көп компоненттілігі болып табылады. Ауаның құрамына салыстырмалы аз концентрацияға қарамастан, бірлескен әсер етуі және экологиялық тепе-теңдік үшін елеулі салдарлардың көзі болуы мүмкін көптеген химиялық заттар кіреді. Сондықтан біз үшін ауаның химиялық құрамын анықтау өте маңызды. Осы мақсатта қар жамылғысының сынамасын химанализге іріктеу жүргізілді, онда ауаны ластаушылардың құрамына кіретін 24 химиялық элемент анықталды, олардың басым-

дылығы сынап, алюминий, марганец, қорғасын, мырыш, фтор болып табылады. Қолда бар материалдарды талдай отырып, халықтың денсаулығына әсер ету тұрғысынан ластанудың басты көздері жеке және қалалық көлік, ЖЭО – 1,2,3, Павлодарлық алюминий, химия, мұнай өңдеу зауыттары болып табылатыны туралы қорытындыға келді.[7]

Агроклиматтық жағдайда Павлодар облысы төрт зонаға бөлінеді: құрғақ және орташа жылы, құрғақ жылы, өте құрғақ және сорғыған (1-кесте).

1-кесте. Павлодар облысының аудандары бойынша агроклиматтық аймақтарға бөлінуі

Аймақтар	Гидротермиялық коэффициенті	Белсендітемпературалардың сомасы, °С	Аймаққа кіретін әкімшілік аудандар
Құрғақ және орташа жылы	0,8-0,9	2100-2200	Железин ауданының солт.
Құрғақ жылы	0,7-0,9	2200-2350	Железин ауданының оңт., Қашыр мен Ертіс аудандарының солт.
Өте құрғақ	0,5-0,7	2300-2500	Ертіс, Ақтоғай, Қашыр, Успен, Шарбақты, Павлодар, Баянауыл, Лебяжі ауд. солт., Май аудандарының батыс, Ақсу және Екібастұз қалаларының ауылдық аймақтары
Сорғыған жылы	0,4-0,5	2400-2500	Лебяжі, Май, Павлодар ауд. оңт., Ақсу қаласының оңт. Ауылдық аймағы

Қорыта келе, біздің көзқарасымызша, геоэкология – адамның табиғи (табиғат) ортасын оның алғашқы түрінде емес, қазіргі уақытта қандай түрде, яғни барлық жеке географиялық қабықшаларға ұшыраған деформацияларды, сондай-ақ биосфера мен адамның шаруашылық қызметінің нәтижесінде ландшафтық қабықшаны зерттейтін география мен экологияның түйіскен бағыты.

Құнарлы топырағы бар аумақтар қазіргі кезде агроландшафттарға айналған, соның нәтижесінде бірқатар геоэкологиялық проблемалар пайда болады. Бұл проблемаларды шешу үшін ауыл шаруашылығы агроландшафттардың жүктемесін зерттеу және бағалау қажет, нәтижесінде бұл олардың жай-күйін жақсартуға немесе оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Егіншілік немесе мал шаруашылығын жүргізудің кез келген жүйесі экологиялық және экономикалық негізделуі және жергілікті агроклиматтық жағдайлармен айқындалатын топырақ құнарлылығын арттыруға, сондай-ақ агроландшафттың жағдайын жақсартуға бағытталған топырақ-мелиоративтік іс-шаралар кешенін қамтуы тиіс.

Әдебиеттер

1. Кузнецова З.В. Павлодарская область (экономико-географическая характеристика). – Алма-Ата, 1958.
2. Смайлов С.Ш.-А., Омаров М.К. Геоэкология степного Прииртышья (Павлодарская область). – Павлодар, 2017.
3. Смайлов С.Ш.-А. Геоэкологические последствия природопользования в степном регионе (на примере Павлодарской области) / С.Ш.-А. Смайлов // Региональные исследования. 2013 №3 (41).
4. Альмишев У.Х., Царегородцева А.Г., Сапаров К.Т., Смайлов С.Ш., Айтеленов Р.С., Уракбаева А.З., Рамазанова А.Г. Геоэкология Павлодарской области. – Павлодар, 2002.
5. Братков В.В., Овдиенко Н.И. Геоэкология. – Алматы, 2014.
6. Галаева И.Ф., Гуляко З.Н., Кравец Л.П., Первухина Л.П., Соколкин Э.Д., Чуб М.И. География Павлодарской области. – Павлодар, 1996.
7. https://kk.wikipedia.org/wiki/Павлодар_облысы#Павлодар_облысының_табиғат_және_табиғи_ресурстары
8. <https://pavlodar.gov.kz/category/ob-oblasti/selskoe-hozyaistvo/>

Д.М. Бәкен

*Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.
Ғылыми жетекшісі: М.К. Омаров*

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ КИЕЛІ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕ ҚОРҒАУҒА АЛЫНҒАН ЖЕРЛЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Туған жеріміздегі киелі сакральды орындар, кесене, қорым, ұлттық саябақ, көне тарихи орындардың қаншалықты маңыздылығын өскелен ұрпаққа міндеті екенін ұғынуға, экологиялық білімді және мәдениетті болуға үйрену. Өлкетану және география сабақтарына оқыту курстарында қолдану.

Жергілікті тұрғындарды Павлодар облысындағы киелі орындар тізімімен таныстыру. Өз өлкесіне, еліне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру.

Туған өлкенің сакральды географиясы әсіресе көне тарихи орындар мен киелі жерлерді өлкетану курстарында зерттеу қазіргі уақытта маңызы жоғары. Атаулы зерттеулер тарихи және географиялық әртүрлілікті тануға, баулу үшін де қажет. Оқушылар аймағымыздың киелі орындарының және сол жердің ресурстарына жаңашырлықпен қарауға, табиғат қорғау шараларын ұйымдастыруға, Патриоттық бағыттағы Павлодар облысының сакральды орындарына деген сүйіспеншілігін тәрбиелеуге ықпал етеді.

Павлодар Ертіс өңірінің бай тарихы бар. Бұл жерлерде көп ғасырлар бұрын тайпалар тұрған, олар кейін тұрғын үй қалдықтары, ғибадат ғимараттары және Қазақстан тарихы үшін маңызды артефактілер түрінде үлкен мәдени мұра қалдырды. Бүгін алдындағы ғалымдардың міндеті

тұр зерттеп, дұрыс интерпретациялау үшін барлық деректер жиналған археологиялық қазба жұмыстары кезінде осы аумақта. Бұл қызықты және бір мезгілде күрделі жұмыспен Павлодар облысында ежелгі дәуірді зерттеу бойынша арнайы құрылған ғылыми орталық айналысады. «Margulan Centre» Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің базасында өз жұмысын жүргізеді.

Қазақстанның киелі географиясы» арнайы жобасы аясында «Margulan Centre» ғалымдары облыстың киелі нысандары туралы барлық ақпаратты анықтап, жүйелейді, тарихи-этнографиялық, археологиялық экспедициялар ұйымдастырады. Сондай-ақ, олардың ғылыми қолдауымен өңірде барлық қажетті инфрақұрылым құрылуда, жаңа туристік бағыттар салынуда.

Бүгінгі таңда аймақтың киелі картасына енген нысандарды екі топқа бөлуге болады. Бірінші топқа республикалық, жалпыұлттық маңызы бар жеті маңызды нысан кірді, олар: Қоңыр әулие үңгірі, Жасыбай батыр зираты, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің кесенесі, Ақкелін тарихи-мемориалдық кешені: Баянауыл ауданы – М. Шорманов кесенесі мен кесенесі, Әуликөл археологиялық кешені, Исабек ишан Хазрет кесенесі – Екібастұз аймағы, Павлодар қаласының шегінде орналасқан Сұлтанбет сұлтан кесенесі. Екінші топқа аймақтық деңгейдегі киелі нысандар кірді, қазір ғалымдар 36 тарихи ескерткішті белгіледі. Алайда, Павлодар тарихшыларының айтуынша, бұл соңғы тізім емес, жыл сайын Павлодар Ертіс өңірінің картасында жаңа сакралды ескерткіштер пайда болады.

Ғалымдар Павлодар облысының Баянауыл ауданында аса қасиетті нысандардың шоғырланғанын атап өтті. Бұл ежелгі кезеңдегі адамдардың тіршілік әрекеті үшін қолайлы табиғи жағдайларға байланысты.

«Осы аумақтағы халықтың едәуір санының шоғырлануы оның ірі әскери-саяси іс-шаралардағы рөлін, дәстүрлер мен наным-сенімдерге сәйкес діни-салттық іс-әрекеттерді жүзеге асырудағы рөлін анықтады. Бүгінгі таңда аталмыш аймақ тарихи-мәдени туризмді дамыту үшін үлкен перспективаға ие», - деп атап өтті Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің «Рухани жаңғыру» ғылыми-зерттеу зертханасының меңгерушісі Еңлік Әбеуова.

Қасиетті нысандардың пайда болу тарихы ежелгі дәуірге терең бойлап, ежелгі қоғамның дүниетанымының дамуымен байланысты екені белгілі. Павлодар Ертіс өңірінде ежелгі тайпалардың киелі көріністерінің жарқын дәлелі жартастағы суреттер мен петроглифтер болып табылады. Олардың ішіндегі ең танымалдары Баянауыл, Май және Екібастұз аудандарында орналасқан.

Өленті өзені, Ақбідайық шатқалы мен Кемертүз көлінің жанында тас гравюраларында адамдардың, бұқа, бұғы, жылқы және басқа жануарлардың бейнелерін көруге болады. «Драверт гроты» суреттерінде

дін пайда болғанға дейін архаикалық қоғамдарға тән шаманистік көріністерді бейнелейтін, аңқыған антропоморфты бейнелер сақталған.

Жақында ашылған облыс нысандарының арасында, Ертіс алқабында «Қабал-Гасун – Қалбасын мұнарасы» атты ғылыми әдебиетте белгілі, дала билеушілерінің үңгірі болып табылатын дала мұсылман сәулет өнерінің бірегей ескерткіші бар. Павлодар археологтары «Қалбасын мұнарасынан» басқа, Әуликөл көлінің жағасында Екібастұз қаласынан солтүстік-батысқа қарай 60 шақырым қашықтықта Сарыарқаның ортағасырлық көшпенділерінің ірі сакралды орталығы табылды. «Margulan Centre» ғалымдарының пікірінше, көп жылдық қазба жұмыстары барысында мұнда XIV–XV ғасырларға жататын қорым зерттелді. Археологтардың айтуынша, ол Алтын Орданың гүлдену кезеңінде салынған және Қазақ хандығының құрылу уақытына дейін жұмыс істеген. Өз құрылымы жағынан күрделі кесенелер немесе қасиетті, діни қызметі бар құмбездер орта ғасырларда өмір сүрген көшпенділер үшін ислам ерекше маңызға ие болғанын айтады. Сонымен қатар, дін осы аймақтағы білім берудің қозғаушы күші болды, өйткені даладағы қасиетті мәтіндердің арқасында өлке географиясы туралы жазба мен білім белсенді түрде таралды, – деп санайды «Margulan Centre» ғалымдары.

Облыс аумағында тағы бір орын ерекше маңызға ие. Ол Абылай ханның есімімен байланысты. Оған бірқатар киелі нысандар жатады. Мұндай орындардың бірі өте символдық және маңызды тарихи мәні бар. Баянауылдың жанында Сабындыкөл көлінің жағасында ұлы билеушінің есімі берілген және ол «Әбілайтас» деп аталады. 1734 жылы Абылай ақ киімге көтеріліп, Орта жүздің сұлтаны деп жарияланды. Сондықтан орын Абылайдың жартасы деп аталды.

Аймақ үшін тағы бір маңызды орын – Сұлтанбет сұлтанның мекені. Көрнекті саяси қайраткердің резиденциясы 2017 жылы қайта құрылды. Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің басшылығы тарихи нысанның жаңа келбетін қайта құрудың бастамашылары болды. Университет қызметкерлері Сұлтанбет сұлтанның ұрпақтарымен бірге мұрағаттық мәліметтер мен сызбаларға сүйене отырып, үй-жайды қалпына келтірді. Үй-жай Павлодардың тарихи бөлігінде орналасқан және туристерге және өңірдің тарихына қызығушылық танытатын барлық адамдарға ашық.

Сұлтанбет сұлтан – белгілі қазақ қоғам қайраткері, билеуші XVIII ғасырда. Ол Абылай ханның немере ағасы және оның сенімді серіктерінің бірі болды. Көп жылдар бойы оның иелігіне Орта жүз ұлысының аумағы кірді, оның негізгі бөлігі Павлодар облысының әкімшілік шекарасында орналасқан. Сұлтанбет болған маңызды саяси роль атқарды қазақ мемлекеттілігінің нығаюындағы шығыс және солтүстік-шығыс аудандарында өтті.

Баянауылдың көркем жерлерінде табиғи, яғни қолдан жасалған ескерткіштерге жататын облыстың ең танымал киелі нысаны бар. Қоңыр әулие үңгірі немесе оны Әулиетас деп те атайды. Жазғы уақытта мұнда қажылар мен қарапайым туристерді кездестіруге болады. Үңгірдің құрылысы өте қызықты, оның ішінде отыз метрге жуық ұзын зал бар. Одан әрі ол тарылып, дәлізге айналады. Егер осы дәлізнен жоғары көтерілсе, онда үңгірдің жарығымен ағатын су қазылатын тереңдікті көруге болады. Одан әрі Қоңыр әулие үңгіріне жүз метрден астам ұзын саты апарды.

Үңгірдің айналасында инфрақұрылым жақсы дамыған, туристер мен қажыларға ыңғайлы болу үшін ақпараттық қалқандар мен жол көрсеткіштері орнатылған. Үңгірге іргелес аумақ абаттандырылған.

Павлодар облысының киелі нысандары өте жақсы сақталған. Сонымен қатар, мұнда діни ескерткіштерді қалпына келтіру және қалпына келтіру, киелі нысандарға іргелес жатқан аумақтарды абаттандыру бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде. «Мысалы, 2018 жылдың басында облыстың киелі нысандарын қоршау жұмыстары басталды. Осы уақыт ішінде біздің аймақтың келесі киелі нысандарында қоршаулар орнатылды: Ақбідайық жартастағы суреттері – Екібастұз қалалық әкімшілігі, Кемертұз – Май ауданы жартастағы суреттері, Сабындыкөл – Баянауыл ауданы бейіті. Сонымен қатар, Ақтоғай ауданындағы Естай Беркімбаев кесенесін абаттандыру жұмыстары жүргізілді, Баянауыл ауданындағы Мұса Шорманов кесенесі, Май ауданындағы Ақбалық Хазірет кесенесі және Шарбақты ауданындағы Темірғали Нұрекенов кесенесі салынды. Жоғарыда көрсетілген жұмыстардан бөлек, оннан астам нысанға ақпараттық қалқандар орнатылды», – дейді Еңлік Әбеуова.

Ашық аспан астындағы мұражайлар туралы

Өңірге барынша көп туристерді тарту үшін Баянауыл аумағында тұтас туристік кластер құрылады. Бұл жұмыс: «тас қабірінің алқабы» және «сақ қорғандары Торайғыр» сияқты киелі нысандарда ашық аспан бойынша археологиялық мұражайлар құруды қамтиды. Сондай-ақ, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің ғалымдары мен студенттері жыл сайын қола дәуірінің және ерте темір дәуірінің ескерткіштеріне археологиялық қазба жұмыстарын жүргізеді. Зерттеушілер әсіресе ежелгі металлургтер мен малшылардың мәдениеті мен тұрмысын қызықтырады. Сонымен қатар, олардың көмегімен ғылыми айналымға туған өлкенің тарихы бойынша жаңа материалдар енгізіледі.

Корытындылай келе, жалпы білім беретін мектептерде «Өлкетану» пәнін жүргізудің жолдарын қарастыра отырып оқушыларды үлкендерді сыйлауға, туған жерін сүйуге, табиғатты аялауға, туған жердің гүлденуіне үлес қосу талпынысын тәрбиелеу мәселелерін шешуге болатынына көз жеткіздік. Елді мекендердің ерекшеліктерін ескере отырып, жеткіншектерге білім беру мен тәрбиелеуде өлкенің бай әлеуетін пайдалану қазіргі

кезде білім беруді дамытудың маңызды бөлігі болып табылады. Мектепте «Өлкетану» пәнін оқыту мұғалімнен шығармашылықты, көп ізденісті талап етеді. Бұл әдістемелік құрал мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту негізінде олардың танымдық қызығушылығын арттыруға, отансүйгіштікке тәрбиелеуге мүмкіндік беретін көмекші құрал болуы тиіс.

Әдебиеттер

1. Кузнецова З.Б. Павлодарская область (экономико-географическая характеристика). – Алма-Ата: Издательство Академии наук Казахской ССР, 1958.
2. Чуб М.И. География Павлодарской области, экспериментальный учебник. – 1996 – 105 с.
3. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Орта мектепте «Өлкетану» курсының оқытудың әдістемелік негіздері. Әдістемелік құрал. – Астана, 2013.
4. Айтжанова Г.Қ. өлкетану жұмысын ұйымдастыру жолдары // География, биология, экология орта мектепте. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. – 2013. – № 6.
5. Бахтыбекова Ш., Байсеркеева Л. Жергілікті жерде өлкетану зерттеулерін ұйымдастыру жолдары // География және табиғат. – 2014. – №2.

Қ. Ералиева

*Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Ә.Қ. Елемесов*


АҚМЕШІТ ҮҢГІРІ – ТУРИЗМДІ ДАМУДЫҢ ОРТАЛЫҒЫ РЕТІНДЕ

Үңгірлерді зерттеу кімге болмасын қызықты, әрі тартымды тақырыптардың бірі. Атаулы саланы зерттеу ісімен спелеология ғылымы айналысады. Үңгірлердегі өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, түрлі таңба-суреттер, үңгірлерге қатысты түрлі аңыздар ғалымдардың, тарихшы этнографтардың зерттеп жүрген негізгі нысаны.

Елімізде қазір 140-тан астам үңгірлер бар екені белгілі. Солардың көпшілігі Қаратау жотасында (80 жуық), Талас Алатауы мен Өгем жотасында – 20, Үстірт пен Маңғыстауда – 11, Каспий ойпаты мен Солтүстік Аралда – 4, Сарыарқада – 12, Алтай, Қалба, Тарбағатайда – 5, Жетісу (Жоңғар) Алатауында – 2, Іле Алатауында – 6 үңгір бар. Олардың ішінде Октябрь үңгірі (Шымбұлақ шаңғы базасына жақын жерде, үңгір ұзындығы 1390 метр), Семей жеріндегі Қоңыр әулие үңгірі, Ащысай үңгірі, Баянауыл үңгірі, Маңғыстау үңгірлері, Кенесары үңгірі, Үстірт үңгірлері елімізде танымал болып келеді. Атаулы үңгірлер туристік маңызы бар орындарға жатады [1].

Осындай маңызды үңгірлердің бірі Ақмешіт әулие үңгірі (Сурет 1). Түркістан облысы, Байдібек ауданының, Кеңестөбе ауылынан 5 км.

қашықтықтағы жер асты үңгірі. Ғалымдардың дерегінше үңгірдің іші өте ежелде пайда болған ақ тастардан құралады. Ішкі көрінісі табиғи сурет іспетті.



Сурет – 1. Ақмешіт үңгірінің саңылауы

Ішінен қараған адамға ернеуі киіз үйдің құрылысы сияқты көрінеді. Күн сәулесі түскен жерлерге тұт, қарағаш өсіп шыққан. Ақмешіт үңгірі туралы ел арасында айтылатын аңыз-әңгімелер өте көп. Ақмешіт 250 метр биіктікте таудың сілемінде орналасқан. Үңгірдің іші 1 гектардан астам алқапты алып жатыр. Төбесінің биіктігі 38 м, ұзындығы 120 м. астам, ені 65 метрді құрайды (Сурет 2). Көктем жаз айларында ішкі көрінісі күн сәулесімен өзгеріп, төбесінен су тамшылап тұрады. Үңгірдің іші күмбез іспеттес. Іші қоңыр салқын. Далада +35, +40 градус ыстық болса да, іште +18–20 градустан бір өзгермейді екен.

1997 жылдан бері осы үңгірдің шырақшысы атанған Асқар Рүстембекұлының айтуына қарағанда соғыстан кейінгі жылдары әкесі есегіне мінгестіріп, осы үңгірге жиі ертіп келетін болған. Ол адам өз әңгімесін былай деп өрбітеді: «Мынау 10-15 метр боп үйіліп жатқан үкінің саңғырығы. Жүздеген жылда жиналған. Осы үңгірде үкі мекен ететін. Кейін жөндеу жұмыстары кезінде ұшып кетіп қайта оралмады.

Үңгір бұдан да үлкен еді, 1966 жылы Ташкентте болған қатты жер сілкінісінің әсерінен үңгірдің бір бөлігі опырылып, 120 метрге қысқарып, шөгіп кетті» – деп сөзін аяқтайды ақсақал [2].

Ақмешіттің тарихына көз жүгіртер болсақ, жаугершілік қиынқыстау заманда Есіркеп Қойкелді батыр қалмаққа қарсы қол жинап, ұрысқа дайындалады. Он мың әскерімен аттанар тұста селдетіп нөсер құяды. Жаңбыр астында таңғы намазды оқи алмайды. Сосын үңгірге түсіп, бәрі қатарласа тұрып, намазға жығылады. Үңгірдің кереметтілігіне

таң-тамаша болысады. Сарбаздың бірі бұл үңгірді Есіркеп немесе Қойкелді деп атайық деп ұсыныс білдіреді. Батыр бұл ұсынысқа қарсы болып, «бұл үңгір қасиетті, он мыңнан астам бізге таңғы намазымызды оқуға мүмкіндік берді. Сәждеге бірдей бас қоя алдық. Аппақ тастары да ғажап әсер сыйлайды екен. Бұл жерді Ақмешіт деп атайық деп, Ақмешіт болсын» дейді. Міне, содан бері, бұл үңгір Ақмешіт аталып кетіпті.



Сурет – 2. Ақмешіт үңгірінің ішкі көрінісі

Ғалымдардың зерттеуі бойынша үңгір ауасының денсаулыққа пайдасы бар екені, үңгір ішінде 15–20 минут жүрген қан қысымы жоғары адамның қысымы қалыпқа келетінін айтып отыр. Мамандардың мәлімдеуінше, мұнда адам ағзасына ем: қуатты, толқынды ауа ағымдары шоғырланған. АҚШ-тың ғарышты зерттеу орталығының («НАСА») мәліметінше, күмбез шаңырақты ғимараттарда шоғырланған ғарыштық энергия ауаның құрамындағы ионды бөлшектерді өзгертіп, ауадағы келеңсіз бактерияларды жойып, тазартады екен. Ғылыми түрде сараптама жүргізілген. Ондай ғимаратта болған адам жеңілдеп, биологиялық ағзасы (аурасы) тазаратын көрінеді [3].

Осындай табиғаты керемет, тылсым күшке ие жерді туризм орталығына айналдыру үшін бар күшімізді салып, келуші туристтерге қонақ үй, шипажай, автотұрақ және әр түрлі қажеттілікті қамтамасыз ететін орындарды салсақ келуші туристтердің саны мыңдаған есеге көбейе түсетіні анық. Бұған дәлел ретінде белгілі ғалым, ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты Мұсатіллә Тоқановтың игі бастамасын алсақ болады. Ол бұл туралы «Шымкент келбеті» газетіне арнайы берген сұхбатында былай деген болатын: «– Бірде геомагнитті толқындардың бар-жоғын тексеріп көру үшін, серіктеріммен бірге үңгірге түстім. Оның іші тап-таза. Жанымдағылардың қан қысымын алдын ала тексеріп алғанмын. Жарты сағаттай серуендеп, сыртқа

шыққанымызда 160 болып тұрған қан қысымы 130-ға бір-ақ түсті. 20–30 деңгейге төмен түсетінін анықтадым. Қазақтың киіз үйі де күмбезді шаңырақты. Ақордамыз да сондай. Мұндай пішіндегі нысанның ішінде ауа иондары өзгертіндіктен, қауіпті бактерия, вирустар болмайды. Керісінше, адам ағзасына жайлы әсер етіп, келеңсіз энергияны өзіне тартып алады. Сіз күмбезді шаңырақты ғимараттың ішіне көңіл күйіңіз төмен болып кірсеңіз, мамыражай күйге еніп, ашу-ызаның қайда қалғанын ұмытасыз. Мәселен, тіл-көз, дуа тиген адамның ұнжырғасы түсіп, мазасызданып жүреді. «Ақмешітке» кіргендердің бәрінің биоөрісі қалыпты жағдайға түсіп, иммундық күш-қуаты көтеріледі. Өзім биофизик ғалым ретінде, бес-алты адамның биоөрісін реттей аламын. Ал ары қарай шамам келмейді, өйткені оған көп энергия жұмсалады. Ал «Ақмешітке» мыңдаған адам түссе, бәрі де ауруынан айығып, қуаттанып шығады. Яғни, бұл мекен болашақта денсаулықтың «фабрикасына» айналуы мүмкін. Біз қолда барды пайдалануымыз керек қой. Сол жерде шипажай ашылуы керек деген ұсынысымды айтқанмын [4].

Үңгірдің аймағында демалыс-сауықтыру шипажай орынын салсақ... Кәдімгі «Манкент», «Сайрам», «Сарыағаш» сияқты. Шипажайды қымыз бен шұбатпен қамтамасыз етсе. Сол жерде адамдар ем алатын болса, одан кейін «Ақмешітке» күніне 2 сағат кіріп-шықса, нағыз иммунды күш-қуатты арттыратын бірден-бір орын болмай ма?! Сол себепті бұл үңгір келешекте дүниежүзілік экотуризм аймағына айналарына сенім мол» – деген болатын.

Шынында да табиғаттың кереметін тамашалау үшін туристер әлемнің әр түкпірінен келеді. Соның бірі Түркиядан келген Айша Орхан есімді түрік азаматшасы Ақмешітті көру үшін Анкарадан арнайы келген. Оның айтуынша: «-Қазақстан біздің ата жұртымыз. Осында келу арманым болатын. Ақмешіт туралы теледидардан есітіп қалдым. Міне, енді келіп, өз көзіммен көріп жатырмын. Керемет әсер алдым, Алланың құдіретінің шексіз екеніне тағы бір рет көз жеткіздім. Түркияда да осындай жерлер бар, бірақ олар адамның қолымен, ал бұл үңгір Алланың құдіретімен жасалған. Елге барған соң таныстарымның бәріне Ақмешіт үңгіріне барыңдар деп айтамын» -дейді ол. Яғни бұл дегеніміз туристердің бұл өлкеге деген қызығушылығы өте зор және келушілердің бұдан да көп болатынын байқаймыз. Мамандардың айтуынша ТМД, Еуропа мен Азия елдерінен келетін туристердің қызығушылы жоғары дейді.

Деректерге сүйенсек 2019 жылдағы 9 айдың көлемінде ең кем дәреже дегенде 60–70 мың адам жәй ғана келіп кетеді екен, ал қазір келушілер күннен күнге көбейіп жатыр. Аудан әкімшілігі және облыстық туризм осы Ақмешіт үңгірі айналасында арнайы қонақжай салу, биотуалеттер және адамдардың демалыс орнын, ұлттық тағамдарды қымыз-қымран сынды ұлттық өнімдерді пайдалану арқылы Ақмешітке жағдай жасалу үстінде. Қазір туристердің көбісі ішкі туризм яғни,

Қырғызстан, Өзбекстан, Ресейден көптеп келеді, соның ішінде Ресейдің Орынбор, Томск, Астрахан қалаларынан және Татарстан, Башқұртстан елдерінен көптеп келеді. Ал Еуропадан келетін қонақтар бұндай ғажайып жердің бар екенін біле бермейді. Сондықтан да осындай таңғажайып туристік мүмкіндігі бар жерді дамытып, адамдардың денсаулығына пайдалы энергияны негізге ала отырып туристтердің келуін арттырып, әлемдегі ең танымал уникалды үңгір болады деген сенімдеміз!

Әдебиеттер

1. <https://www.uniface.kz/interfacts/index.php?post=article&id=206>.
2. <https://informburo.kz/kaz/amesht-gr-zhaymsyz-energetikadan-aryltady.html>.
3. <http://ult.kz/post/akmeshit-kazak-ekoturizminin-ortalygy>
4. <https://kz.otygar.kz/2012/10/akmeshitke-barduң-ba-үңгір-zholmen-zhyrdiң-be/>
5. Отырар. Энциклопедия. – Алматы: Арыс, 2005. – ISBN 9965-17-272-2.

А.А. Кошля

студент Павлодарского государственного педагогического университета, г. Павлодар

Научный руководитель: старший преподаватель Л.Б. Суворова

БИОИНДИКАЦИЯ КАК МЕТОД ПРОГНОЗИРОВАНИЯ ИЗМЕНЕНИЯ КЛИМАТА

В последние годы климат на Земле заметно меняется: одни страны страдают от аномальной жары, другие от слишком суровых и снежных зим, непривычных для этих мест.

Ученые говорят о глобальном изменении климата, включающем увеличение средней годовой температуры, вызывающей таяние ледников, и повышение уровня Мирового океана. Помимо потепления, происходит также разбалансировка всех природных систем, которая приводит к изменению режима выпадения осадков, температурным аномалиям и увеличению частоты экстремальных явлений, таких как ураганы, наводнения и засухи.

По данным ученых, за последние десять лет средняя температура планеты оказалась на 1,02⁰С выше той, которую фиксировали в XIX веке (когда началось наблюдение за изменениями глобальной температуры). Порог в один градус был превышен впервые в современной истории. Климатологи сходятся во мнении, что именно деятельность человека – сжигание нефти, газа и угля – приводит к парниковому эффекту, который вызывает повышение средней температуры. Всё это естественно не могло не отразиться на границах климатических поясов. По мнению ученых, в ближайшем будущем климатические пояса Земли сдвинутся, изменения погоды станут более резкими (сильные морозы, сменяющиеся

внезапными оттепелями зимой, рост числа аномально жарких дней летом). Увеличится частота и сила аномальных явлений, таких как засухи и наводнения.

Связь между изменением климата и возникновением стихийных бедствий доказали американские ученые, которые обнаружили следы потепления при изучении тропических циклонов в Тихом океане, необычно высоких летних температур в Европе, Китае, Южной Корее и Аргентине, а также лесных пожаров в американском штате Калифорния. Климатические изменения послужили также катализатором засухи в Африке и на Ближнем Востоке, снежных бурь в Непале и проливных ливней, вызвавших наводнения в Канаде и Новой Зеландии.

Для Павлодарского региона характерен резко-континентальный, климат с холодной продолжительной зимой (5,5 месяцев), жарким и коротким летом (3 месяца). Среднегодовые температуры в пределах области составляют на севере 0°C , в средней части $1,8^{\circ}\text{C}$, а на юге $-2,6^{\circ}\text{C}$. Среднемесячная температура самого теплого месяца – июля колеблется от 19°C до $21,3^{\circ}\text{C}$. Не редкость, когда в летние месяцы жара достигает 40°C и выше. Средняя температура самого холодного месяца-января изменяется на территории области от -17°C до $-18,1^{\circ}\text{C}$. Годовая сумма осадков в пределах области составляет 200–300 мм.

